Хирургиялық аурулар. Жыныстық қанаттардағы көк тамырдың варикоздық кеңеюі (варикоцеле) еркектерде 16-30 жаста кездеседі, негізінде, сол жағында, жұмыртқа безінің көк тамыры бүйрекке тік бұрыштап түседі (ол оң жағында төменгі жыныстық көк тамырға түседі). Белгілері, жүру барысы. Дене шынықтыру

жүктемесі кезінде және ұзақ қозғалмай тұрғанда күшейетін жыныстық қанаттар барысында ауырлықты сезіну, жұмыртқаның, ұманың ауруы. Ауру барысы біртіндеп күшейе береді. Аурудың сатылары: 1-саты субъективті ауырсыну болмайды, көк тамырлардың кеңеюі жыныстық қанаттар шегінде ғана байқалады; 2-саты – көк тамырлар жұмыртқаның төменгі полюсіне дейін кеңейген, жұмыртқа маңында ауырсыну және ауру, жыныстық канал жуандаған; 3-саты – жұмыртқадан төмен ұманың түп жағындағы солып қалуы мүмкін көк тамырлар кеңейген; жұмыртқаның, аралықтың, сегізкөз маңындағы белдің ауруы. Жедел емдеу. Күш салатын және салмақ салатын жаттығулар жасауға болмайды.

Жарық (грыжа) – жалпы дене жамылғысының немесе көршілес қуыстың астына ішкі органдардың анатомиялық қуыстың сыртынан шығып кетуі. Сыртқы жарықтар: шаптағы, жамбастағы, кіндіктегі, эпигастралды, отадан кейінгі болып бөлінеді. Құрсақ қуысындағы қысымның әсерінен ішіндегісі ішек-қарын тұратын қуыс органдары болып табылатын көк етті томпайту пайда болады. Белгілері, жүру барысы: қарынның кампаюы, дене шынықтыру жүктемесінде немесе дене тік тұрғанда жарық маңының ауруы. Асқынбаған жарықта (анық көрінетін) көлденең жағдайда құрсақ қуысына еркін салынады. Қолмен басып көргенде қарынның ақауы, жөтелге түрткі болатын белгілер байқалады. Жарықты емдеу жедел түрде жүргізіледі. Жаттығулар жасау кезінде қарынның ішкі қысымының артуынан және ота жасалған жердің терісін созудан қашу қажет. Күш түсіретін және салмақ салатын жаттығуларды жасауға болмайды.

Қысқасы, денсаулығы әлсіз оқушылармен жұмыс жасауда әр студенттің ауру түрлерін, денсаулық жағдайын негізге ала отырып жүйелі жұмыс жасаған дұрыс. Бұл дені сау, жұмысқа қабілетті жастарды дайындауда кезек күттірмейтін мәселелердің бірі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Матвеев Л.П. Теория и методика физической культуры. – М.: «ФиС», 1991. - 336 с.

2. Уанбаев Е.К., Уанбаева Ф.Ж. Дене мәдениеті мен спорттың теориясы мен әдістемесі. - Өскемен: ШҚМУ, 2009. - 272 б.
3. Мананков Н.Е., Колкутин А.М. Физическое воспитание студентов. – Усть-Каменогорск: ВКГУ, 2001. -131 с.
4. Теория и методика физического воспитания. / Под ред. Б.А. Ашмарина. - М.: «ФиС», 1990. - 234 с.

УДК 796.06

СЫНЫПТАН ТЫС ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ

Толеуханов К.Т.

Дене тәрбиесі – қоғамдағы жалпы мәдениеттің бөлігі, адамның дене қабілеттерін дамыту мен денсаулығын нығайтуға бағытталған әлеуметтік қызметтің бір саласы. Жастардың жан - жақты дамуын дене тәрбиесін сіз елестету мүмкін емес. Денесі жақсы дамыған деп күн режиміне спортпен жүйелі айналысуды енгізген, ағзаның шынығуы үшін табиғи факторларды тұрақты пайдаланатын, жұмысты белсенді демалыспен кезектестіріп отыратын жас адамды айтамыз.

Біздің елімізде кәсіподақтардың бірінші ерікті дене шынықтыру - спорт қоғамдары құрылған. Оның негізгі міндеттерінің бірі балалар мен жеткіншектердің арасында дене шынықтыру – сауықтыру және спорт жұмыстарын ұйымдастыру болып табылады, өйткені дене тәрбиесінің негізі балалық және жеткіншектік жаста қаланады. Тек қана осы кезеңде дене жаттығуларымен айналысу қажеттілігі қалыптасады, дағдылар мен іскерліктер жинақталады, спортқа қызығушылық қалыптасады.

Гимнастика - дене тәрбиесі жүйесінің негізі. Дене тәрбиесі жүйесінде қандай жаттығу болсын, барлығы гимнастикалық жаттығулардың негізін құрайды. Айталық, жалпы дамыту жаттығулары - спорттың барлық түрінде, ең әуелі денені қыздыру үшін, арнаулы жаттығуды орындау үшін дайындықтан басталады. Мысалы, таңертеңгілік бой жазу жаттығуларының жиынтығы - гимнастикалық жалпы дамыту жаттығулар жиынтығынан тұрады. Міне, сондықтан да гимнастикалық жаттығулар бүкіл спорттың негізін қалайды. Гимнастика адамның дұрыс қозғалысының, күшқуатының, сымбаттылығының, т.б. адам бойындағы барлық қабілет қасиетінің дұ-

рыс қалыптасуының негізгі көзі, денсаулығының дұрыс қалыптасуы. Жалпы адамның адами болмысын қалыптастырады. Гимнастикамен шұғылдану деген сөз - адамның өзін-өзі тіршілікке қалыптасуға дайындауы болып табылады.

Гимнастикамен шұғылдану, негізінен екі бағытта жүреді. Біріншісі – гимнастиканың негізін қалайтын жалпы дамыту жаттығулары. Сондықтан, негізгі гимнастика деп аталады. Негізгі гимнастика барлық жаттығулардың негізгі жиынтығы болып табылады. Гигиеналық гимнастика – денсаулықты қалыптастыратын, таңертеңгілік бой жазу жаттығуларының жиынтығы, сондай-ақ өндірістік гимнастика және арнаулы емдеу гимнастикасы.

Біржақты гимнастика - негізгі мақсаты әр адамның дене жағынан дамуына байланысты және жалпы денсаулығына байланысты шұғылданады. Жалпы дамыту жаттығуларының маң сатты түрде белгілі бір уақыт аралығында үздіксіз орындалуы.

Атлетикалық гимнастика - жалпы дамыту жаттығуларының арнаулы мақсатты түрде дене құрылысын жетілдіру үшін қолданылады. Бірақ бұл жаттығулар арнаулы гимнастикалық жабдықтармен орындалады. Айталық батпан, қос шоқпарлы батпандармен орындалатын жаттығулар болса, сондай-ақ, тренажерлық аспап - құралдарда орындалады. Атлетикалық гимнастика негізінен - жалпы дамыту мақсатында спорт ретінде де қарастырылады.

Екіншісі - спорттың гимнастика. Спорттың гимнастика бірнеше жекелеген спорт жаттығуларынан тұрады. Бұл жаттығулар жекелеген спорт түрі болып есептеледі. Ерлердің жабдықтары - керме, шығыршық, қос сырық, кіші және үлкен ағаш

ат және еркін жаттығу. Әйелдердің жабдықтары - бөрене, үлкен ағаш ат, әр түрлі биіктегі қос сырық және еркін жаттығу.

Спорттың акробатика - жұптасып және топтасып орындалатын акробатикалық жаттығулар. Гимнастиканың бір түрі ретінде қаралатын аса күрделі жаттығу.

Көркем гимнастикамен әйелдер шұғылданады. Жалпы көркем гимнастикасының орындалуы би қозғалысына негізделген, қолда әр түрлі құрал-жабдықтарды ұстап жүріп немесе лақтыра отырып, сол құралдың қозғалысымен бірге билеп жүріп орындалады.

Ең әуелі гимнастика сабағы басталмас бұрын, сабақтың қауіпсіздік ережесін үйрену керек. Мұғалімнің тұжырымдамасымен орындалады. Гимнастикамен арнаулы шұғылданушы өзі сақтана жүріп, спортпен шұғылданудың жалпы ережесін білуі керек. Содан кейін, әріптесін сақтандыра білуі керек. Мұны орындау әр спортшының міндеті.

Жеңіл атлетика - бүгінгі таңда тек біздің елде ғана емес, дүние жүзінде кең таралған спорт түрі. Жеңіл атлетиканың негізгі жаттығулары - тегіс жерде жүгіру, бедерлі жерде жүгіру, жүру, кедергілермен жүгіру, ұзындыққа және биіктікке секіру, лақтыру, жеңіл атлетикалық көпсайыс.

Жүгіру - қысқа, орташа және ұзақ қашықтық болып үшке бөлінеді. Қысқа қашықтыққа - 100, 200, 400 м және 110 м кедергілі қашықтық жатады. Орташа қашықтыққа 800, 1000, 1500, 2000, 3000 м жүгіру және 3000 м кедергілі қашықтыққа жүгіру жатады. Ұзақ қашықтыққа - 5000, 10000, 20000, 42 шақырым 192 м марафондық қашықтық және 50 шақырым кросс (дала жарысы) жатады.

Жүру - 20 шақырым спорттық жүріс. Лақтыру - диск, найза, граната, балға, доп және ядро. Секіру - орында тұрып және жүгіріп келіп ұзындыққа секіру, биіктікке және сырықпен секіру, үш аттап секіру.

Жеңіл атлетикалық көпсайыс - көпсайыс құрамына жеңіл атлетиканың жаттығуынан 10 жаттығуға дейін кіреді. Олар - жүгіру, секіру, лақтыру және кедергілерден өту.

Сөре және мәре. Жарыс барысында сөреден шығу үшін жүгіруші төменгі және биік сөре жағдайында тұрады. Қысқа қа-

шықтыққа жүгіргенде төменгі сөре жағдайында тұрады. Орта және ұзын қашықтыққа жүгіргенде биік сөре жағдайында тұрады. Төменгі және биік сөреде жүгіріп шығу әдіс-тәсілін студенттер мектеп бағдарламасынан оқып кеткендіктен, оған қайтадан оралмадық.

Жеңіл атлетиканың негізгі жаттығуы - жүгіру. Ол жеңіл атлетиканың барлық жаттығуларында қолданады. Сондықтан, кім болсын, жеңіл атлетикамен шұғылданғанда, ең алдымен жүгірудің айла-тәсілін меңгеруі керек.

Жүру. Адам баласының табиғи жүруі бар. Екінші - жүрудің спорттық түрі бар. Әрине, екеуінің айырмашылығы жер мен көктей. Спорттық жүрістің негізгі ережесі, әрбір аттаған сайын, яғни, алдыға аттаған аяқтың өкшесі жерге тимейінше итерілетін аяқты жерден көтеруге болмайды. Демек, адамның екі аяғы да жерге тимейтіндей көтеріліп кететін фазасы болмауы керек. Бұл жағдайға кез келген спортшы қалыптасып үйрене бермейді. Табиғи жүрісте көтеріліп кететін фазасы болады. Яғни, жүгірудің алғы шарты орындалады. Спорттың жүріспен жарысқа қатысқан спортшы жүгіріп кетпес үшін көтеріліп кететін фазасын төрешілер мұқият қадағалайды.

Әдетте, жүгірудің әдісін білетін спортшылар төменгі сөреден шығудың әдісін жақсы меңгерген болса, жылдамдықтан көп ұтады. Бұл деген жүгіріс әдісін меңгерді деген сөз. Ал жоғарғы сөре жүгіріс әдіс-тәсілін меңгеруге айтарлықтай әсер ете қоймайды. Бірақ орта және ұзақ қашықтыққа жүгіргенде аяқты көтеріп алып, алға соза басудың өзіндік ерекшелігі бар. Мәселен, біреу қысқа адымдайды, енді біреу жүгіргенде адымын ашады. Жүгірушінің жылдамдығы, міне, негізінен осы жағдайдың орындалуына байланысты. Осыған орай мынандай жаттығуларды орындауға болады:

белгілі бір қашықтықты (400, 800, 1000 м) бір темппен жүгіріп өту (бірнеше рет қайталау);

20-30 м қашықтықты өте жоғары жылдамдықпен жүгіріп өту. 6-8 рет қайталау;

соқпақ жолды бір темппен жүгіріп өту (1000, 2000, 3000 м);

белгілі бір қашықтықты тізені көте-

ріп жүгіріп өту;

аяқтың өкшесімен ғана жүгіру;

аяқтың ұшымен жүгіру;

жүреден отырып жүгіру;

сыңар аяқтап секіріп, жүгіру;

қысқа қашықтыққа төменгі сөреден шығып, жоғары жылдамдықпен жүгіру (20, 30, 40 м);

қолды жерге тірмей төменгі сөреден жүгіріп шығу;

белгілі бір қашықтықты аяқты артқа сілтеп жүгіру;

белгілі бір қашықтықты арқамен алдыға қарап жүгіріп өту;

30-40 м қашықтықты екі аяқтап секіріп жүгіру;

30-40 м қашықтықты орында тұрып секіріп өту;

30-40 м қашықтықты жүреден отырып жүріп өту.

Биіктікке секіру

Биіктіктен секіру үшін спортшы ең әуелі сілтейтін және итерілетін аяқты анықтап алады. Шамамен 7-9 м жүгіретін жерін белгілейді. Әдетте, биіктікке секіретін спортшы кермеден секіруге жүрген кезде аса жоғары жылдамдықпен бастағанымен, кермеге жақындаған кезде жылдамдық төмендейді. Себебі, спортшы секіруге дайындалады.

Бүгінде биіктікке секірудің бүкіл әлемге тараған үш түрлі жаттығуы бар. Біріншісі - «аттап» секіру, екіншісі - алдыға қарай «аунап» секіру, үшіншісі - «шалқадан жатып өту». Қазір әлем бойынша ең жоғарғы көрсеткішті - «шалқадан жатып өту» әдісімен орындап отыр. Оқу процесінде қолданылатын секірудің ең қарапайым түрі «аттап» секіру. Сабақта биіктікке секіруді осы «аттап» секіруден бастайды. Секірудің негізгі айла-тәсілін үйрену үшін ең әуелі дұрыс жүгіріп келгенде сілтейтін аяқ дәл шығу керек. Сілтейтін аяқты кермеге қарай созғанда тізе бүгілмеуі керек. Екіншіден, итерілетін аяқ нақтылы өз орнына түсуі керек. Яғни, негізгі мақсат - итерілетін аяқтың қозғалысы дұрыс орындалуы керек. Сонда ғана жаттығудың орындалуы нәтижелі болады. Жаттығуды орындаушы жерге сілтеген аяғымен түседі. Кермеден сілтеген аяқ, өткеннен кейін итерілетін аяқ мүмкіндік болғанша жоғары кө-

теріледі.

Дала жарысы

Қазақстан ауа райының жағдайына байланысты екі өңірден тұрады. Қысы жоқ жылы өңірі де, жылға жуық қары жататын солтүстік өңірі. Қысы жоқ, жылы өңірде шаңғы тебудің орнына дала жарысы өткізіледі. Дала жарысы барлық оқу орындарының дене тәрбиесі пәнінің бағдарламасына кіреді.

Дала жарысы - кедергілері көп, яғни, ойлы-қырлы жерлерде өткізіледі. Жаттығушылар, болмаса жарысқа қатысушылар, ағып жатқан бұлақ суынан өтеді, секіре алмаса, айналып өтудің жолын іздейді. Өрге шығады, еңіске құлдилаиды. Аспалы көпірден өтеді, терең ордан секіреді, т.б. осындай жер бедерінің кедергілері жалғаса береді.

Дала жарысының негізгі мақсаты – табиғи жағдайда кездесетін кедергілерден өту. Мәселен, өзен арнасынан қалай өтуге болады? Егер де секіріп өтуге болмаса, аттап өтуге келмесе, онда аяқ киімді шешіп өтуге болады. Екінші бір жағдайда, бір-ақ адам аяқ киімін шешіп басқаларды көтеріп өткізіп алуына болады.

Жарқабақ - өрден шыққанда, ең алдымен бір бала шығады. Оның шығуына төмендегі тұрғандар көмектеседі. Енді жоғары шыққан оқушы басқаларға қолын беріп көмектеседі.

Жарқабақтан төмен түсіп өту үшін секіріп түспей, жардан сырғанап түскен абзал. Бірақ алғашқы түскен адам басқалардың жарақат алмай, құлап қалмай дұрыс өтуін бақылайды.

Аспалы көпірден өткенде барлық оқушылар түгелдей көпірге шықпай бір-бірлеп қана өтуге болады. Ол үшін оқушылардың біреуі көпірден өтіп екінші жағына барып, көпірдің дұрыстығын білгеннен кейін ғана келесі оқушының өтуіне болады.

Жалғыз бөренелі көпірден өту. Әрине, көпірдің дұрыс екендігін білгеннен кейін ғана кезектесіп өте беруге болады.

Сазды, томарлы жерден өткенде тек бір ізбен ғана жүру керек. Алдыдағы жол бастаушы, мұндай жердің бедерін жақсы білуі қажет. Себебі, сазды - томарлы жер болғаннан кейін міндетті түрде бұл жер батпақты болып келеді. Сондықтан, негізгі

мақсат жүгіріп келе жатып томарға шалынбай, батпаққа түсіп кетпей, бастаушының талабын мұқият орындау керек. Қалың қопалы жерден өткенде де осы көрсетілген ереже орындалады. Тік беттен де саппен жүріп түсуге болады. Өйткені біреуі тайғанап кетсе екіншісі ұстап қалады. Сазды, шалшықты жерлерді айналып өту керек. Көлденең құлап жатқан үлкен бөренеден секіріп өтетін мүмкіншілік болмаса, онда бір аяқты үстіне қойып барып секіріп өтуге болады.

Жалпы дала жарысына жолға шықпас бұрын, мүмкіндік болғанша, дала жарысының жолымен жай жүріп, танысып алу керек. Содан кейін ғана трассаның қай кезеңінде жүгіріп өтуге, қай жерінде жай жүріп өтуге болатыны анық. Жаттығу кезінде, мүмкіндік болғанша жүгіру мен жүруді алмастырып отыру абзал.

Дала жарысы сабағын өткізгенде 3 шақырымнан 5,8 шақырымға дейін жүгіріп және жүріп өтуге болады. Дала жарысына киімді ауа райының ыңғайына қарай кию керек. Саппен жүргенде бірінен-бірінің ұзап, қалуына болмайды.

Дала жарысының қауіпсіздік ережесі

Дала жарысы сабағына қойылатын талаптар мұқият орындалады.

Артындағы топ жол бастаушының айтқанымен жүреді.

Қандай кедергілер болсын, топтағы оқушылар кезек күтіп орындайды, болмаса, біріне-бірі көмек көрсетеді.

Кедергілерден өткенде жаттығулардың орындалуына аса мұқият болу керек. Себебі, жаттығулардың дұрыс орындалмағанының салдарынан жарақаттанып қалмау керек.

Дала жарысы трассасының дұрыс-бұрыстығына жол бастаушы жауап береді.

Жол бойында жарақат алған әріптесіне көмек көрсету.

Жүзу

Жанды, жансыз денелердің тіршілік ететін негізгі факторлары - су, ауа күн сәулесі. Міне, сусыз тіршілік жоқ. Сондықтан суға түсу адам денсаулығын сақтаудың негізгі құралы болғандықтан, міндетті түрде дене тәрбиесі пәнінің бағдарламасына кіреді.

Дене тәрбиесі сабағында суға түсуді оқытудың негізгі мақсаты жас ұрпақты суда жүзуге үйрету. Жалпы Республикамызда суға шомылудың толық жағдайы жасалған жөн. Бірақ, суда жүзуді үйрену кімнің болса да міндеті болып табылады. Осыдан барып, суға жүзуді бұқаралық міндетке айналдыру, бүкіл халықтың дене шынықтыру - сауықтыру шараларының бағдарламасына енгізу қарастырылған. Сонда ғана, халықтың денсаулығын сақтаудағы нәтижелі іс болмақ.

Бүгінгі таңда оқу жүйесіне президенттік тесттің бағдарламасы да кіріп отыр. Әрине, президенттік тесттің нормативтер көрсеткіштерінен сынама тапсыру әркімнің міндеті болып табылады.

Білім беру жүйесінде суға жүзу жаттығулары өз алдына спорт түрі ретінде де қолданылады. Суға жүзудің оқыту жүйесі жабық су бассейндерінде және ашық су қоймаларында ұйымдастырылады. Әрине, ашық су қоймаларында оқу процесін ұйымдастыру жылдың жылы мезгіліне байланысты.

Суға жүзудің оқу процесін өткізу мен ұйымдастырудың өзіндік ерекшелігі бар. Бұл процесс, ең әуелі бассейнде және ашық су қоймаларында сабақ өткізудің ережесімен танысады. Мұғалімнің нұсқауын сыз және бақылауын сыз ешқандай жаттығуларды орындауға болмайды. Суға түспес бұрын, жүзуді үйренудің бастапқы дайындық жаттығулары құрлықта орындалады. Одан кейін, судың тереңдігі тізеден және белден аспайтын жерде орындалады. Сабақта суға жүзудің барлық ережелері мұқият орындалады.

Оқу процесінің бастапқы жаттығулары судың астында дем шығару және денені су бетінде қалай ұстау керек, ол үшін қол мен аяқтың қандай қозғалысы болу керек, т.б. осылайша жалғаса береді. Енді, суда алдыға қозғалу үшін қол-аяқпен қандай жаттығулар орындалады. Жалпы осы жаттығуларды орындаудың айла-тәсілін үйренуден бастайды. Жүзу жаттығуларының негізгі түрлерін оқыту процесі, шұғылданушылардың су бетінде денесін қалай ұстау керектігін әбден үйренгеннен кейін ғана жалғасады. Бұл оқыту жүйесі тек қана мұғалімнің басшылығымен, жүргізген нұсқауымен және бақылауымен өтеді.

Суда жүзу негізгі үш жаттығудан тұрады. Құлаштап жүзу, етпеттеп және шалқалап жатып орындалады. Екінші - брасс, тек етпетте жатып орындалады. Баттерфляй әдісімен де етпетте жатып жүзеді. Бүкіл әлемде суда жүзу жаттығуларының негізгі тараған түрі - етпеттеп жатып құлаштап жүзу. Кім болсын, жүзудің қандай жаттығуымен шұғылданса да, ең әуелі міндетті түрде құлаштап малтау әдісін үйренуі керек. Содан кейін ғана брасс, болмаса баттерфляй әдісімен малтуға ден қоюға болады.

Жалпы жүзуден жарыс бағдарламасына - етпетте жатып құлаштап жүзу, шалқадан жатып құлаштап жүзу, брасс және баттерфляй жаттығулары кіреді.

Қозғалмалы ойындар

Спорттың ойындардың бір түрі – баскетбол. Бүкіл әлемге тараған ойындардың бірі. Осы ойын түрінен бүгінде құрлық және әлем біріншілігі өткізіліп тұрады. Халықаралық федерациясы жұмыс істейді.

Баскетбол ойынының қозғалысы адам баласына аса пайдалы табиғи қозғалыс пен дене мүшелерінің қимылынан тұрады - жүгіру, жүру, секіру және лақтыру. Бұл ойынды он жасар баладан бастап қай жаста болсын, бәрі ойнай береді. Сондықтан да баскетбол дене тәрбиесі пәні жаттығуларының бірі ретінде ең тиімді және ағзаға пайдалы болып табылады. Баскетбол ойыны адамның көңілін шаттандырып, іскерлігін арттырады. Бүгінгі баскетбол ойынының даму деңгейі өзінің ең жоғарғы нүктесіне жетті деуге болады, себебі ойынның бүгінгідей жылдамдығы бұрын-соңды болып көрген жоқ. Ойыншының қозғалысы, жүгіру жылдамдығы секіру және лақтыру, кілт тоқтауы. Міне, мұның барлығы жалпы дамыту жылдамдығын, ойыншылардың дайындық деңгейін көрсетеді.

Осындай ойын барысында, нақты қозғалыс нәтижесінде ең бастысы адамның координациясы қалыптасады. Қандай жаттығу болсын, қозғалыс барысында нақтылы орындалады. Айталық, допты торға түсіру, болмаса допты әріптесіне дәл бере білу, допты алып жүргенде қарсыласын алдап өту, т.б. Демек, адамның барлық қабілет – қасиетін қалыптастыратын ойынның бірі.

Баскетбол, спорт ойындарының бір

түрі ретінде барлық оқу орындарының бағдарламасына кіреді. Арнаулы оқу орындарының студенттері бұл кезеңде баскетбол ойынын ойнап, белгілі деңгейде дайындықпен келді деп есептеледі. Сондықтан бұл оқушылар оқу процесінде ойынның негізгі айла-тәсілдері, тыныс алу және ойын жүйесін біледі, жарысқа да қатыса алады.

Волейбол - спорттың кең тараған ойындардың бір түрі. Тіпті, су бойында жағажайда да жарыстар өткізіледі. Бүгінде волейболдан әлем және құрлық біріншілігі өткізіліп тұрады.

Волейбол ойынының қозғалысы адам баласына аса пайдалы табиғи қозғалыс пен дене мүшелерінің қимылынан жүгіру, жүру, секіру, лақтыру, т.б. жаттығулардан тұрады. Бұл ойынды он жасар баладан бастап қай жаста болмасын, бәрі ойнай береді. Сондықтан да, волейбол дене тәрбиесі пәні жаттығуларының бірі ретінде ең тиімді де ағзаға пайдалысы болып табылады. Волейбол ойыны адамның көңілін шаттандырып, іскерлікті арттырады. Бүгінгі волейбол ойынының даму деңгейі өзінің ең жоғарғы нүктесіне жетті деуге болады. Себебі, ойынның бүгінгідей даму жылдамдығы бұрын-соңды болып көрген жоқ. Ойыншының қозғалысы, жүгіру жылдамдығы, секіруі, лақтыруы, кілт тоқтауы, міне мұның барлығы жалпы ойынның жылдамдығын, ойыншылардың дайынды деңгейін көрсетеді.

Осындай ойын барысында нақты қозғалыс нәтижесінде ең бастысы, адамның координациясы қалыптасады. Қандай жаттығу болмасын, қозғалыс барысында нақтылы орындалады. Айталық, шабуылдау кезінде допты қарсыласының алаңға дәл түсіру, болмаса допты әріптесіне дәл бере білу, болмаса допты қарсыласының алаңына алдап тастау, т.б. Демек, адамның барлық қабілет - қасиетін қалыптастыратын ойынның бірі.

Волейбол, спорт ойындарының бір түрі ретінде барлық оқу орындарының бағдарламасына кіреді. Арнаулы оқу орындарының студенттері бұл кезеңде волейбол ойынын ойнап, белгілі бір деңгейде дайындықпен келеді деп есептеледі. Сондықтан, бұл оқушылар оқу процесінде ойынның негізгі айла-тәсілдерімен таныс, ойын жүйесін біледі, жарысқа да қатыса алады.

Арқан тартыс. Бұл ойынды жаздығүні көгалда ойнауға болады. Ойыншылардың саны 10 баладан аспағаны жөн. Ойынға ұзындығы 8-10 м екі ұшы түйілген арқан пайдаланылады. Арқанның тең ортасына белгі ретінде қызыл мата байлайды. Ойынға қатысушылар бойларына қарай қатарға тұрады да, ойын жүргізушінің берген бұйрығы бойынша «бір, екі» деп санап шығады. Содан кейін «бір» дегендері бір жаққа, «екі» дегендері екінші жаққа бөлінеді. Арқанның қызыл мата байланған жерін күні бұрын еденге немесе жерге сызылған белгі - сызықтың үстіне дәл келтіреді де, екі жақтың ойыншылары арқанның сол белгісінен бастап бірінің артынан бірі қос қолдап ұстап, тартып тұра қалады. Егер де бәрі бірдей арқаннан ұстауға қолдары сыймаса, онда соңғылары алдыңғылардың белінен ұстайды. Ойын жүргізушінің берген белгісі бойынша екі команда арқанды екі жаққа қарай тарта жөнеледі. Ойынның мақсаты қарсыластың бір не бірнеше ойыншысын ортадағы сызықтан өз жағына тартып өткізу. Команданың ортаңғы сызықтан өтіп кеткен ойыншысы ойыннан шығып қалады. Қарсылас команданың ойыншыларын қай команда түгелдей ортаңғы сызықтан өз жағына тартып өткізсе, сол команда ұтқан болып есептеледі. Ойнаушылардың өзара келісулері бойынша ойынды қайталап ойнауға да болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қ.Р. үздіксіз білім беру жүйесінде "Салауатты, денсаулықты сақтау бағдарламасы бойынша салауатты өмір салтын

- қалыптастыру" тұжырымдамасы. – Валеология, дене тәрбиесі, 2003. №1.
2. Бастауыш мектеп бағдарламасы. - Алматы, 2003.
 3. Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К. Жалпы педагогика, ЖШС «Нұр-пресс», 2005.
 4. Базарбегі Т. Бастауыш мектептегі дене тәрбиесі – Алматы: «Рауан», 1994.
 5. Брусиловский М.В. Қазақстандағы дене тәрбиесі және спорт очерктері. - Алматы, "Кітап", 2001.
 6. Газимова Х. Шынықсаң шымыр боласың. – Бастауыш мектеп. 2005.
 7. Дене мәдениеті – оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу жүйесінде // Ізденіс-Поиск. 2009. № 2(2) -Б.262-264.
 8. Дене тәрбие жүйесінің мазмұны мен негіздері. //Ұлт тағылымы. № 4. – Алматы, 2005. –Б. 28-31.
 9. Дене шынықтыру және спорт психологиясы пәні бойынша тесттік тапсырмалар жинағы. Оқу-әдістемелік құралы. - Кентау, 2007. - 150 б.
 10. Жеке тұлғаның рухани дамуындағы дене мәдениетінің рөлі // «Шоқан тағлымы 14» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Т.6. - Көкшетау, 2009. – Б. 222-224.
 11. Қуаныш Т.Ш. Дене тәрбиесінің ілімі. Алматы, 2005.
 12. Мухтаров С.М.. Дене тәрбиесі сабағында // Қазақстан мектебі., 2001. – № 6. 67- 68 б.б.
 13. Танекеев М.Т. Қазақстандағы дене тәрбиесі. - Алматы, 2001.
 14. Уанбаев Е. Дене тәрбиесінің негіздері. – Алматы, 2001.

УДК 796.332.063

ЖАС ФУТБОЛШЫЛАРДЫҢ ДАЙЫНДЫҚ КЕЗЕҢІНДЕГІ ДЕНЕ ҚУАТЫ ҚАСИЕТТЕРІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Саметов Р.Е.

Футбол жер бетінде ең кен тараған және ең сүйікті спорт ойындарының бірі деп бекерден-бекер айтылмаған. Спортшылар мен жанкүйерлерді футболдың қарапайымдылығымен тартымдылығы, ойыншылардың шеберлігімен қиынынан қиыстырып жол таба білуі өзіне ерекше тарта-

ды. Қазіргі футболдың тарихы ерте замандардан басталады. Футболға ұксас ойындарды ежелгі дүниемен ертедегі шығыс елдерінде біздің жыл санауымызға дейін де ойнағаны белгілі болған. Ойынның атауы ағылшынның «foot» – «аяқ» және «ball» – «доп» деген сөздерінен шыққан. Қазіргі

футболда қолданылып жүрген ережелер осыдан жүз жылдай бұрын шықты және ешқандай өзгеріске ұшырамады десе де болады. Футбол ойыны жылдамдықты, икемділікті, шыдамдылықты, қимыл-қозғалыстың үйлесімділігін дамытады. Ойынның негізгі ережелері. Футболды әрқайсысында он бір ойыншысы бар екі команда ойнайды. Ойын ұзындығы 100-110 м, екі 60-75 м болатын төрт бұрышты тегіс көгалдарды өткізіледі. Футболдың биіктігі 2 м 44 см, ұзындығы 7 м 32 см-лік қақпасы бар. Қақпаның сыртына тор керіледі. Футбол добының салмағы 396-453 г, диаметрі 68-71 см. Ойынға 11 ойыншыдан екі команда қатысады. Олар қақпашы, қорғаушылар, жартылай қорғаушылар, шабуылшылар болып бөлінеді. Ойын арасында 15 минуттық үзілісі бар, 45 минуттық екі кезеңде өтеді. Өз айып алаңында қақпашыдан басқа ойыншы допты қолымен ұстауға болмайды. Футболдың алғаш 1863 ж. Англияда арнаулы ережесі бекітіліп, тұңғыш қауымдастық құрылды. Сондықтан Англия аталмыш спорт түрінің отаны болып есептеледі. Бірақ Футболға ұқсас аяқдоп ойынының түрлері ежелгі Мысыр, Қытай, Грекия, Римде, ал онан кейінірек Франция мен Италияда дамыған. Кейін бұл спорт түрі біраз өзгерістерге ұшырап, футбол деген атаумен бізге жетті. Осы заман футбол ойыны Англиядан басталып 19 ғасырдың аяқ шенінде бүкіл дүниеге таралған. 1863 жылы 26 қазан күні Англия футбол қоғамы құрылған, кейінгілер бұл күнді осы заман футболының дүниеге келген күні етіп белгіледі. 1896 жылы бірінші кезекті осы заманғы олимпияда спорт жарысы Грецияда өткізілген кезде-ақ футбол ресми жарыс түріне енгізілді. 1904 жылы май айында халықаралық футбол бірлескен қоғамы құрылғаннан бері футбол дене тәрбие ойыны ұшқан құстай дамып дүние жүзіне барынша кең таралып, ықпалы ең күшті дене тәрбиенің біріне айналды. 1930 жылы тұңғыш кезекті халықаралық футбол жұлде таласу жарысы өткізілгеннен кейін, 4 жылда бір рет жарыс өткізу белгіленіп қазірге дейін он неше рет болып өтті.

Педагогикалық үрдіс пен дәрігерлік бақылау дұрыс ұйымдастырылған жағдайда футбол ойнау жастардың денсаулығын нығайтып, жұмыс қабілеттілігін арттырып

және спорттық шеберлігін жетілдірудің маңызды құралы болып табылады. Денсаулықты нығайту мәселесін шешудің методологиясы футболмен жүйелі түрде шұғылданатын жеткіншектер мен жасөспірімдердің жас ерекшеліктері туралы ғылыми мәліметтерден бастау алуы тиіс.

Бүгінгі футбол үшін белсенді қимыл-қозғалыс, бұлшық еттердің қарқынды жұмысы, әр түрлі қимыл әрекеттері, матч кезінде құрылымы мен сипаты мен күрделілік дәрежесіне қарай физикалық жүктемені тең бөлу тән. Осылардың ішінде негізгілері доппен жасалатын іс - әрекеттер (допты қағу, алу, доппен жүгіру, лақтыру, қақпаға соғу) және футбол алаңында қимылдар (жүру және жүгіру). Сондай-ақ футболшылар қарсыластарына қатысты күшпен жасалатын тәсілдер мен секірулерді жиі орындайды.

Доп үшін күресте ойыншыдан допты дәл беру нақтылық, дәлдікті, техникалық дағдыны, ара қашықтықты болжауды, соққы күшін есептеу, уақытты ұтымды пайдалану, жылдам ойлауды талап етеді.

Осыған байланысты қимылдың аралас формасы туралы айтуға болады. Футболдың осы ерекшеліктері – адам ағзасының тиісті қасиеттерінің дамуын талап етеді. Адам ағзасы мен жүйесінің түрлі режимге үйренуі, Бұларға белсенділіктің жұмыс деңгейінің күрт өзгеруі, түрлі функциялар қызметінің қайта құрылуы, қалпына келтіру үрдісінің жылдамдығы жатады. Футбол командалық ойын. Сондықтан ойыншылар арасында өзара түсіністікті, команда мүшелерінің қарым-қатынас жасау үйлесімділігін талап етеді. Ойыншылар санының көптігі мен ойын алаңының көлемі уақыт пен кеңістікті таңдауда белгісіздікке әкеледі. Қазіргі заманғы футболда ойынның қиыншылығына жоғарғы қарқындылықпен қоса уақыт тапшылығын атайды. Осының барлығы тек дене жүктеменің артуын ғана емес, эмоционалдық және психологиялық қысым орын алуына себеп болған.

Футбол – спорттық ойын түрлеріне жатады. Спорттық ойындар дене тәрбиесі бойынша мектеп бағдарламасына енген басқада дене шынықтыру және спорт жаттығуларымен бірге оқушылардың адамгершілік - ерік және қимыл сапаларын жақ-

сартуға көмегін тигізеді. Спорттық ойындарды үздіксіз жүйелі түрде ойнау төзімділік, ептілік және қимыл-әрекеттер жасауда тапқырлық таныту сапаларын қалыптастырады. Спорттық ойындардың түрлеріне бадминтон, баскетбол, волейбол, қол добы, регби, теннис, футбол, хоккей жатады. Осы спорттық ойындардың мәні ерекше. Оқушы әрбір ойынға қандай сипатты қимыл-әрекеттер тән екенін және оларды қалай меңгеру ерекшеліктері мен әрбір ойынның ағзаларына қандай әсері болатынын білуі керек.

Футбол ойынында жарыс майданы кең, жарыс уақыты ұзақ, қатынасатын адам көп әрі сайысуы қат-қабат, допқа таласуы қиян-кескі, еліктіргіштігі күшті, драмалық қасиет болады. Жақсы ойналған бір майдан футбол жарысының телевизор көрермендерінің өзі 10 миллионға жетеді. Бұл жағынан да әр қандай бір дене тәрбие түрімен салыстырғанда алда тұратындығы шүбәсіз.

Футбол ойыны адамдарды дене жақтан жан-жақтылық шынықтырып, жылдамдық, күш, төзімділік, икемділік, ептілік жақтарынан да, қайсар, зерек, қағылез, мойымас қасиетпен жұдырықтай жұмылып селбесетін ұжымдық рухты жетілдіру жағынан да зор маңызға ие.

Футболшы үшін қимыл аппаратының арнайы дайындығы аса қажет. Олардың жұмысы жылдамдық - күш сипаттағы жұмыс болып табылады. Ойын алаңының көлемділігі, соған байланысты көп жүгіру, ойынның ұзақтығы бұлшық еттердің анаэробты - аэробты талаптарда жұмыс істеуге жақсы бейімделуін талап етеді.

Футболшының қимыл-әрекетінің тиімділігін арттыруда көптеген рецепторлардан түсетін ақпараттың маңызы зор. Көру ауданы мен тепе-теңдік анализаторларының функционалдық күйі төменде жоғары спорт түрлеріне қол жеткізу мүмкін емес.

Футбол ойыны кезінде тез жүгірудің маңызы зор. Аз демалып, көп жүгіру ағзаның анаэробтық мүмкіншіліктерін дамытады. Ойын кезінде футболшы орта есеппен 5-8 км жүгіреді. Оттегін тұтынудың максималды шегі 62.5 мл/мин/кг тең болады.

Тыныштық кезінде футболшының жүрегі минутына 48-54 рет соқса, ойынның

алғашқы минуттарында 160-170 рет/мин көтеріліп, содан кейін 160/180 рет/мин деңгейінде тұрақталып қалады, ойынның кейбір сәттерінде 200 рет/мин жетеді. Ойын суық ауа-райы кезінде немесе жаңбыр жауып тұрғанда өтетін болса, зәрде ақуыз пайда болады. Қазіргі заманғы футболда спортшылардың функционалдық дайындық деңгейіне қатал талап қойылған. Футболшыларды дайындаудағы атлетизмге жоғары мән берілгендіктен, ойын барысындағы қарсыластарымен допқа таласудағы қаталдық – ойыншылардың қателесуіне жол бермейді. Футболшыларды функционалдық дайындаудың жоғары деңгейі көптеген ойын әрекеттерін, ойын барысындағы қарқындылықты, жұмыс қабілеттілігін матч бойы сақтауды қажет етеді.

Соған байланысты дайындық кезінде спортшылардың денсаулығын нығайтатын, спорттық шеберлікті қалыптастыратын әдіс-тәсілдерді анықтау қажет. Сондай –ақ жаттықтырушы оқу-жаттығу үрдісін құруда белсенділік танытып, футболшылардың денсаулығы мен жеке ерекшеліктерін ескеруі тиіс.

Футбол ойынының басқа ойын түрлерін қарағандағы ерекшелігі спорттық іс - әрекеттің барлық компонентін қамтуы. Психикалық (ойын барысындағы жағдайдың өзгеруін байланысты әдіс-тәсілді өзгерту, жылдам шешім қабылдау), нейро-динамикалық (жылдамдық пен қозғалыстық деңгейінің артуы), энергетикалық (ағза өнімділігінің аэробты және анаэробты түрі), қимыл – қозғалыстық (жылдамдық пен күш сапасы, дәлдік, ұшқырлық сондай-ақ вегетативтік реттеу қысымы).

Футбол ойынымен шұғылдануды физиологиялық позициядан ғылыми негіздеу перспективасы қазіргі әлеуметтік жағдайға байланысты жасөспірімдер мен жеткіншектердің денсаулығын нығайту тұрғысынан теориялық және тәжірибелік жағынан алғанда да өзекті саналады. Осы мәселені шешу футболшылар дайындауда дарында балаларды іріктеуге, үлкен футболға арнайы дайындауға мүмкіндік жасайды.

Жас футболшының функционалдық мүмкіндігін оның денсаулығы мен жеке ерекшеліктері анықтайды. Бұл белгілі бір деңгейде спорттық іріктеу мен жаттығу жұмыстарының сипатына байланысты.

Жаттығу спортшыларда энергетикалық алмасу мен ағза қызметінің бейімделудің нақты типін қалыптастырады. Бұл арнайы және арнайы емес жүктемеге бейімделу реакциясы ерекшеліктерінен байқалады.

Кейбір авторлардың мәліметтері бойынша футбол ойыны көптеген күш жұмсалатындығын басшылыққа алады.

Жартылай қорғаушылар стационар режимінде жұмыс жасаса, шабуылшылар – жылдам, шыдамды болып келеді. Бұл жаттығу процесінде техника-тактикалық тұрғыдан және физикалық дайындық жағында жеке қарастыруда талап етеді. Бірақ соңғы кездері ойыншыларды әмбебап түрінде дайындау тенденциясы байқалуда.

Футболшы бір ойында 10 км жүгіруге дайын болуы тиіс. Бұл тек жүгіру емес, шапшандықты қажет етеді. Бұған жұмсалатын күш деңгейі әртүрлі. Футбол ойыны барысында динамикалық аэробты-анаэробты жұмыс іске асады. Энергияның қайнар көздері ретінде қышқылдандыру процесі мен көмірқышқылдарының бөлінуі саналады. Шамамен жұмысқа 30-70% қуаттылық жұмсалады.

Отандық және шетелдік мамандар ойында жеңіске жетудегі негізгі басты рөл жоғары дәрежедегі техника-тактикалық шеберлік пен физикалық дайындық, әсіресе футболистің жұмыс қабілеттілігіне байланысты деп есептейді.

Жұмыс қабілеттілігін анықтау баланың денсаулық деңгейін сан жағынан, ағзаның түрлі жүйесінің функционалдық дамуын және бірінші кезекте күшпен қамтамасыз етуін бағалауға мүмкіндік береді.


Футбол ойынындағы дене қуаты қа-

сиеттерін: күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділікті дамытудың жолдары төмендегідей болады.

Дене қуаты қасиеттерінің бірі – күш. Күш дегеніміз сыртқы қарсылықты жеңу немесе бұлшық ет көмегі арқылы оған қарсылық көрсету. Футбол ойыншысына қарсыласын алып ұратындай қарпымды күштің қажеті жоқ, десе де футбол ойнаған кезде көп жұмыс жасайтын қол-аяқ, іш бұлшық еттерінің күштерін дамыту басты орын алады. Төменде футбол ойыншысының күшін арттыруға бағытталған жаттығулар ұсынылады

Аяқтардың бұлшық еттерін дамытатын жаттығулар. Бастапқыда ауыр заттарды көтеріп отыруды және алға аттап отырған қалыпта серіппелі түрде отыруды балаларға ұсыну қажет. Сосын секіртпемен секіруді, гимнастикалық орындық арқылы бір немесе екі аяқпен секіруді, жоғары ілулі тұрған затқа қол тигізу үшін, орынан бір немесе екі аяқпен биіктігі 40-50 см жеңіл кедергіден секіруді іріктеп алған жөн.

Футболшылардың күшін дамуында көбінесе аяқ бұлшық еттерінің күшін дамытуға мін беріледі. Жалпы күшті дамытуда: ауырлық заттарды көтеру (штанга, гир, дискілер), білек күшін жасау, шалқалап жатып кеудені көтеру, жұптасып түрлі жаттығулар жасау, түрлі тренажерлер арқылы аяққа, қолға, ішке, арқа - бел еттерінің күшін арттыру, сол арқылы барлық органдардың күштерін дамыту. Ал футбол ойыншыларының әрбірінің атқаратын міндетін де (қақпашы, қорғаушы, шабуылшы т.б.) ескере отырып оларға қажетті күш түрлерін арнайы бағытты түрде дамытуға мән беру керек.




Сурет 1. Футболшының күштерін дамытуға арналған жаттығулар

Футбол ойыншысының күштерін дамытуға арналған жаттығуларын әр күнгі жаттықтырудан кейін жасаған дұрыс.

Жаттығу жасау уақытының арасы алыс және бір жолда өте үлкен жүктеме түсіруге болмайды.


Аяқ-қол еттерінің лайықты дамуы аяқтың талмай жұмыс істеуі мен қолдың ырғақты түрде есіп отыруына күш береді. Ал іш еттерінің күшеюі тыныс алуға дерліктей жәрдемдеседі.




Сурет 2. Футболшылардың қол, аяқ және іш бұлшық еттерінің күштерін дамытуға арналған жаттығулар

Футбол ойыншысының ептілігін дамытуда өте қажетті. Ептілік деп адамның кеңістікте үйлесімді қозғала алуын жаңа күрделі қозғалысты тез меңгере алуын, өзгерген жағдайға байланысты өз әрекетін тез басқаша құра алу қабілеттілігін айтады.

Футболшылардың ептілігін дамыту үшін түрлі гимнастикалық жаттығулар жасаумен қатар доптармен жаттығулар жасауға болады. Оны әр бір жаттықтыру сабақтарын да міндетті түрде дамытып отыру керек.





Сурет 3. Футболшылардың ептілік қасиеттерін дамытуға арналған жаттығулардың түрлері

Ептілікті дамыту кезінде біз мынандай үш міндетті орындауымыз керек:

1 Күрделі қимыл-қозғалыс үйлесімділігі қабілеттілігін күрделендіре отырып жетілдіру.



2 Қозғалыс әрекетін өзгерген жағдайға байланысты басқаша құра алу қабілеттілігін жетілдіру (спорттық, қозғалмалы ойындар жағдайында).

3 Берілген қозғалыс әрекетін дәл қайталай алу қабілеттілігін арттыру.

Ептілікті тәрбиелеудің негізгі амалдары: жаңа немесе жаңадан пайда болған элементтері бар спорттық, қозғалмалы ой-

ындар, гимнастика, акробатика жаттығулары. Жақсы үйренген жаттығуларды қайталау ептілікті дамытпайды. Сондықтан мұғалім әрбір дене тәрбиесі сабағында 1-2 жаңа жаттығу немесе бұрын үйренген жаттығудың элементтерін жаңалап үйретіп отыруы қажет. Ептілікті дамыту жаттығуларын сабақтың бірінші жартысында өткізген дұрыс, өйткені оқушы ағзасы болдыра бастағанда ол жаттығулар аз нәтиже береді.

Ептілікті бастауыш және орта мектеп жастарында, қозғалыс, көру, есту, дене арқылы сезіну анализаторлары екпінді өсу кезінде дамытқан тиімді.






Сурет 4. Өртүрлі кедергілерден өту арқылы ептілікті дамыту

Адамның жаттығуды үлкен амплитудамен орындай алу қабілеттілігін икемділік дейміз. Футбол ойыншысының икемділігінің жеткілікті дамуы да ерекше маңызға ие.

Икемділікті дамыту үшін түрлі жаттығулар жасау керек. Мысалы, шпагатқа отыру, аяқты көлденең толық жазу, созылу жаттығуларын жасау керек. (сурет 5).



Сурет 5. Икемділікті дамытуға арналған жаттығулар кешені

Икемділіктің өсуі буын құрылыстарына; бұлшық еттің, сіңірдің созылымдылығына; көңіл-күйге (жоғары көңіл күй кезінде икемділік артады); бой қыздыруға; сыртқы температураға; тәулік уақытына (12-ден 17-ге дейін ол көп); жасқа (15-16 жаста икемділік көп кезі); күш даму деңгейіне (күш көп адамдардың икемі аз); спорттық мамандыққа және т.с.с. байланысты.

Икемділікті дамытудың негізгі амалы

созылу жаттығулары. Ол жаттығулар мынандай түрлерде орындалады: қарапайым созылу, серіппелі созылу, сермеу, дене қалпын ұстау, сыртқы көмектің әсерімен созылу т.с.с. Икемділік жаттығуларын бой қыздырудан кейін сабақтың барлық бөлімдеріне кіргізуге болады.


Адамның жұмысты ұзақ, қарқынын азайтпай орындай алу қабілеттілігін төзімділік деп атаймыз. Төзімділік қасиеті футбол ойыншысының бойында болуға ти-

істі ең басты қасиет. 90 минут бойы сұрапыл шайқастарды толық жеңіспен аяқтау үшін ұзақ уақыт бойы жұмыс жасауға тура келеді. Бұл үшін төзімділікті жоғары деңгейде дамыту қажет болады. Жұмасына бес күндік жаттықтыру үрдісінің кемінде 2-3 күнін төзімділікке жаттықтыру керек. Әрине, төзімділікке жаттығу үшін белгіленген уақыттар мен қашықтықтарға жүгіру, түрлі қашықтықтарға жүзуге болады.

Төзімділік жақсы дамыған жағдайда футбол ойыншыларының жетістікке жету мүмкіндігі де артады. Бұл барыста ойыншының дене дайындығының жоғарылауымен қатар психикалық жақтан төзімді, асқақ жігерлі болып жетіледі. Төзімділіктің

екі түрі бар: жалпы және арнайы. Жалпы төзімділіктің сипаты спортшының ұзақ уақытқа, жай қарқында, бұлшық ет топтарының көпшілігін қатыстыра жұмыс істей алу қабілеттілігі (жүгіру, шаңғы тебу, ескек есу т.с.с.). Жалпы төзімділіктің физиологиялық негізгі адамның аэробты (тыныс алу деңгейін жоғары дамыту және сол деңгейді ұзақ уақыт ұстап тұра алу қабілеттілігі) мүмкіншілігі.

Жылдамдық дегеніміз - адамның белгілі бір уақыт аралығында кеңістікте жылдам қозғалған әрекеті. Футбол ойыншысы домалап бара жатқан допқа қарсыластарынан бұрын жетуі үшін оның жылдамдық қасиетін дамыту маңызды болады.



Сурет 6. Жылдамдықты дамытуға арналған жаттығулар

Футболшылардың жылдамдығын дамыту үшін мынадай әдістер қолданылады:

- тұрақты бірдей қашықтықтарға жүгіру;
- біртіндеп ұзартылған қашықтықтарға жүгіру;
- біртіндеп қысқартылған қашықтықтарға жүгіру
- біртіндеп ұзартылған немесе біртіндеп қысқартылған қашықтықтарға жүгіру (100 м x 200 м x 300 м x 400 м + 800 м x 600 м x 400 м x 200 м). Сонымен қатар кедергілермен жаттығулар жансауға да болады.

Футбол ойыны доп ойындарының ең бір тамаша түрі. Ол үлкен адамдардың, жасөспірім балалардың барлығы барынша қызығатын дене тәрбиенің бір түрі. Ол адамның денесін шынықтыруда, дене қуаты қасиетін жетілдіруде, адамның күш қайратын асыруда, жігерін шыңдауда, басқалармен өзара сыластық, өзара селбестік қатынастарын дамытуда ерекше рол ойнайды.

Футбол ойыны адамдарды дене жақтан жан-жақтылық шынықтырып, жылдамдық, күш, төзімділік, икемділік, ептілік жақтарынан да, қайсар, зерек, қағылез, мойымас қасиетпен жұдырықтай жұмылып селбесетін ұжымдық рухты жетілдіру жағынан да зор маңызға ие.

Футбол еңбекші бұқараны дене шынықтыру және спортпен тиянақты айналысуға, белсенді демалуға дайындаудың күшті құралдарының бірі.

Спорттық тартымдылығы – бәсекеде. Спорттық жекпе-жек техникалық шеберлікті жетілдірудің тамаша ынталандыру жолы. Ол әркімге күрес қуанышын сыйлап, әсіресе жасөспірімдерді қызықтырады.

Жарысты ширақ ұйымдастыру, салтанатты түрде өткізу, жеңімпаз командаларды наградтау, құрметті жүлдегерлерді сарапқа салу осының бәрі ойынды халыққа әйгілеуге көмектеседі.

Біз осындай бір тамаша дене тәрбие ойынының онан ары кемелдене, толықтана

түсетініне, қоғамдағы тәрбиелік маңызының онан ары жоғарлап, тіпті де жоғары сатыға көтеріле беретіндігіне кәміл сенеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Чумаков П.А. Спортивные и подвижные игры. – М.: ФиС, 1999.
2. Уанбаев Е.Қ, Уанбаева Ф.Ж. Дене мәдениеті және спорттың теориясы мен әдістемесі. – Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2006.
3. Ашмарин Б.А. Теория и методика педагогических исследований в физическом воспитании. – М.: Физкультура и спорт, 1978.
4. Бабушкин В.З. Подготовка юных футболистов. – М.: Физкультура и спорт, 1985.
5. Чумаков П.А. Футбол. Учебник для институты физической культуры. – М.: Физкультура и спорт, 1988.
6. Башкин С.Г. Футбол: поурочная учебная программа для ДЮСШ, Уроки по баскетболу. – М.: Физкультура и спорт, 1996.
7. Бондарь А.Н. Учись играть в футбол. – М.: Физкультура и спорт, 1986.
8. Гомельский А.Я. Футбол: секреты мастерства: 1000 футбольных упражнений. – М.: Физкультура и спорт, 1997.
9. Грасис А.М. Методика подготовки футболистов разрядников. – М.: Физкультура и спорт, 1962.
10. Грасис А.М. Специальные упражнения футболистов. – М.: Физкультура и спорт, 1967.

УДК 796.9

ВЛИЯНИЕ ЗАНЯТИЙ ЛЫЖНЫМИ ГОНКАМИ НА УРОВЕНЬ РАЗВИТИЯ ФИЗИЧЕСКИХ КАЧЕСТВ ШКОЛЬНИКОВ 15-16 ЛЕТ

Цыплаков В.А.

Лыжный спорт является важным средством, обеспечивающим укрепление здоровья и повышения уровня физической и функциональной подготовленности занимающихся. Научные работники, тренеры, преподаватели физической культуры и спортсмены настойчиво ведут поиск лучших вариантов тренировочных режимов на различных этапах годичного цикла подготовки лыжников. Однако тренерам и спортсменам не всегда удается добиться положительного влияния учебно - тренировочных занятий на рост спортивных результатов из-за индивидуальных особенностей спортсмена, специфических, свойственных только данному ребенку морфофункциональных, двигательных, психологических свойств организма [1].

Поэтому вопросы оптимального распределения нагрузок для развития физических качеств в годичном цикле тренировок юных лыжников-гонщиков нуждаются в более тщательном рассмотрении. Это и определило актуальность выбранной нами для исследования темы [2].

В настоящее время выявлены основ-

ные направления в методике физической подготовки юных лыжников. При этом следует акцентировать внимание на развитии скоростно-силовых способностей и специальной выносливости на базе общей физической подготовки, которая предполагает развитие у юных лыжников всех физических качеств, присущих человеку, так как лыжные гонки являются видом спорта, требующим всесторонней подготовки и подготовленности юных спортсменов [3].

Проблема заключается в рациональном распределении тренировочного времени, которое отводится на физическую подготовку юных лыжников.

Для выявления истины нами было использовано два пути [4]:

1. Опрос специалистов – тренеров по лыжным гонкам.

2. Анализ документов планирования тренировочных нагрузок в макроцикле тренировки юных лыжников-гонщиков.

По мнению тренеров - специалистов, объем беговой тренировочной нагрузки колеблется в пределах 1950-2550 километров для спортсменов 1-го года обучения и

2400-3400 километров для спортсменов 2-го года обучения.

При этом, большинство тренеров указало, что на общую физическую подготовку юных лыжников-гонщиков необходимо отводить 60-70%, а на специальную - 30-40% [5].

Анализ планов тренировочного процесса и дневников спортсменов дал нам возможность констатировать, что данные

параметры тренировки юных лыжников-гонщиков в основном не выдерживаются. Так, объем тренировочной нагрузки для лыжников 1-го года обучения колеблется в пределах 1500-1800 километров и 2000-2400 километров для спортсменов 2-го года обучения. При этом, распределение нагрузки на общую и специальную составляет соответственно 75-80% на 20-25% [6].

Таблица 1. Показатели соотношения тренировочных объемов по режимам энергообеспечения в годичной системе подготовки юных лыжников-гонщиков

№	Режим выполненных нагрузок	По мнению специалистов	По данным регистрации в дневниках	t	P
1.	Общий объем нагрузки км.	2240±102	1565±94,1	26,5	p<0,001
2.	Аэробный режим км, %	1955,6±84 87,3±11,2	1419±82,3 90,7±10,6	21,9 3,1	p<0,001 p<0,05
3.	Аэробно-анаэробный км режим %	208,3±12,5 9,3±1,6	102±6,4 6,5±1,1	5,6 2,8	p<0,001 p<0,01
4.	Анаэробный режим км %	76,1±7,8 3,4±1,2	44±3,7 2,8±0,9	76,2 12,7	p<0,001 p<0,001

В настоящее время существуют различные точки зрения на структуру тренировочного процесса юных лыжников-гонщиков. Рассматриваются и активно применяются концепция равнонаправленного воздействия на все физические качества. Адаптационные возможности организма к предлагаемым разнонаправленным тренировочным нагрузкам, заметно уменьшаются.

Вместе с тем, всестороннее физическое развитие очень важно как для укрепления здоровья, общего развития детей, так и для выявления на основе этого его ведущих сторон, типологии моторики.

При всем многообразии применения различных тренировочных методик нами, как наиболее рациональная концепция, была выбрана схема построения тренировочного процесса с акцентом наибольшего тренировочного воздействия на генетически выраженные двигательные качества, что, как предполагается, позволит нам добиться положительных сдвигов в системе подготовки юных лыжников, достичь положительных результатов [7].

Для определения уровня физической подготовленности спортсменов нами был

использован следующий блок тестов: Прыжок в длину с места, подтягивание на высокой перекладине, бег 30 метров с хода, бег 1000 метров, 12-ти минутный бег, наклон вниз, упражнение «лягушка», прохождение соревновательной дистанции на лыжах 5000 метров.

Для активизации развития физических качеств у школьников нами предложено три варианта распределения времени на развитие физических качеств в процессе занятий лыжным спортом [8]:

1 вариант (экспериментальная группа А) - с превалированием развития качества выносливости, здесь в годичной системе подготовки, согласно планированию, 60% времени отводится на развитие качества выносливости, 20% времени на развитие скоростно-силовых качеств, 10% времени на собственно скорость и по 5% отводится на дальнейшее совершенствование гибкости и ловкости;

2 вариант (экспериментальная группа Б) – со скоростно-силовой направленностью, здесь на долю развития качества выносливости отводится 40% времени, 30% на дальнейшее развитие силовых способностей, 20% времени на совершенствова-

ние скоростного потенциала, и по 5% времени на реализацию гибкости и ловкости;

3 вариант (экспериментальная группа В) - с относительно равномерным распределением разнонаправленных нагрузок в системе подготовки, здесь 50% времени

отводится на развитие качества выносливости, по 20% на совершенствование силы и скоростных показателей юных спортсменов, и по 5% времени на реализацию гибкости и ловкости.

Таблица 2. Показатели уровня физической подготовленности юных лыжников-гонщиков экспериментальной и контрольной групп перед началом эксперимента ($X \pm m$, t-критерий Стьюдента)

№	Контрольные упражнения	Экспериментальная (Э) группа (n=39)	Контрольная (К) группа (n =26)	t-критерий различий Э и К
1.	Прыжок с места (см.)	191,26±9,48	194,65±9,92	1,36
2.	Подтягивание	7,06±2,89	8,01±3,31	0,52
3.	Бег 30 метров с/х (с.)	4,12±0,14	4,18±0,15	1,94
4.	Бег 1000 метров (с.)	231,71±9,22	233,25±16,79	0,43
5.	12-ти минутный бег (м.)	2803,61±72,09	2878,74±99,24	3,32
6.	Упражнение «лягушка» (м.)	33,20±3,69	32,43±3,05	0,92
7.	Наклон вниз (см.)	4,56±0,99	5,13±0,87	2,44
8.	3000 метров, лыжи (с.)	840,71±65,4	837,61±42,49	0,23

Тренировочные занятия в контрольной группе проводились в соответствии с общеобразовательной программой «Лыжные гонки».

Согласно экспериментальным планам тренировочный процесс в группе «А» строился с акцентом наибольшего воздействия на качество выносливости, в подгруппе «Б» предполагалось наибольшее увеличение скоростно-силовых показателей на фоне прироста остальных показателей, в группе «В» предполагалось наиболее равномерно воздействовать на все основные физические качества [9]. Поэтому на динамику достоверного прироста результатов общей и специальной подготовленности юных спортсменов экспериментальных групп оказала разработанная и опробованная на практике методика на основе двигательной предрасположенности детей к определенным видам спорта.

В совокупности показатели тестовых упражнений за время проведения эксперимента (см. табл. 2) достоверно возросли по всем 8-ми основным тестовым упражнениям, в то время как результаты педагогического тестирования в контрольной группе достоверно улучшились лишь в 2-х упражнениях.

Результаты упражнения «прыжок с

места» достоверно возросли с 191,26±9,48 см. до 205,32±5,81 см., что составило 7,35%, а в контрольной группе прирост показателей, не являющийся достоверным составил 1,99%.

В беге на 30 метров с хода произошло достоверно положительное изменение результатов с 4,12±0,14 с. до 4,03±0,11 с., при этом, составив 2,23%.

УДК 796:159.9

ЕРІК-ЖІГЕР КҮШІ ЖӘНЕ ОНЫҢ СПОРТТАҒЫ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Орман К.

Адам спорттық іс-әрекеттің субъектісі ретінде төрт категория арқылы сипатталады: ерік-жігер – ойлау – аффект – қабылдау. Спорт іс-әрекеттің субъектісін осындай қызметтік тұрғыдан сипаттаған орынды, өйткені іс-әрекетте спортшы өзін саналы әрекет етуші, мақсаттарға жетуге бағытталған субъект ретінде көрсетеді.

«Адам» жүйесінде субъектіне күш-қуат категориясы сәйкес келеді. «Іс-әрекет субъектісі» деген түсінікке кіші жүйедегі «ерік» түсінігі сәйкес келеді. Сонымен, ерік-жігер спорттық әрекетке қатысты күш-қуат ықпалы ретінде анықталады. Жарыстардың қиын жағдайларында спортшының тұрақтылығы оның ерік-жігер қасиеттерінің даму деңгейіне тәуелді.

Ерік-жігер әрекеттерінің құрылымы күрделі. Ерік-жігер әрекеті еріктік әрекетке ұмтылыстан басталады, өзін қанағаттандыруды талап ететін қажеттілікті саналы түрде түсінуден және сондай қанағаттандыруда пайда болатын кедергілерді саналы түрде түсіну маңызды. Мұндай түсіну осы қажеттілікке сәйкес келетін эмоционалды күймен қатар жүреді.

Одан әрі әрекет мақсатын елестету маңызды болады. Мақсат жоқ болса, әрекет өзінің ырықтығын жоғалтады, мақсатқа бағытталмаған болады. Содан кейін анықталған мақсатқа жетудің тәсілдері туралы түсінік болуы қажет. Тәсілдер туралы анық көзқарас болмаса, еріктік әрекет жүзеге аспайды. Осы негізде бұл әрекетті жүзеге асыруға ниет пайда болады. Ол жоқ болса, әрекет, мақсат пен тәсілдерді анық болғанына қарамастан орындалмай қалады. Ерік-

тік әрекеттерге саналы түрде шешім қабылдау тән.

Одан кейін еріктік күш салу керек, ол екіжақты көрінеді: орындалып жатқан әрекетке толық зейін аудару және өзін әрекетке жұмылдыру немесе кедергілер пайда болатын болса, әрекеттен бас тарту. Кедергілерді жеңіп шығуға бағытталған еріктік күш салу үшін өмірлік сенімдер мен адамгершілік мінез-құлық ережелері маңызды.

Сонымен, ерік-жігердің күш-қуатының негізінде құндылықтар жатыр. Парыз сезімі, жауапкершілік, жағымсыз эмоцияларды бәсеңдете білу қабілеті, қорқыныш сезімін басу, бастаған істі аяғына дейін жеткізу әдеті және басқа еріктің көріністері тәрбиелеу барысында қалыптастырылады.

Еріктік әрекет қабылданған шешімді орындаумен аяқталады. Ю.Я. Горбунов төрт түрлі спортшылардың еріктік белсенділігін зерттеген: боксы шар, акробаттар, коньки тебушілер, жеңіл спортшылары, СШК, спорт шеберлері болды, барлығы 114 адам. Спорт түріне тәуелсіз түрлі стильдегі дәл осы спорттық белсенділік адамның әр деңгейдегі сипаттамаларын біртұтас құрылымға келтіретіні анықталды. Ақын айтқандай: «Сезімдер мен ақыл-ойына қажымас ерікпен кісен салған ғана жоғары шыңдарға жетеді». Зейін – бұл танымдық үрдістерді бақылау, ал ерік – бұл зейінді бақылау деп кездейсоқ айтылмаған.

Спорттағы мамандандырылған қабылдау. Іс-әрекет субъектісі құрылымында қабылдау кеңістік категориясына сәйкес келеді. Шынымен де объектінің қабылдануы ең бірінші оның кеңістіктегі орнын

анықтау болып табылады, объект субъектімен бір сенсорлық перцептивтік аясында болғанда оны бейнелеу.

Спортта қабылдаудың ерекшелігі «мамандандырылған қабылдау» түсінігі арқылы анықталады. Ол нені білдіреді?

Біріншіден, спортшының зейіні ең алғашқы қимыл-қозғалыстың техникалық тұрғыдан дұрыс орындалуына, бұлшық ет сезіміне бағытталған болады. Осыған байланысты сыртқы заттарды (мысалы, қырлы бөренелерді) қабылдау екінші кезекте болады. Әсіресе, бұл гимнастарда айқын байқалады.

Екіншіден. Спорттық ойын түрлеріне шеберліктің дамуымен қатар қабылдаудың көлемі артады. Бұл жағдайда З.П. Ананьев және М. Рыбинцева ұсынған үстел теннисінде қимыл-қозғалыс іс-әрекетінің ырықты реттелуін зерттеуге арналған сұрақтама-лардың мысалында дәлелдейік.

1) Ойын кезінде доптан басқа нені көресің (неге қарайсың?)

- еш нәрсе көрмеймін – 10 ұпай
- тек қарсыластың ракеткасын көремін – 20 ұпай
- қарсыластың орналасқан жерін – 30 ұпай
- қарсыластың басын, иығын көремін – 40 ұпай
- қарсыластың орналасуын, ракеткасын, иығын көремін – 50 ұпай

2) өзіне ұшып келе жатқан допты қай сәтте көресің?

- қарсыластың ракеткасынан ұшқан сәтте - 30 ұпай
- торға келгенде – 20 ұпай
- үстелдің мен жағындағы бөлігінде – 10 ұпай

3) допты қайта лақтырғанда қарсыластың орналасуын ескересің бе?

- ешқашан қарамаймын – 10 ұпай
- кейде қараймын
- әрқашан қараймын – 30 ұпай

Бұл жерде ұпай арқылы шеберліктің дамуымен қатар жүретін қабылдау барысында зейін көлемі бағаланады.

Үшіншіден, әр спортқа тән спортшының өзіндік ерекшеліктері болады. Мамандандырылған қабылдау сұрағы әдетте спортшыларды техникалық дайындау мәселесі шеңберінде қойылады. Техникалық дайындаудың негізгі формасы болып жат-

тығу, үнемі болатын дене шынықтыру сабақтары және спорттық - техникалық жетістіктері саналады. Спорттық жаттықтыру міндеттеріне талаптардың артуына ағзаны бейімдей, күштің, төзімділіктің, ептіліктің дамуы, анық үйлестірілген қимыл-қозғалыс дағдыларын қалыптастыру, техниканы меңгеру енеді. Физиологиялық тұрғыдан бұл кезде ми жарты шарының қыртысындағы козу мен тежелу үрдістері арасында қажет байланыстар орнатылып, жүйке үрдістерінің динамикалық стереотипті қалыптасады.

Спорттық тәжірибеде мамандандырылған қабылдау жүзушілерде «суды сезіну», боксы шыларда «дистанцияны сезіну», жүгіргіштерде «уақытты сезіну», теннисшілерде «допты сезіну» түсініктері арқылы анықталады.

Мысалы «суды сезіну» деген не? Бұл суда қозғалғанда оның қарсыласуын жіктелген кинетикалық қабылдау. Оған судың қысымы және сумен жанасу сезімі қосылады.

«Уақытты сезіну» - қимыл-қозғалыстардың бірізділігі және дер кезінде орындалуы. Жүру, жүгіру, шаңғымен жүру. Жүзу, ескек және тағы да басқа спорттың айналымдық түрлерінде «ырғақты және шапшандықты сезіну» қажет. Бұл атқарылатын қимыл-қозғалыстардың бұлшық еттің шапқандығын сезіну және олардың бірізділік ауысуының жылдам жығын сезіну, сонымен қатар бұлшық етте болатын күш салуын айыра білу және айналадағы заттардың бірізділікпен ауысып отыратын бейнелерін қабылдау (жылдамдықты қабылдау).

«Допты сезіну» - бұл доптың салмағын, қаттылығын, серпімділігін, тебу күшін, ұшуының жылдамдығын, биіктігін, айналу барысында ілінісуін қабылдау, сезіну болады. Жалпы айтқанда, спортта мамандандырылған қабылдау – көптеген түйістердің синтезі, жас спортшыға дәл осындай синтез жетіспейді, оның епсіз қимылдары қабылдау объектісінің жекелеген белгілері негізінде реттеледі. Сондықтан мамандандырылған қабылдау қимыл-қозғалыс дағдыларын, қимыл-қозғалыстарды орындау әдістерін меңгеруде дұрыс дағдылану үшін қажет. Қимыл - қозғалысты білім негізінде қалыптасатын икемділік ретінде және жетілдіру дәрежесін, дәлдігін,

катесіздігін ескере отырып, дағды ретінде талдауға болады. Егер икемділік ретінде қарастыратын болса, онда спортшы қимыл-қозғалысты орындайды, бірақ сапасы төмен болады, мысалы, ол шаңғымен жүретін болса, баяу жүретін болады. Ал дағды қимыл - қозғалыстың жылдамдығы бойынша бағаланады. Егер дағды қалыптасса, онда қимыл-қозғалыс тез, тиімді, тұтас орындалады.

Дағды - бұл жаттығу негізінде белгілі бір кемеліне жеткізген тұтас қимыл – қозғалыс, тез, дәл және тиімді, жоғары сапада және сандық нәтижеде орындалады.

Қимыл - қозғалыстық дағдылардың қалыптасуының келесі кезеңдері бар:

- көру қабылдау негізінде; бұл кезеңде қимыл-қозғалыста көп қателер байқалады;

- көру – бұлшық ет түйсіктері негізінде; бұл кезеңде қимыл-қозғалыс дәлірек орындалады;

- бұлшық еттегі түйсіктер негізінде, бұл қимыл-қозғалыстарды тез, дәл, тиімді және тұрақты орындауға көмектеседі. Сонымен қатар, бұл кезеңде дағды шарттары өзгерген кезде, өзгеріп отыруға бейімделген икемді болады.

Жаттығу – қимыл-қозғалысты жетілдіру мақсатымен қайталап орындау.

Қимыл қозғалысты бағдарлайтын бейне қандай болса, қимыл-қозғалыстың кзі де сондай болатынын атап көрсету маңызды. Қимыл-қозғалыс санада болатын қимыл-қозғалыстың ойша бейнесі, оның «идеясы» ретінде басталады. Осындай ойша бейне кейін ағзаның орындаушы бөлігіне (бұлшық ет, буындар т.с.с.) ауысады. Бұл жерде қимыл-қозғалыс орындалады.

Ұлы орыс физиологы И.М. Сеченов өзінің «Рефлексы головного мозга» атты кітабында адам белгілі бір қимыл-қозғалыс туралы ойлаған кезде ырықсыз оны орындайтыны туралы айтады. Тіпті адам жай бір нәрсе туралы ойланса, бұлшық еттерде микро қысқартулар болады екен.

Қимыл-қозғалыстарды ойша қысқартулар бұлшық ет талшықтарында болар болмас қысқартулар мен босаңсуларды тундатады. Көзге бұл микро үрдістер байқалмайды. Бірақ олардың шындығында бар екенін дәлелдеу үшін тәжірибе жасауға болады. Тәжірибелі спорт психологы А.В.

Алексеевтің тәжірибелік жұмысының мысалына сүйене отырып, осы механизмнің қалай қолданылатынын көрсетейік.

Ұзындығы мөлшерлеп алғанда бір метр болатын жіп алыңыз, соңына аздаған жүкті байлаңыз (мысалы, сақина), басқа жағын негізгі қолыңыздың (оңқаларда оң қолы, солақайлар сол қолы) сұқ саусағыңызға орап алыңыз, саусақ пен жүктің арақашықтығы 70-80 см, болатындай болсын. Қолыңызды иығыңыз деңгейіне дейін созып, жүкті бір қалыпқа келтіріңіз. Ілулі тұрған затқа зейініңізді толық аударып, оның ойша қозғала бастағанын елестетіңіз: оңға - солға, солға - оңға қарай. Бірнеше секундтан кейін, шынымен де, жүк сәйкес қозғала бастайды. Егер жүк дөңгелеп қозғалғанын елестетсеңдер, ол шынымен де ойша берілген траектория бойынша қозғалады.

Тербелістердің қарқынына қарап, спортшының да миы мен бұлшық еттері арасындағы байланыстардың қаншалықты күшті екендігін бағалауына болады. Егер қарқындығы бір метрге дейін жетсе, онда бұл байланыс 5, егер – 5 см болса – бірдей бағаланады.

Қимыл-қозғалыстарды ойша (идеялар түрінде) санада пайда болып кейін моторикада - нақты сәйкес келетін бұлшық еттердің қимыл-қозғалыстарында жүзеге асырылған үрдістерді идеомоторлық актілер деп аталады. Егер тәжірибені жалғастырып, жүктің қозғалыстарына сәйкес солға - оңға деп қатты дауыстап айтса тербелу амплитудасы өседі. Сөз арқылы қозғалысты күшейте аламыз. Сөйлеуді өте дәл қимыл-қозғалыстарға қол жеткізу үшін қолдануға болады.

Идеомоторлық қимыл-қозғалыс көру арқылы қадағаланатын қимыл-қозғалысқа қарағанда неғұрлым дәлірек орындалады. Сондықтан бапкердің бірінші міндеті – шәкіртінің санасында қажетті қимыл қозғалыстың өте дәл ойша бейнесін қалыптастыру. Жоғары дәрежедегі шебердің осы қимыл-қозғалысты орындауын бақылап, оқушы оны кейін ойша ең жақсы нұсқасында орындауын ойша елестету үшін алдымен есте сақтауы қажет. Және де қажетті дәлдікті жоғалтпай бірнеше қайталау қажет (3).

Суға секіру бойынша олимпиадалық

базада, «құрғақ трамплинде» (суға емес, поролон толтырылған шұңқырға секіретін жер) елдегі бес үздікке кіретін спорт шебері жаттығып жатты. Оның бапкері, егде жастағы адам, салмақты, тіпті философиялық мұнды түрімен әр секірістен кейін өте байсалды дауыспен бір ғана сөйлемді айтады: «Надя қолыңды таста...». Жаттығуды сырттай байқап тұрған А.В. Алексеев бапкердің бұл сөйлемін 22 рет қайталағанын санапты. Содан кейін бапкер тағы да өте байсалды түрімен «Надя, кетші бар» деген екен. Осымен жаттығу аяқталыпты және қапаланған спортшы бір сөз айтпай кетіп қалды. Психолог бапкерден Надя неліктен оның бұйрықтарын орындамағандығы туралы сұрапты. Оны өзінен сұраңыз, - деп жауап берді бапкер. Психологқа спортшымен жұмыс жүргізуге рұқсат берілді.

Жұмысын психолог спортшыдан «қолыңды таста» деген сөйлем нені білдіреді деп сұрауынан бастады. Сөйтсе, трамплиннен серпіген кезде қолдың буынын неғұрлым жоғары көтеріп (тастап), содан кейін ғана «айналдыруды» бастау керек екен.

- Сенің қателігің неде болды?

- Мен қолымды иығыма дейін ғана, басымнан жоғары көтермей, «айналдыруды» жасай бастадым.

- Неге сіз не істеу керек екеніндігіне біле тұра, істеменіз?

- Білмеймін...қалай істеу керек екендігін білемін, бірақ неге істей алмайтыным белгісіз.

Мұндай жауап түрлі спорттарда қимыл-қозғалысты дәл орындай алмаған кезде жиі кездеседі.

Содан соң психолог жіп пен жүктің көмегімен ол спортшының миы мен бұлшық еттері арасында байланыстары қанағаттанарлық, жақсы «үшке» сәйкес келетінін анықтады. Психолог идеомоторлық бейнелердің мәнісін және олардың көру бейнелерден айырмашылығын түсіндіре отырып, - қолын төмен түсіріп, көзін жұмып, идеомоторлы түрде қолды дұрыс «тастауды» елестетуді, содан кейін тапсырма орындалғаннан соң көзін ашуды сұрады.

Секундомерге қарап отырып психолог 3 секундты талап ететін тапсырма 10 секундта да орындалмағанына таң қалды. Спортшы қолын иығынан жоғары көтере

алмау себебі – бұл бірнеше рет дұрыс жасалмаған қозғалыстар есінде күшті із қалдырған болып шықты. Сонда психолог пен спортшы дұрыс орындалатын қол тастауды қайталау арқылы бұлшық еттен миға қарай «жол» сала бастады. 10 рет өте баяу жылдамдықта Надя «жоғары» деген сөзді әр рет қайталап отырып, өте дәл, дұрыс қолын көтерді. Бұл тапсырманы орындау арасында 1 минуттық үзіліс жасай отырып, қатарынан 3 рет орындап, Надя тағы да көзін жұмып қажетті қимыл-қозғалысты үлгілі түрде елестетуге тырысты. Енді оның қолдары неғұрлым жоғары көтеріле бастады. Ол бұған өте қуанды. Осылайша 40 минут жұмыс жүргізіп, олар спортшының қолды дұрыс «тастауын» ойша бірнеше рет елестетті. Ертеңінде жаттығу барысында оның қолдары өзінен өздері дұрыс қимыл-қозғалыс жасай бастады!

- Ал сіз бапкер болып жұмыс істей алады екенсіз, - деп қорытты таңданған Надяның бапкері.

А.В. Алексеев спорттың кез келген түрлерінде идеомоторлық жаттығуды табысты қолданады. Мысалы, ол «қосалқа сальхов» деп аталатын секіруді орындауда мәнерлеп сырғанау бойынша спорт шеберіне көмектесе алады. Міндетті бағдарламаның бұл элементін бірнеше күнде-ақ қайта жаңғыртты. Ал әдеттегі тәсілдер арқылы бұл спортшының әйгілі бапкері бір айдың ішінде де жасай алмаған екен.

Төрт бапкер бір жас спорт шеберіне атудың дұрыс техникасын қайта жаңғырта алмаған, оған да идеомоторлық жаттығу көмектескен. Ресейлік жетекші синхроншылардың біреуіне идеомоторлық тренинг дұрыс жатталмаған қозғалысты орындалуынан арылуына көмектесті. Бұл ретте А.В. Алексеевтің өзі мәнерлеп сырғанаумен, садақпен атумен немесе синхрондық жүзумен айнал ыспағандығын айта кеткен жөн болар. Неге спорттың түрлеріне мықты мамандар, тәжірибелі бапкерлер бұл мәселені шеше алмады? Мүмкін, олар «байқау және қателер» әдісі бойынша жұмыс жүргізгенінен шығар.

А.В.Алексеев былай деп жазған екені: «Бапкерлерге жақсы кеңес беремін – егер шәкіртіңіз бір қимыл-қозғалысты жасай алмаса, ашуланбаңыз, «оның миына үңіліп», спорттық техниканың үйреніп жат-

кан элементінің ойша дәл бейнесі бар немесе жоқ екендігіне қараңыз». Әдетте, ол жоқ болып шығады, ал оның орнына «байқау мен қателер» әдісін қолдану нәтижесінде пайда болған, керек қимыл-қозғалысты сапалы орындауға мүмкіндік бермейтін дұрыс емес ойша бейне табылады. Сондықтан да – ешқашан шәкіртіңіз қажет қимыл-қозғалыстың неғұрлым дәл бейнесін ойша елестете алмайынша, оны жасап көруге жібермеңіз. Және де мұны ол бейненің дәлдігін жоғалтпай тұрғанда қатарынан бірнеше рет жасауы қажет.

Идеomotorлық тренингті қолдану жаттығу уақытын, жүктемесін екі есе қысқартуға мүмкіндік береді, шеберлікті қажет деңгейде бекіту үшін, мысалы, суға 100-120 секірістің орнына 40-60 секіріс жасау жеткілікті болады. Бұл, әсіресе, шаршатын жаттығуларға қызығушылығын төмендететін балалар үшін маңызды.

Қимыл-қозғалыстардың дәлдігін қамтамасыз ететін екінші ықпал – меңгерілетін спорттық техниканың элементін іс жүзінде жүзеге асыру үшін қажет болатын орындаушы аппараттың дайындық дәрежесі. Қимыл-қозғалыстың ойша бейнесін бұлшық еттер мен буындарға ауыстырудан бұрын, денені нақты жағдайда қажет етілетін қалыпқа келтіру керек. Мысалы, бөгетті женудің техникасын меңгеру барысында жерде «бөгеттің үстіндегідей» қалыпты отыра алғаннан кейін ғана үлгілі техникасының ойша бейнелерін қимыл-қозғалыс аппаратына ауыстыру қажет.

Қимыл-қозғалыстардың дәлдігін қамтамасыз ететін үшінші ықпал – ағзаның бағдарламайтын бөлігі – бас миы және орындаушы бөлігі – дене арасындағы байланысың сапасымен анықталады. Бұл байланыс міндетті түрде идеomotorлық болуы тиіс, өйткені көру ойша елестердің («сыртынан» көрінетін қимыл-қозғалыстардың бейнелері) жаттықтырушы әсері өте әлсіз болады. Пайда болатын микро қозғалыстар сырғанаушылар мен синхроншылардың бойынан ерекше байқалады. Конькилердің жүзі мұз аясымен шамалы ілінісуіне байланысты сырғанаушыларды таңдандырып, мұзда «жетелей бастайды».

Болашақта болатын қимыл-қозғалысты имитациялар, яғни тұспалдап орындап, спортшыға қозғалыс аппаратынан ор-

талыққа, бас миына қарай жүріп отырып, өзіне спорттық техникада қажет элементті сезінуге көмектеседі. Бірақ, бұл жеткіліксіз. Имитация максималды пайда әкелу үшін, қимыл-қозғалысты орындаудан бұрын, оны ойша көріп, ең жақсысын атау керек. Егер имитацияны немқұрайлы атқарып немесе ол кезде басқа бір ойларға, мысалы, қарсыластарды немесе ол кезде басқа бір ойларға берілетін болса, имитацияланған әрекеттер қажет пайдасын тигізбейді.

Бірқатар авторлардың, олардың ішінде Ленинград мектебінің профессоры А.Ц. Пуни зерттеулерінде қажет қозғалысты дәл орындауға сөздерді қолдану көмектесетіні көрсетілді. Бұл сөздердің грамматикасы және әдеби тілі жағынан кемел болмаса да, олар үлгілі қимыл-қозғалыстардың ең алғашында әлсіз болатын ойша бейнелерді мейілінше берік етуге бағытталып құралады. Әр спортшы оған қажет әрекеттердің элементтерін өзіне ғана тән сөйлеу үлгісіне сәйкес белгілейді. Мінсіз қимыл-қозғалыстардың сөздік формуламын бапкермен келесіге болады.

Сөздік формулалардың нақты сипаттамалары ойды жақсылап түзетілген рельестерге қояды. Бұл рельестермен анықталған мақсатқа қарай – мінсіз қимыл-қозғалысқа қарай жүру жарыстардың төтенше жағдайларында көп жағдайда басқарылмайтын аласапыран ойлау толқындарында тырбаңдаудан жеңілдеу болады.

Сөздік формулалар спортшыға зейінінің тұрақтылығы мен шоғырлануын сақтауға көмектеседі. Спорт шеберіне кандидаты үшін жасалған, Немогаев В.В. бапкерімен келесіге садақтан атудың идеалды үлгісінің сөздік формулаларының мысалы.

1. Аяғымды бос ұстап, тіземді артқа қарай жіберем, аяғымның ұшына сүйеніп, табанымда орнықты тұрмын.

2. Денем бос, арқам тік, алға қарай аздап еңкейіңкі.

3. Садақты босаңсыған қолыммен ұстап тұрмын.

4. Сол қолым иығымның сызығына шығады, құлыптап бекітемін.

5. Оң шынтағымды сәл жоғарырақ көтеремін.

6. Көздеу бағытын қарауылға аламын.

7. Садақты тірелгенше басамын, оң

қолымды бос ұстаймын, шынтағымды артқа қарай тартамын.

8. Иегімді жанап өтіп, артқа қарай қозғалысты жалғастырамын.

9. Бірден шертпектен өтемін.

10. Саусағымды босата бастаймын.

11. Нысананы бақылаймын.

12. Шығару.

13. Тонусты сақтаймын.

14. Өзімді тыңдаймын.

8 айдаң соң спортшы жаттығу барысында алғашқы 14 формуланы 7-ге дейін қысқартады:

1. Тік тұру

2. Сол қолымды тіреу

3. Арқам күшейе түседі

4. Сол қолым алға

5. Тоқтаусыз тарту күші

6. Шығару

7. Өзімді тыңдаймын

Тағы 3 айдаң соң жиындарда психолог түзетулер енгізгеннен кейін, 6 формула қалды:

1. Сенімді тік тұру

2. Сол қолымды құлыппен алға

3. Арқаны тоқтаусыз тарту

4. Оң қолым сол қолымның жазықтығында иекке қарай бірқалыпты ұмтылады

5. Ширек шығару

6. Өзімді тыңдаймын

Бірінші кезең

Нәтижесінде ағзаның орындаушы бөлігі (тірек-қозғалысы аппараты және жүрек-тамыр жүйесі) жетілдіріп немесе үйреніп жатқан қимыл-қозғалыстың немесе әрекеттің физикалық атқарылуына жеңіл түрде қосылатын ширатып шынықтыру өткізіледі.

Екінші кезең

Бапкер қолындағы барлық әдістерді қолдана отырып, спортшының санасына үйретілетін немесе жетілдіретін қимыл-қозғалыстың неғұрлым дәл ойша бейнесін енгізуі керек.

Үшінші кезең

Иә деген жағымды жауап алғаннан кейін бапкер спортшыдан көзін жұмып, ойша қажет қимыл-қозғалысты мінсіз нұсқасында елестетуін сұрайды. Кейде өзін және бапкерін таңдандырып бірден елестете ал-

майды.

Төртінші кезең

Шәкірт қажет қимыл-қозғалыстың мінсіз нұсқасын ойша елестете алғаннан кейін, секундомер алып, қимыл-қозғалыстың ойша елестетуін уақыт бойынша нақты жағдайдағы орындалатын қимыл-қозғалысқа сәйкестігін тексеру керек. Қимыл-қозғалыстың күрделілігіне байланысты сәл айырмашылық болуы керек.

Бесінші кезең

Спортшы нақты уақытты ескере отырып, қажет қимыл-қозғалысты бірнеше рет дәл қайталай алатындығын көрсеткеннен кейін, оны осы ойша бейнені бұлшық етке ауыстыруды сұраймыз. Сәйкес келетін бұлшық еттерде әлсіз, ең бастапқы қозғалыстардың пайда болуы ми мен бұлшық еттер арасында қажет байланыстардың орнатылғаны туралы айтады.

Алтыншы кезең

Бірінің артынан бірі жүріп отыратын жеке-жеке қимыл-қозғалыстар тізбегінде «тірек элемент» деп атауға болатын, барлық комбинацияның сәтті орындалуын қамтамасыз ететін бір негізгісін бөлек алу керек.

Жетінші кезең

Тірек элементке нақты атау беру керек. Дұрыс қолданылған сөздер, тірек элементін орындауда (немесе оны орындаудың дәл алдында) бір сәтте ұғынуға және сол арқылы барлық әрекетті өте дәл орындауға көмектеседі.

Спорттағы тактикалық ойлау

Психологияда ойлау тапсырмаларын шешу, ақпаратты өңдеу, оны түсіну ретінде қарастырылады. Спортта тактикалық тапсырмаларды шешу және тактикалық ойлау туралы айтуға болады.

Әр ойында қағылған доп, яғни гол қарқынды эмоцияларды туындатады. Устел теннисінде голдар әр 15-20 секунд сайын болады.

Спортшының тактикалық ойлауының басқа полюсінде – спортшы өз әрекеттерін ойлауға үлгермейді, көбінесе интуицияға сүйене отырып, «алдын ала болжау, шама-

лау, сазу арқылы жауап қайтарады, бұл жарысқа ерекше сән береді. Тактикалық ойлау кестелері бапкерден жаттығуларда және жарыстарда беретін ақпарат негізінде қалыптасатынын байқауға болады. Бірақ тактикалық шешімдер өзіндік бақылау мен талдаудың, ойын үстінде өзіндік интеллектуалды жұмыстың негізінде пайда болуы да мүмкін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сабилов Р.Ш., Жансерікова Д.А., Смағұлова С.А. Дене мәдениеті және спорт

психологиясы. – Қарағанды, 2012.

2. Ким А.М., Қасымжанов А.А., Садықов А.Т., Жаркешов Қ.И. Спорт психологиясы. – Алматы, 2014.
3. Родионов А.В. Психология спорта высших достижений. – М., 1979.
4. Попов А.Л. Психология спорта. Учеб. пособие для физкультурных вузов. – М., 1998
5. Ильин Е.П. Психология физического воспитания. – М., 1987.
6. Ханин Ю.Л. Психология общения в спорте. – М., 1980.

УДК 796.8

АУЫР АТЛЕТИКА СПОРТЫНЫҢ ҚЫСҚАША ДАМУ ТАРИХЫ МЕН НЕГІЗГІ ТЕХНИКАЛАРЫ

Ақманов Е.О.

Ауыр атлетика Олимпиада ойындарына кірген әлемдегі танымал спорттардың бірі. Бұл спорт алғашында АҚШ мемлекетінде пайда болып бірте-бірте бүкіл әлемге жайылып кетті. Қазіргі таңда ауыр атлетика біздің мемлекетімізде беделі мықты спорттардың біріне айналған. 2014 жылы ауыр атлетикадан Әлем чемпионаты Астанада өтеді. Бұл жарыста 2016 жылы Рио-Де-Жанейрода өтетін Олимпиадаға жолдама сарапқа салынатын болады. Бұл туралы ҚР Ауыр атлетика Федерациясының төрағасы Қайрат Тұрлыханов мәлімдеді. Оның айтуынша, мұндай шешім Парижде өткен ауыр атлетика Халықаралық федерацияның атқарушы комитетінің отырысында қабылданған. Мұндай шешім жайдан-жай қабылданған жоқ: Қазақстан мемлекеттік аренада саяси беделі артумен қатар экономикасы да қарқынды түрде дамып келеді. Сонымен қатар қазақстандық ауыр атлетшілер соңғы олимпиададан өзге де ең жоғары дәрежедегі жарыстарда да жақсы табыстарға қол жеткізді.

Ауыр атлетика – зіл темір көтеру әдістерін жинақтаған спорт түрі. Алғашында күш жұмсап орындалатын бокс, күрес, гир көтеру сияқты спорт түрлері де ауыр атлетиканың қатарына жатқызылған, содан XX ғасырдың 30-шы жылдары ауыр атлетика атауы зіл темір көтеруге біржола

бекіді. 1946 жылы зіл темір үш тәсілмен сығымдай, жұлқи және серпи көтеру болып классикалық үшсайыстың бағдарламасынан сығымдай көтеру алынып тасталды. Салмақ көтеру көптеген халықтарға ерте заманнан белгілі бола тұрса да, ауыр атлетикадан алғашқы жарыстар XI ғасырдың 60-жылдары АҚШ-та пайда болды. Алғашқыда бір қолмен салмақ көтеру де жарыс бағдарламасына енген екен. Зіл темір көтеруге үйрететін мектептер XIX ғасырдың 70-ші жылдары Париж және Брюссель қалаларында ашылды. 1985 жылы әуесқой атлеттердің Санкт-Петербургте ашылған алғашқы үйірмесі арқылы кейін аур атлетика Қазақстанға тарады. 1912 жылы ұйымдастырылған ауыр атлеттердің дүниежүзілік одағы 1920 жылы бірлестік болып қайта құрылады. 1898 жылдан әлем, 1947 жылдан Еуропа чемпионаты өтіп, 1900, 1908 және 1912 жылдан басқа уақыттың бәрінде Олимпиядалық ойындардың бағдарламасына енгізіліп келеді. 1920 жылдан бастап атлеттер әр уақытта шегі өзгеріп отырған салмақ түсуде.

Қазір ауыр атлеттер қоссайыстан зіл темірді еш тоқтаусыз жұлқи және кеудеге қондырып барып, жоғары қарай серпи көтеру сияқты екі жаттығуды орындайды. Осы қоссайыстың қорытындысы бойынша чемпион анықталады. Олимпиада ойында-

рында әр елдің командасы құрамындағы спортшылардың саны салмақ дәрежелерінің санынан аспауға тиіс. Бірақ халықаралық бірлестіктің рұқсаты бойынша ойындарға халықаралық талаптарын орындаған спортшыдан басқа салмақ дәрежелерінің есебінен бір салмақта екі атлетті қосақтап шығаруға болады. Чемпионаттар мен Олимпиада ойындарында бірнеше атлет бірдей салмақ көтерген жағдайда спортшылар қайтадан өлшеніп, басымдылық өз салмағы жеңіл атлетке беріледі.

Қазір әйелдер арасында Әлем чемпионаты өткізіліп, 2000 жылдан әйелдер арасында ауыр атлетика Олимпиада ойындардың бағдарламасына енгізілді.

Салмақ категориялары

Ереже бойынша салмақ өлшеу рәсімі жарыс бір немесе екі сағат алдында өткізіледі. 2008 жылдың желтоқсан айына қара ауыр атлетикадан келесі салмақ категорияларда жарыстар өткізіледі:

Ерлер	56 кг дейін	62 кг дейін	69 кг дейін	77 кг дейін	85 кг дейін	94 кг дейін	105 кг дейін	105 кг жоғары
Әйелдер	48 кг дейін	53 кг дейін	58 кг дейін	63 кг дейін	69 кг дейін	75 кг дейін	75 кг дейін	—

Ерлер

Ерлер Категория	1905-1913	1913-1946	1947-1950	1951-1968	1969-1976	1977-1992	1993-1997	1998 ден бастап
Аса жеңіл салмақ	—	—	—	—	52 кг дейін	52 кг дейін	54 кг дейін	—
Жеңіл-ірек салмақ	—	—	56 кг дейін	56 кг дейін	56 кг дейін	56 кг дейін	59 кг дейін	56 кг дейін
Жартылай жеңіл салмақ	—	60 кг дейін	60 кг дейін	60 кг дейін	60 кг дейін	60 кг дейін	64 кг дейін	62 кг дейін
Жеңіл салмақ	70 кг дейін	67,5 кг дейін	67,5 кг дейін	67,5 кг дейін	67,5 кг дейін	67,5 кг дейін	70 кг дейін	69 кг дейін
Жартылай орта салмақ	80 кг дейін	75 кг дейін	75 кг дейін	75 кг дейін	75 кг дейін	75 кг дейін	76 кг дейін	77 кг дейін
Орта салмақ	—	82,5 кг дейін	82,5 кг дейін	82,5 кг дейін	82,5 кг дейін	82,5 кг дейін	83 кг дейін	85 кг дейін
Жартылай ауыр салмақ	—	—	—	90 кг дейін	90 кг дейін	90 кг дейін	91 кг дейін	94 кг дейін
Ауыр салмақ	80 кг жоғары	82,5 кг жоғары	82,5 кг жоғары	90 кг жоғары	110 кг дейін	100 кг дейін	99 кг дейін	105 кг дейін
Бірінші ауыр салмақ	—	—	—	—	—	110 кг дейін	108 кг дейін	—
Аса ауыр салмақ	—	—	—	—	110 кг жоғары	110 кг жоғары	108 кг жоғары	105 кг жоғары

КСРО дәуірінде дараланғандар. Юрий Зайцев 1951 жылы Қиыр Шығыстағы Сахалин аралының Победино ауылында туып-өсті. Кейіннен әке-шешесімен бірге Теміртау қаласына көшіп келді. Сол жерде ауыр атлетикамен «танысқан» бала араға жылдар салып, керемет көрсеткіштерге қол жеткізді. 1975 жылы ол «Достық кубогында» топ жарып, КСРО халықтары спартакиадасы мен Еуропа чемпионатында күміс медаль алды. Мәскеуде жалауы желбіреген

әлем чемпионатында конкурстан тыс қатысып, дүниежүзілік рекордқа өзгеріс енгізеді. 1976 жылы Қарағандыда өткен КСРО чемпионатында алтыннан алқа тағынып, Олимпиада ойындарына қатысу құрметіне ие болады. Монреальда 110 келі салмақта сынға түскен Зайцев 385 (165+220) келілік зілтемірді ыркына оңай көндіріп, бас жүлдені олжалайды. Бір айта кетерлігі, айтулы Олимпиадада болгариялық Валентин Христов өз нәтижесі бойынша қазақстан-

дық ауыр атлеттен асып түседі. Алайда оған «допинг қолданды» деген айып тағылып, бас жүлде біздің спортшыға бұйырады. 1977-79 жылдар аралығында әлем чемпионы, Еуропаның екі дүркін чемпионы атанады. Алайда ол кезде Юрий Зайцев Украинаға қоныс аударған болатын. Зайцевтің орнын Виктор Мазин жоқтатқан жоқ. Қарағанды облысының Шахтинск қаласының тумасы Мәскеуде алауы тұтанған Олимпиада ойындарында жеңімпаз атанды. 60 келі салмақта күш сынасқан 26 жастағы жігіт болгариялық Стефан Димитров пен поляк Марек Северынды артқа тастап, діндеген мақсатына қол жеткізді. Мазиннің көрсеткіші – 290 (130+160) келі. Шахтинскінің шымыр жігіті одан бөлек КСРО чемпионы, көптеген халықаралық жарыстардың жеңімпазы болды. Сондай-ақ ол алты рет әлемдік рекордты жаңартты. Кейіннен Виктор да Ресейдің Краснояр өлкесіне көшіп кетті. 1984 жылы социалистік елдер Лос-Анджелестегі ойындарға барған жоқ. Ал 1988 жылы Сеул Олимпиадасында Анатолий Храпатыйдың бақ жұлдызы жанды. Ол 1963 жылы Ақмола облысының Атбасар қаласында туды. Балауса шағында-ақ осы спорт түрімен айналысқан Анатолий бірден дара талантымен окшауланды. Ол КСРО, Еуропа біріншіліктерін сан мәрте ұтты. Бес рет әлем чемпионы атағына қол жеткізді. Сеулдегі ойындарда 90 келі салмақта шеберлік сынасқан отандасымыз 412 (187,5+225) келілік нәтижемен бас жүлдені қоржынға салды. Ол өзінің басты қарсыласы әрі командалық әріптесі Наиль Мұхамедьяровтан 12,5 келі көп көтерді. Өзбек спортшысы күміс медальді мойнына ілді. Жоғарыда есімдері аталған спортшылардан бөлек Владимир Можейков пен Евгений Сыпко сынды қазақстандықтар ресми халықаралық жарыстардан жүлделі оралды.

Тәуелсіздік елдің түлектері. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін елдегі экономикалық қиындықтарға карамастан, спорттың даму барысы көңілдегідей болды. Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Назарбаев бұл салаға ерекше көңіл бөліп, барынша қолдау көрсетті. Байрақты бәсекелерге спортшылар қауымының еш алаңсыз даярлануына қолайлы жағдай жасалып, жеңіске жеткендерге мол көлемде сыйақы тағайындалды. Тіптен Олимпиада

ойындары барысында Елбасы ауыр атлеттер жарысына арнайы ат басын бұрып, өз отандастарының өнерін тамашалады. 1996 жылы Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде Олимпиада ойындарына тұңғыш рет қатысты. Біздің өрендер барлық спорт түрлері бойынша 11 медальға иелік етсе, соның бірі Анатолий Храпатыйдың еншісінде. АҚШ-та оның басты қарсыласы, бұрынғы КСРО азаматы, кейіннен Грекияға қоныс аударған Акакиде Кахиашвилис еді. Барселона Олимпиадасы тұсында мамандардың таңдауы соңғысына түсіп, Қазақстанның спортшысы Пириней түбегіне бара алмай қалғаны есімізде. Екеуара тартыс Атлантада жалғасын тапты. Бұл бәсеке Акакиде Кахиашвилистің пайдасына шешіліп, ол чемпион атанса, біздің жігітке күміс медаль бұйырды. Грек атлеті 420 (185+235) келіні бағындырса, Храпатый 410 (187,5+222,5) келілік жеңені қанағат тұтты. Өкінішке қарай, 2008 жылдың жаз айында Анатолий Храпатый жол апатынан қаза тапты. 2000 жылы Сидней Олимпиадасынан Қазақстан ауыр атлеттерінің қоржыны бос қайтты. Бұл жағдай спорт басшыларына біраз ой салды. Арада біраз уақыт өткеннен кейін республикалық федерацияның тізгінін Қайрат Тұрлықанов ұстады. Елге Түркияның атақты маманы Энвер Түркілери шақырылды. Осы сала мамандары бірлесіп жұмыс істеп, жоғарыдағы олқылықтың орнын толтыруға кірісті. Бірте-бірте ерен еңбек өз жемісін берді. 2004 жылы Афины Олимпиадасында 29 жастағы Сергей Филмонов жарқ етіп көзге түсті. Оның ерекше дарын иесі екені еш күмән туғызбайды. Алайда жаттығу процесіне немқұрайлылықпен қарағандықтан, Филмоновтың үнемі бағы жанбай жүрген. Мәселен, Сидней Олимпиадасында ол төртінші орынға тұрақтады. Ал Афиныда 77 келі салмақта күш сынасқан отандасымыз жанкештіліктің үлгісін көрсетті. Ескі жарақаты сыр бергеніне карамастан, күміс медальді жеңіп алды. Талдықорғанның тастүлегі 372,5 (172,5+200) келілік зілтемірді тік көтерді. Ал бас жүлде Түркияның жас перісі Танер Сағырдың қоржынында кетті. 2008 жылы Қазақстанның ауыр атлеттері айды аспанға шығарды. Бозбала шағында-ақ ересектер арасында екі рет әлем чемпионы атанып үлгерген Илья Ильин 20 жасында Олимпиада алтынын ол-

жалады. Сыр бойының түлегі 406 (180+226) келілік зілтемірді еркін еңсерді. Әйгілі поляк атлеті Симон Колецки мен ресейлік Қажымұрат Ақаев күміс пен қоланы қанағат тұтуға мәжбүр болды. Степногорскідегі балалар үйінде тәрбиеленген Ирина Некрасованың жеңімпаз атануына небары бір келі салмақ жетпеді. 63 келі салмақта күш сынасқан ол Солтүстік Кореяның өкілі Пактан ұтылды. Олимпиада чемпионы 241 (106+ 135) келіні бағындырса, 20 жастағы Некрасова 240 (110+130) келіні ырқына көндіріп, екінші орын алды. Дәл сондай нәтижеге 75 келі салмақтағы, 26 жастағы Алла Важенина иек артты. Ресейде туып-өскен ол Қазақстанға қоныс аударып, біздің елдің атынан сынға түсуге ниет білдірген еді. Важенинаның қадамы құтты болып, 75 келі салмақта күміс медальді иеленді. Оның көрсеткіші – 266 (119+147) келі. Қытай қызы Чао Лей жерлесімізден 16 келі көп көтерді. +75 келі салмақта көкшегаулық Мария Грабовецкая кіл мықтылармен иық тіресуге тура келді. Шиеленісті тартыста ол 270 (120+150) келі нәтижемен қола медальді қоржынға салды. Бас жүлдені олжалаған корейлық Жангтың көрсеткіші – 326 (140+186) келі. Украиналық Ольга Коробка 277 (124+153) келіні көтерді. Сөйтіп, Қазақстан құрамасы 1 алтын, 2 күміс және 1 қоланы иеленіп, әлемдегі озық командалар қатарына қосылды.

Ауыр атлетиканың Қазақстандағы жағдайы. 1935 жылдан бастап дами бастады. 1935 жылы алғашқы Республика чемпионаты өтті. 1954 жылдан бастап Республиканың ауыр атлеттері бүкілодақтық, дүниежүзілік рекордтарды жанартып, көзге түсіп келеді. С. Ульянов екі рет 1958 және 1960 жылдары КСРО-ның чемпионы атанып, дүниежүзілік рекордтарды сан мәрте жаңартты. Сол сияқты П. Ким, В. Дрекслер, А. Колодков, Ю. Зайцев, В. Мазин, А. Храпатый, С. Филимонов, И. Ильиндер өз уақытында бірнеше мәрте Әлемнің рекордшысы атанды. 1975 жылы В. Можайков Джакартада Әлем чемпионының күміс жүлдегері, Ю. Зайцев (1976, Монреаль), В. Мазин (1980, Мәскеу), А. Храпатый (1988, Сеул), И. Ильин (2008, Пекин) Олимпиада ойындардың чемпионы, С. Филимонов (2004, Афина) күміс жүлдегері, С. Копытов КСРО-ның және КСРО халықтары спарта-

киадасының (1986), Е. Сыпко спартакиада-ның (1986) чемпионы және Еуропа чемпионатының (1987) күміс жүлдегері атанды.

2004 жылы Алматыда Азия чемпионаты өтті. Осы чемпионатта Қазақстан Республикасының құрамасы командалық екінші орынға ие болды.

2008 жылы Пекинде өткен олимпиада ойындарында И. Ильин алтын, И. Некрасова күміс, А. Важенина мен М. Грабовецкая қола медальдарға, В. Седов – төртінші, Б. Ахметов – бесінші орындарға ие болды.

Алдабергенов Жеңіс – ХДСШ-і, жасөспірімдер арасындағы республика біріншілігінің және Азия біріншілігінің (2008 Оңт. Корея) жеңімпазы. Катар Республикасының Доха қаласында өткен Азия ойындарына (төртінші орын) және ересектер арасында Санто-Доминго қаласында өткен Әлем чемпионатына (тоғызыншы орын) қатысушы.

Аужанов Ісләм – ҚазКСР-нің ЕСЖ-сі (1961), ауыр атлетика бойынша Республика құрама командасы 1959 жылы. Қазақ дене тәрбиесі институтын бітірді, студент кезінде гимнастикамен, грек-рим күресімен және ауыр атлетикамен айналысқан. 1965-86 жылдары Қазақстан құрама командасының мемлекеттік жаттықтырушысы болып істеді. Ол дайындаған ауыр атлеттер командасы КСРО халықтарының спартакиадаларында және Бүкілодақтық студенттік ойындарында жақсы өнер көрсетті. Атлеттің В. Ким, П. Ким, Р. Габараев, Ф. Пепериди, Ғ. Тұбышев, А. Рымқұров, І. Оразбақ, К. Нұрғазин, Г. Сержанов сияқты шәкірттері көптеген халықаралық жарыстарда көзге түсіп рекордшылар атанды. Ол Қазақстанда ауыр атлетиканың дамуына көп еңбек сіңірді, 70-ке жуық Спорт Шеберін әзірлеп шығарды.

Ахметов Бахыт Бейсенбекұлы – ауыр атлетикадан ХДСШ-і (2003). Азия Олимпиадасының (2002, Бусан Оңт. Корея), дүниежүзілік универсиаданың (2003, Ит.) чемпионы 2003 жылы зілтемірді екі қолмен жұлқи көтеруде 105 кг-ға дейінгі салмақ дәрежесінде Әлем рекордын (193 кг) жасады. Афиныдағы Олимпиада ойындарында (2004) 80+210=390 кг нәтижемен 7-8 орынға, Пекиндегі Олимпиада ойындарында (2008) 185+225=410 кг нәтижемен 5-ші орынға ие болды.

Әлиев Рафик – ХДСШ-і, Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы, Шығыс Азия елдері ойындарының қола жүлдегері халықаралық турнирлердің жеңімпазы.

Әсембаев Ваха – СШ-і ғасырдың 50-ші жылдарындағы Қазақстандағы ең күшті атлеттердің бірі, республиканың әлденеше, дүркін чемпионы, рекордшысы. Бүкілодақтық ерікті спорт қоғамының күміс, қола жүлдегері, КСРО халықтарының 1 және 2 спартакиадаларында Қазақстанның намысын қорғады.

Багаутдинова Камила – ХДСШ-і, Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы, қыздар арасындағы 20 жасқа дейінгі Азия, Әлем чемпионаттарына қатысушы, Оңт. Азия ойындарының қола жүлдегері.

Белдібаев Ержан – СШ-і Қазақстанның әлденеше дүркін чемпионы және рекордшысы.

Бурынин Андрей – ХДСШ-і, ҚР-ның үш дүркін чемпионы.

Власова Ирина – Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы және рекордшысы, қыздар арасындағы Азия чемпионатының күміс жүлдегері.

Галкин Константин Петрович – ХДСШ-і, ҚР-ның чемпионы Шығыс Азия ойындарының күміс жүлдегері.

Галкин Петр – СШ-і. ҚР-ның еңбек сіңірген жаттықтырушысы.

Ге Николай – СШ-і, педагогика ғылымдарының кандидаты.

Зілтемірді жұлқи және серпи көтеру техникасы.

Жұлқи көтеру - ауыр атлетикадағы қоссайыстың алғашқы түрі. Атлеттің екі табаны екі иықтың деңгейінде орналасады, екі қолдың арасын белтемірден алшақтау, саусақтар «кілттеп», бел қайқайып, бас тік ұсталады. Осы қалыптан салмақ жоғары қарай тартылып, шапшандығын бірте – бірте үдетіп, тізеден аса бере түзілген шапшандықтың қарқыны еркін қозғалысқа ауысып, спортшы зілтемірдің астына сүңгіп кіріп кетіп, салмақты екі қолмен демей отырып қол ұшына шығарады. Қолдар шыңтақ буынынан бүгілгенде, талтая отырады. Осы қалыптан түрегеліп көтерген салмағын жоғарыда төрешілер белгі бергенше секунд ұстайды. Ғасырдың басында 1900-1928 жылдары бір қолмен жұлқи көтеру ауыр атлетикалық бессайыстың бағдарламасына ен-

ген.

Серпи көтеру - ауыр атлетикадағы қоссайыстың екінші түрі. Бұл жаттығу екі қимылда орындалады: Зілтемірді кеудеге қондыру және кеудеден серпи көтеру. Атлеттің екі табаны, қолдары екі иықтың деңгейінде орналасады, содан сон зілтемір жоғры тартылып бұғанаға қондырылады. Ғасырдың алпысыншы жылдарына дейін зілтемір көтерудің бірінші фазасы екі аяқты қайшылап тастау әдісі арқылы орындалатын болса, кейін салмақты отыра қалып көтеру әдісі қолданылады. Атлет бойын тіктеп, салмақты бұғанасына қондырып тыныс алуын қалпына келтіргеннен кейін зілтемірді жоғары қарай серпиді. Бұл тізелерін бүгіп барып, оның жазылған серпуді, дененің итерген күшімен, екі қолдың демеймен ауыр салмақ жоғары қол ұшына шығады. Осы сәтте атлет аяқтарын қайшылайды немесе тізелерін сәл-сәл бүгіп отыра қалады. Осыдан кейін көтерген салмағын қол ұшында ұстап, қалпына келіп тік тұрады. Белгі берілгеннен кейін көтерген салмағын төсенішке тастайды. Ғасырдың басында бір қолмен серпи көтеру ауыр атлетика бессайыстың 1920-1924 жылдары Олимпиада ойындардың бағдарламасына да енді.

Зілтемірмен қосымша жаттығулар жасау. Атлеттің күші тек қана екі жаттығуды – жұлқи және серпи көтеруді жасаумен өтетіндігі белгілі. Күшті дамыту үшін басқа қосымша жаттығулар жасау керек. Енді солардың кейбіреулеріне тоқтайық: 1. Тізені бүкпей зілтемірді кеудеден көтеру – бұл екі әдіспен орындалады. Салмақ кеудеге, бұған сүйектің үстіне қондырылған кейін немесе тіреуіштен кеудеге ауыстырылып екі қолдың күшімен сығымдай жоғары көтеріледі. 2. Жазылған екі аяқ, жамбас буындарының және кеуденің екі қолдың күшімен жоғары көтеріледі. Жартылай серпу – жазылған бундарының және кеуденің күшімен зілтемір кеудеден серпіліп екі қолдың демеймен бастан жоғары көтеріледі. Бұл жаттығу көбінесе ауыр салмақтармен орындалады. Желкеден серпу – желкеде тұрған зілтемірді серпіп жоғары көтеруге екі әдіспен орындалады: 1. Тек екі қолдың күшімен ғана сығымдап. 2. Бүкіл денемен қатты серпіп барып жоғары қол ұшына шығарылады. Омыртқа бел-

демше тұсынан сәл икемделгені болмаса дене түзу ұсталады. Ауыр атлеттердің барлық бұлшық еттері, буындары, сіңірлері мықты болуы керек. Бұл үшін спортшы әрбір сабақ сайын қосымша жаттығулар жасап отыруға тиіс.

Зілтемірмен отырып тұру – бұл екі аяқтың күшін жетілдіруге арналған жаттығу әр жаттығу сайын орындалады. Мұнда зілтемір желкеге немесе бұғанаға қондырылып, екі қолмен белтемірдей бірдей арақашықтықта мықтап ұсталады. Жеңіл, орташа, ауыр салмақпен отырып-тұру тізе буынын шегіне дейін бүгіп немесе жартылай бүгіп те орындала береді. Бұл жаттығуды екі аяқтың күшін жақсы жетілдіру үшін басқа спорт түрлерімен айналысушылар да жасайды.

Зілтемірді тізе тұсында көтеру – буындардың жазылу күшін жетілдіру және салмақтың еркін қозғалу сәтін үдету, жетілдіру үшін жасалады. Мұнда зілтемірді кеудеге дейін немесе бірден екі қолдың ұшына дейін көтеруге болады. Табан (плинт) үстіне қойылған зілтемірді көтеру –

әдістерді еркін көтеру шапшаңдығын жетілдіру үшін қолданылатын өте пайдалы жаттығу.

Зілтемірмен секіру – екі аяқтың, арқаның бұлшық еттерінің күшін, жиырылу тездігін жетілдіру үшін жасалады.

Зілтемірмен еңкею – иыққа асқан зілтемірмен денені алға өарай еңкейту, ална қарай еңкею баяу орындалады да, денені жазып қайтадан қалпына келтіру тез жасалады. Бас, мойын, арқа түзу ұсталады. Тарту – белтемірден ұстап ауыр салмақты тізеге, белуарға, кеуде тұсына, қол ұшына дейін жерден әр-түрлі шапшаңдықпен көтеру. Тарту алдымен баяу басталып, шапшаңдығын бірте-бірте ұлғайтады, оны жерден немесе тұғырға қойған жерден орындауға болады. Мұнда аяқ, жамбас буыны зілтемірді көтерер алдындағы белгілі бір бұрышпен, бел қайқайып түзу, бас бармақтың тырнағы сұқ сау-сақпен басылып алақан «құлыпталып» ұсталады. Тарту – аяқтың, белдің, қолдың күшін зілтемір көтерудің әдісін жетілдіру үшін өте маңызды жаттығулардың бірі болып табылады.

Разрядтық нормалар

Ерлер үшін

Салмақ кат-я (кг)	ХДСШ	СШ	СПУ	I	II	III	I жас	II жас	III жас
32			85	75	65	60	50	45	40
34			95	80	70	65	55	50	45
38			105	95	80	70	65	55	50
42			120	105	95	80	70	65	60
46		160	135	120	105	90	85	75	70
50		180	155	135	120	105	90	85	75
56	255	205	175	155	135	120	105	95	85
62	285	230	195	175	155	130	120	105	95
69	320	255	220	190	170	145	130	115	100
77	350	280	240	210	185	160	140	125	110
85	365	295	255	225	195	170	145	130	115
94	385	310	265	235	205	175	155	135	120
105	400	320	275	240	215	185	160	140	125
105 жоғары	415	325	280	245	220	190	165	145	130

Әйелдер үшін

Салмақ кат-я (кг)	ХДСШ	СШ	СШҮ	I	II	III	I жас	II жас	III жас
32			75	65	55	50	45	40	35
36			80	70	65	55	50	45	40
40			90	80	75	65	55	50	45
44		120	100	85	80	70	60	55	50
48	165	130	110	95	85	80	65	60	55
53	180	140	120	105	95	85	75	65	60
58	190	150	130	115	105	90	80	70	65
63	205	160	140	120	110	95	82,5	75	70
69	215	170	150	130	115	100	95	85	80
75	225	180	155	135	120	110	95	85	80
75 жоғары	235	190	160	140	125	115	100	90	85

Сонымен қорытындылай келе, Ауыр атлетика – зілтемір көтеру әдістерін жинақтаған спорт түрі. Алғашында күш жұмсап орындалатын бокс, күрес, гiр көтеру сияқты спорт түрлері де ауыр атлетиканың қатарына жатқызылған, содан ХХ ғасырдың 30-шы жылдары ауыр атлетика атауы зілтемір көтеруге біржола бекіді. Біз еліміздің аталмыш салада жүрген спортшыларына барлық жарыстарда сәттілік тілейміз. Еліміздің ауыр атлетика саласында бұдан да биік белестерді бағындыра алатындығына толықтай сенеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жилкин А.И., Кузьмин В.С., Сидорчук Е.В. Легкая атлетика: учебное пособие для студентов высших учебных заведений. – М.: «Академия», 2008. – 220 с.
2. Верхошанский Ю.В. Программирование и организация тренировочного процесса. – М.: ФиС, 1995. – 267 с.
3. Филин В.П., Фомин Н.А. Основы юношеского спорта. – М.: ФиС, 2000. – 146 с.
4. Платонов В.Н. Подготовка юного спортсмена. – Киев, 1998, – 221 с.
5. Озолин Н.Г. Современная система спортивной тренировки. – М., 1990. – 345 с.

УДК 370.182.6

**ЖЕТИМ БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТЫҢ
ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ**

Асылғазина А.М.

Кейінгі жылдары әлеуметтік-экономикалық себептерге байланысты және әртүрлі себептер тұрғысынан жетім және әлеуметтік жетім балалар саны артуда. Осыған байланысты жетімдер мәселесі және оларға білім беру тәрбиелеу үдерісі, сонымен қатар, психологиялық - педагогикалық тұрғыдан қамтамасыз ету, тек арнайы педагогикада ғана емес жалпы педагогика, психология, әлеуметтік педагогика және тағы басқа ғылымдардың ғылыми білім саласында көкейтесті болып отыр. Қазіргі кезеңдегі қоғамның даму жағдайы бала тұлғасының әлеуметтенуі балалар іс-әрекеттерінің ерекше ұйымдастырылған, әлеуметтік тұрғыдан тәуелді, қоғамдық және тұлғалық маңызға ие болатын баланың өзін-өзі анықтауға, ұсынуға бағытталған әлеуметтік-педагогикалық құбылыстармен түсіндіріледі.

Жетім балаларды әлеуметтенді қоғамнан ауқымды орын алып отырған ең өзекті мәселелердің бірі – жетім балалар мәселесі. Олардың өмірге даярлық процесі тар шеңберде өтетіндіктен, бұл балалардың әлеуметтенуі де өзіндік ерекшелікке ие. “Жетім” ұғымының анықтамасына келетін болсақ, бұл да бір тарихи сипатқа ие және жетім балалардың жай-күйін сараптау арқылы түсіндіруге болады [1, 29 б.].

Қазақстан Республикасында жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды кәмелетке толғанша мемлекет тікелей қамқорлығына алады, сондай-ақ кәмелетке жеткеннен кейін де олардың жоғары оқу орындарына қабылдануына, жұмысқа орналасуына, баспанамен қамтамасыз етілуіне заңдарда белгіленген негіздерде түрлі жеңілдіктер көрсетіледі. 16 миллион халықтың 16 мың жетімі бар. «Заң - әр мемлекеттің ар-ожданы айнасы» деген қанатты сөз бар. Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Заңның шетелге асырауға бала беру туралы 76-бабы елдің ар-намысына тиіп, түрлі пікірталастар туғызып отыр.

Жетімдік әлеуметтік құбылыс ретін-

де, адам мен қоғамның бастапқы дамуынан келе жатқан құбылыс. Өкінішке орай, ол өркениеттің айырылмас элементіне де айналып отыр.

Жетімдіктің екі негізгі түрі бар екені белгілі: тұл жетімдік (ата-анасының қайтыс болуынан) және әлеуметтік жетімдік (ата-анасының баласын асыраудан бас тартуы немесе асырауға мүмкіншілігінің болмауынан баланың ата-ана қамқорлығынан айырылуы). Ұзақ ғасырлар бойы тек тұл жетімдік ғана қоғамнан орын алып отырды. Бірақ та, XX ғасырдың ортасынан бастап алдыңғы қатардағы мемлекеттің өзінде де ата-аналары тірі жетім балалардың саны күрт өсіп, кең көлемде тарап, қауіп-қатерге әкелді. Көрші мемлекетіміз Ресейдің өзінде ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалардың 95 пайызын әлеуметтік жетімдер құрайды екен. Жетімдіктің пайда болуының негізгі факторлары: ашаршылық, апат, келеңсіз оқиғалар, аурулар және ата-анасының мезгілден бұрын қайтыс болуы тағы басқалар. Отбасының адамгершілік құрылымын бұзуға негізделген үдемелі үрдістер, рухани азғындық, өмірлік адами құндылықтардың жоғалуы мәселені өршіктіре түседі. Бакытсыз балалардың көбеюі ата-аналардың адамгершілікке жат қылықтармен өмір сүруі, аналардың өз баласын асыраудан бас тартуы, жалғыз басты және кәмелеттік жасқа толмаған аналардың санының артуы, ата-аналардың ажырасу факторының көбеюі әлеуметтік жетімдердің санының күн санап өсуіне алып келіп отыр [2, 78 б.].

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған барынша отбасылыққа жақындатылған жағдай туғызу мақсатында республикада балалар үйінің және интернаттық үлгідегі мекемелердің уақталуына деинституционализациялау бойынша нақты жұмыстар жүргізілуде. Бүгінде балалар үйінде отбасы үлгісінде жұмыс істеп жатқан топтарда өзара туыстық қатынаспен байланысқан, бір-бірімен достасқан балалар 8-10 адамнан тұ-

рады. Бұдан басқа балалар үйлерінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбиелеу бағдарламалары енгізілді, отбасына жақындатылған жағдайлар жасалды. Барлық ұйымдарда тәрбиеленуге және білім алуға жағдай жасалған, лингафондық және мультимедиалық кабинеттермен жабдықталған, 148 ұйым Интернет желісіне қосылған. Жыл сайын өңірлерде балалар үйінің тәрбиеленушілеріне арналған «Ризашылық!», «Доброта во благо детям...» қайырымдылық мерекелері және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасында тәрбиелеуге алатын адамдарды тарту және іздестіруге бағытталған «Қуан сәби» республикалық акциясы жүргізілуде.

Мектеп жасына дейінгі жетім балаларды әлеуметтенді мәселесі ғылыми тұрғыдан да, практикалық жағынан да жыл сайын көтеріліп жатса да, ата-анасыз жетім баланы отбасылық қарым-қатынасқа жақындату шешіле қоймаған. Оларды асырап алса да, патронаттыққа алса да жаңа отбасы жетім балалардың проблемасын дұрыс шеше алмай психологтардан көмек сұраған жағдайлар көп, онда тиімді шешу қиынға соққан. Себебі отбасында туралы түсінік және ондағы баланың орны түсінігі мектеп жасына дейінгі кезеңде қалыптасады. Асырап алмаған балалар одан күрделі жағдайда болады, олар интернаттан кейін өмірде өзінің орнын таба алмай, түрлі жағдайларда өзін қалай ұстау керек екенін білмей қысылады. Әлеуметтену бүгінгі күні бірінші орынға қойылса да, неге ол әлі де шешілмеген мәселе және тиімді жолын нақты көрсету күрделі.

Жетім балаларда эмоционалды-тұлғалық деформациялар эмоционалды депривация салдарынан пайда болады. Жетім балалардың қарым-қатынасы ерте шақтан кең болса да, жылы эмоционалды қатынас жеткіліксіз болады, себебі балаға аналық мейірім жетіспей, эмоционалдық стимуляция болады. Балалар үйіндегі кең көлемдегі қарым-қатынас үстіртін болады да, аналық жылылық секілді эмоционалды қамтамасыз ете алмайды. Кең көлемдегі қарым-қатынас кезінде жетім балада өзінің әрекет жасауының қалыптасуы қиындықпен қалыптасады. Ерте шақта көп адамдардың бір балаға қарауы, ары қарай бақылауы, көп баламен қарым-қатынас баланы шаршатып психи-

касына кері әсер етеді, тұлғалық сипатының қалыптасуы мен әлеуметтік бейімделуін ауырлатады. Өзімен жасты балалармен қарым-қатынас жасау тек жасөспірім шағында қажет болады. Осы шақта өзі таңдау жасап, өзінің санасының қалыптасып дамуына жол салынады. Нәтижесінде ерте жаста басталған қолдан жасалған қарым-қатынас әрекетінің қорғану жолдарын қалыптастырады, одан эмоционалды контакт үстіртін және шала болады. Осылайша, жетім баланың үлкен адаммен қарым-қатынасы үстіртін және тиімділігі аз болады. Анамен бірге болғанда ғана сыртқы қарым-қатынасты орнату тиімділігі қалыптасады. Анасының айналасына жағымды және нейтрал қарым-қатынас реакциялары баланың іс-әрекетіне ықпал етеді [3, 8 б.].

1,5 және 2,5 айларынан психологиялық қалыптасуында эмоционалды-тұлғалық қасиеттерінің пайда болғаны көрінеді. Қозғалыс қимылдары, өлеңдетуі мен күлімдеуі – әлеуметтік акт болады, анасын көргендегі баланың қарым-қатынас жасауға ынталануы болып табылады. Балалар үйіндегі жетім балада бұндай әрекеттер кейін пайда болады да, олар ерсі болып көрінуі де мүмкін. Бала көз алдында көрінген адамдардың барлығына сондай реакция көрсетуі мүмкін. Көп жағдайда ондай реакция бермей жылауы да мүмкін. Олар үлкендермен қарым-қатынасы эмоционалды емес, заттық формада болады да, жылы эмоционалды қарым-қатынас дефицит болады. Осының барлығы олардың қорғалмауы болып табылады. Әлеуметтік жағдайдың деструктивті әсері, аналық, коммуникативті, эмоционалды және сенсорлы депривациясы баланың дамуына жеткіліксіздікті туғызып, интернат мекемелерінің әлеуметтік бейімделуіне кедергі болатынын да осы себептерден болады. Отбасында тәрбиелене алмаған баланың арнайы әлеуметтік – психологиялық бейнесі әлеуметтік жағдайдың шектеулігі, бала дамуының жағымсыз биологиялық факторы болады. Осы жағдайда әлеуметтенудің жағымды көрсеткішіне әкелетін іс-әрекеттің символдық моделдік түрі жетім баланың әлеуметтенуіне жағымды әсер беретін құралдары ойын, сурет салу мен қарым-қатынас болып табылады.

Асырап алу – баланы қорғаудың арнайы және аса маңызды түрі. Сот шешімі

мен жергілікті ұйымдар тарапынан баланы бағып алғысы келген жұбайларға, не жеке адамға, туысқандарына отбасы мүшесі ретінде тіркеп беру жүзеге асырылады. Асырап алған отбасы баланың бұдан кейінгі тағдырына жауапты және бағып алған отбасы баланың барлық жағдайын үнемі қадағалап отыру міндетін мойнына алады.

Мемлекеттік бақылау – баланың дамып, қалыптасуына жағдай жасайтын арнайы балалар үйіне, бас амандығын қамтамасыз ететін орындарға, уақытша бағып күтетін мекемелерге, мектеп-интернаттарға орналастыру. Бұлардың әр қайсысында әлеуметтік педагог міндетті түрде жұмыс жүргізеді: белгілі бір мерзімге дейін оларға деген жауапкершілікті мойнына алады; уақытша қамқорлық көрсетеді; бөбектер үйі – бағып, өсіру, қатарға қосу қызметін; балалар үйі – оқыту, тәрбиелеу, бағу міндетін, мектеп интернат – оқыту, тәрбиелеу, қатарға қосу міндеттерін атқарады.

Қазіргі кезде елімізде балалар үйінің жаңа формасы «отбасылық балалар үйі» кеңінен таралуда. Олар сипаты жағынан балаларды уақытша қабылдайтын орындарға да ұқсап кеткенімен, оларға қойылатын басты талап – онда балаларға отбасылық шарт түзу, әр баланың өз қабілеттері кең мүмкіндіктерін жүзеге асыруына, тәрбиеленіп, білім алуына жағдай туғызу. Отбасылық балалар үйі тұл жетімдер мен басқа да қараусыз қалған балаларды біріктіріп, бағып-қағу міндетін орындауына байланысты оларға мемлекет тарапынан қолдау көрсетіледі. Мұндағы тәрбиешілер мен педагогтар әке мен шеше міндетін атқарып, отбасы моделін түзуге ұмтылады. Осыған орай бұл жұмысқа арнайы білімі бар адамдар қабылданып, олар курстардан өтеді. Олардың міндеттері балалар үйіндегідей болғанымен кейбір тұстарында отбасына жақындау талабы қойылады.

Олар мыналар:

- баланың дамуына жағдай жасау және өмір салтын басына жақындатуға тырысады;
- балалардың денсаулығын сақтау;
- материалдық жақтан қамтамасыз ету;
- тәрбиеленушілердің құқығын, мүддесін қорғау;
- білім алуына жағдай жасау;
- мәдениетін қалыптастыру және ны-

ғайту;

- өзін-өзі тануы және өзін дамытуға талаптануын қалыптастыру;

- өз мүмкіндігі мен қабілеттеріне қарай кәсіп таңдауына және оны меңгеруіне ықпал жасау [5, 87 б.].

Қазіргідей елімізде экономикалық жағдай жақсарып, елдің тұрмысы түзеле бастаған тұста бала мен отбасылық мүдделер ескеріліп, интернат типтес балалар үйлерінен басқа да қамқорлықтың баламалы түрлері көбейе бастады. Мысалы, патронаттық тәрбие. Патронат - ата-анасыз қалған баланы өз отбасына аламын деген адам мен мемлекеттік ұйым арасындағы келісім-шарт арқылы жүзеге асырылатын тәрбие формасы. Содан кейін патронаттық келісім-шарттарға көрсетілген уақыт бойында баланы патронаттық ата-анасы тәрбиелейді. Патронаттық тәрбие - балалар үйіндегі жетім балаларды әлеуметтендірудің және оларға отбасы жағдайында тәрбие берудің бірден-бір көзі [4, 96 б.].

Шындығында бүкіл әлемде бала сүйе алмайтын қаншама отбасылар бар. Бұлар «Балалы үй - базар, баласыз үй - қу мазар» мақалын естісе, онсыз да қанталаған жүрегіне жаншып пышақ сұққандай болатын сияқты. Бұрынғы ата-бабаларымызда “тастанды бала” деген болмаған дейді. Ал қазіргі кезде біздің елде жетімдер үйінің бар екендігі және онда балалар санының көбеймесе, азаймайтыны белгілі. Және көптеген асыраушылар шет елдіктер. Осылайша ұрпақтарымызды әр жыл сайын шетелдіктерге мыңдап таратып берерліктей не күн туды? Менің ойымша, қазақ менталитеті неге екені, тастанды бала асырап алуға бейім емес. Жетімектерге көмектесіп, жанашыр болуға бармыз. Бірақ тек асырап алуға емес. Осыны түсіне алмай-ақ қойдым. Не кедергі? Әлеуметтік жағдай? Немесе эгоистік сезім: өз жағдайымызды жасап алайық, не бар балаларды жеткізіп алайық деген сияқты. Не біреудің баласы біреуге бала бола алмайды деген ба? Қорғағымыз келеді... бірақ бәрі тек көңілдің ішінде ғана, бәріне қамқор болу қайда деп қана тыныш отыра береміз... Жетімнің көкірегіндегі арман мен мұңды төрт құбыласы түгел адам ұға алар ма?

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Комаров В.В. Воспитание детей – сирот. Взгляд практического теоретика. - М., 2005.
2. Әқожаева Н., Төлешова Ұ. Әлеуметтік педагогикалық практиканы ұйымдастыру жолдары: оқу әдістемелік құрал. – Алматы: Қазақ университеті, 2009.
3. Әбдікерова Г.О. Тұлға әлеуметтануы. Мәтін: оқу құралы. - Алматы, 2009.
4. Нұрлыбекова А.Б., Аралбаева Г.О. Жасөспірімдер үйіндегі тәрбиеленушілерді әлеуметтендірудің психологиялық аспектілері. – 2008.
5. Сарсенова Ж.Н. Әлеуметтік жұмыс. Мәтін: оқу құралы. – Алматы, 2010

УДК 51:372.8

МАТЕМАТИКА КУРСЫНДАҒЫ АУЫЗША ТАПСЫРМАЛАР

Ескужинова Н.М.

Білімді игерудегі оқытушының негізгі міндеті оқушылардың машықтануын, сонымен бірге олардың шығармашылық қабілеттерін, ізденістерін дамыту. Оқытушы дербес ойлап әрекет жасай алатын жас ұрпақты баулуы тиіс. Математиканы оқытуда есептер оқушылардың математикалық ой – өрісінің дамуы, оқытудың мақсаты әрі құралы болып табылады.

Оқушылардың өзіндік ойлау қабілетін дамытуды әр түрлі әдіс – тәсілдермен шешуге болады.

Ауызша есептеу жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу – сол тиімді тәсілдердің бірі.

Ауызша жаттығулар оқушылардың ойлау белсенділігін арттырып, оларда есептеуге деген қызығушылық тудырады. Осындай жұмыстар кезінде оқушылардың есте сақтау қабілеті артады, математикалық тілі жетіледі. Ауызша есептеуге берілген жаттығулар оқушының тез ойлай білу, жылдам шешім қабылдай білу сияқты қабілеттерін дамытуға көмектеседі.

Сондай – ақ ауызша жаттығулар сабақты түрлендіріп өткізуге де септігін тигізеді. Сондықтан ауызша жаттығулар оқушының ойлау қабілетін танымдық белсенділіктерін қалыптастыруда зор мүмкіндіктерге ие болады

Ауызша жаттығулар арқылы шектеулі уақытты тиімді пайдаланып, сапалы, әрі көлемі жағынан көп жұмыс жасап, оқушылардың жаңа оқу материалдарын меңгеруге дайындығын және қандай мәселеге көбірек көңіл бөлу керектігін анықтауға болады.

Ауызша жаттығуларды орынды әрі

шеберлікпен пайдалану сабақтың нәтижелігі мен сапасын арттырудың негізгі тәсілдерінің бірі.

Оқытушы оқушылар қызығып, өз еріктерімен шығаратын ауызша есептерді таңдау керек. Мұндай есептер оқушының сабақта жоғары белсенді ойлау әрекетінің сақталуын және өз ісіне ынтасының нығайып қамтамасыз етеді.

Сабақтың барысында өткізілетін ауызша жаттығулар оқушыларды бірден жұмысқа кірістіретіндей қызықты болуы керек. Сабақтың ортасында, балалар жазбаша немесе практикалық жұмыстан шаршаған кезде, ауызша есептеулер оларды сергітеді, жұмыс қабілетін арттырады. Жаңа оқу материалдарын оқушылардың қаншалықты меңгергенін бақылау және бағалау үшін сабақтың соңында да ауызша есептерді шығаруға болады.

Ауызша есептеуді сабақтың кез-келген кезеңдерінде қолдануға болады. Сабақтың мазмұны мен мақсатына байланысты ауызша есептеуді қай сабақта көп, қай сабақта аз қолдануға болады? Егер сабақ жаңа материалды түсіндіруден басталса, онда сабақтың басында қолданған жөн, өйткені, оңай жаттығулар арқылы жаңа материалдарды жеңіл түсінуге болады.

Мысалы, логарифм түсінігін енгізу барысында келесі жұмысты жүргізуге болады:

1. Есепте: 2^3 ; $2^3 = 8$, себебі $2^3 = 2 \cdot 2 \cdot 2 = 8$.

2. Берілген мысалда дәреже негізді белгісіз болсын: $2^x = 8$. Белгісізді қандай амалмен табуға болады?

3. Дәреже көрсеткішін табыңдар:

$$2^x = 8; 2^x = 64; 2^x = \frac{1}{4}; 2^x = 0,2; 2^x = 27.$$

Соңғы мысалдарды білімдері әлі жеткіліксіз болғандықтан шығара алмайды.

$$\text{Есептендер: } \log_4 16, \log_2 16, \log_4 1, \log_4 2, \log_4 \frac{1}{2}, \\ \log_{10} 10, \log_{10} 100, \log_{10} 0,01, \log_5 125.$$

Тапсырмалар талданып болғаннан кейін күрделірек тапсырмалар тақтада, жұмыс дәптерлерінде орындылады.

Оқыту дегеніміз белгісізді белгілі ұғымдарға сүйене отырып түсіндіру екенін білеміз. Бұндай процесс кезінде қиын емес ауызша жаттығулар орны өте зор. Мысалы, логарифмдік функция қасиетін талдау үшін көрсеткіштік функция қасиетін қолданбау мүмкін емес. Келесі мысалдар арқылы түсіндіру тиімді болады:

1. Берілген функциялар қасиеттерін атаңдар:

$$\text{а) } y = 3^x; \text{ б) } y = \left(\frac{1}{3}\right)^x; \text{ в) } y = \left(\frac{1}{5}\right)^x$$

2. Барлығына ортақ қасиетті атаңдар.

3. Берілген функциялардың ең үлкен, ең кіші мәндері бар ма?

4. Келесі функциялардың графиктерін схемалық түрде көрсетіндер:

$$y = 3^x; y = \left(\frac{1}{2}\right)^x; y = 3^{|x|}.$$

Әдістемелік тұрғыдан дұрыс жинақталған ауызша жұмысқа арналған жаттығулар жүйесі оқушыларды жинақтап, қорытындылай білуге дағдыландырады. Бұл үшін оларға біртектес тапсырмалар жинағы беріледі. Әр жүйені қарап, талдап болғаннан кейін оқушылар алынған нәтижелерді салыстыра отырып, қорытынды жасаулары керек. Мысалы, логарифмдік функция қасиеттерін өткен кезде келесі сұрақтарды қоюға болады:

Егер: а) санды 2 есе, 3 есе, n есе, $n \in N$ өсірсек?

б) санды 2 есе, 3 есе, n есе, $n \in N$ кемітсек санның логарифмі қалай өзгереді? Бұдан санның логарифмінің еселеп өзгеруі туралы қорытынды жасалады.

Геометрияға қарағанда алгебра курсы логикалық аспектісі төмендеу. Алгебрада аксиома жүйелері бөлінбеген, көптеген теоремалар дәлелдеулері қысқартылған. Бірақ

Осы мысалдар арқылы логарифм түсінігі енгізіліп, шартты белгісі жазылады: $\log_2 8 = x$. Одан кейін бекітуге арналған ауызша тапсырмалар орындалады.

оқушылар тұжырымдардың теориялық мазмұнын меңгеруі керек, олардың алгебра курсына орны мен рөлін түсінуі керек.

Осы мақсатта, теореманы оқымас бұрын орындау барысында дәлелдеуді талап ететін, гипотезалар ұсынылатын тапсырмалар берілуі керек.

Мысалы, функция туындысын бастаған кезде келесі жаттығулар жүйесін беруге болады:

1. Аргумент өсімшесі 0,1 болғандағы

а) $y = x$,

б) $y = 3x + 1$,

в) $y = 10x + 0,5$ функцияларының $x = 0$ нүктесіндегі өсімшелерін табыңдар.

2. Алынған нәтижелерді салыстырыңдар.

3. Бір нүктедегі, бірдей аргумент өсімшесіндегі функция өсімшесінің мәні неге тәуелді?

4. $f(x) = 2x^3 + 3x^2 + 10$ функциясының $x = 0$ нүктесіндегі туындысының мәнін табу алгоритмін құрыңдар.

Ауызша жаттығуларды жаңа тақырыпты түсіндіру кезінде «қарапайымнан күрделіде» дидактикалық принципіне сәйкес қолданудың әдістемелік тұрғыдан маңызы зор. Мысалы оқушыға берілетін тапсырма келесідей болуы мүмкін:

1. Функцияның анықталу облысын тап: а) $y = \sqrt{x}$; б) $y = \frac{1}{x}$.

2. Келесі жаттығуды орындамас бұрын аздап ойлан:

а) $y = \sqrt{-x}$; б) $y = \frac{1}{x^2 - 1}$.

3. Жақсылап ойлан:

а) $y = \sqrt{x^2 - 2x + 1}$; б) $y = \sqrt{\log_3(x + 1)}$.

4. Көбірек ойлан:

а) $y = \sqrt{x^2 - 1} + \sqrt{x^2 - x}$.

5. Ойланып, талдау үшін жазып ал:

$$y = \sqrt{\lg \cos x}$$

Жүйелі жаттығулар көмегімен теоремалар дәлелдеулері орындалатын ережені қайталап отыру тиімді. Жаттығуларда қарастырылатын теореманың дәлелдеу тәсілін модельдейтін, дәлелдеудің логикалық құрылымын қабылдауға даярлайтын, теореманы, оның логикалық құрылымын саналы түрде түсінуге мүмкіндік беретін тапсырмалар болуы керек.

Тапсырманы орындаған кезде оқушы шешу жолын түсіндіруі керек, формула мен теореманы қолдану үшін қажет шарт бар жоқтығын анықтауы керек. Жаттығулар орындау кезіндегі талдаулардың, тұжырымдаулардың екі аспектісін бөлуге болады: *негіздеуші* - келесі әрекеттің теориялық негізі және *оперативті* – шешу алгоритмін құру.

Жаңа материалды түсіндіру кезінде өткен тақырып бойынша қайталау жұмысын дұрыс ұйымдастыру керек. Жаңа білімді қабылдауға қажетті базаны құру мақсатында, сол тақырыппен тікелей байланысты мағлұматтарды қайталау міндетті түрде іске асырылуы қажет. Мысалы, көрсеткіштік функцияның қасиеттерін оқыту кезінде оқушыларға келесідей тапсырмаларды ұсынуға болады:

1. Оқушы: «Нөлдік көрсеткішті дәреженің анықтамасы бойынша a мен b – ның кез келген мәнінде $(a^2 - b^2)^0$ өрнегінің мәні бірге тең болады» деп жауап берді. Оқушы жауабымен келісесіңдер ме?

2. n, p, p - ның кез келген мәндерінде $a^{\frac{m}{n}} = b^{\frac{m}{p}}$ теңдігі ақиқат болады деп айтуға бола ма?

3. $\sqrt{4-x} - 4$ өрнегіндегі x үшін мүмкін мәндер жиынын анықтаңдар.

Өтілген тақырыптарды қайталау кезінде ауызша жаттығуларды тиімді қолдана білудің маңызы зор. Мысалы, оқушылар квадрат үшмүше және квадрат теңдеулер туралы қажетті мағлұматтарды естеріне түсіру үшін келесі түрдегі жаттығуларды қолдануға болады:

1. *Түбірлері абсолют шамасы бойынша тең, тек таңбалары қарама – қарсы болатын квадрат теңдеудің жалпы түрін көрсетіңдер.*

2. a – ның қандай мәнінде $y = 2ax^2 - 2x + 2 - 3a$ нөлге тең болады?

3. *Егер түбірлері – бір-біріне өзара кері сандар екені белгілі болса, $ax^2 + bx + c = 0$ теңдеуіндегі коэффициенттер арасындағы байланыс қандай болуы мүмкін?*

4. *Егер түбірлердің біреуі – 1 болса, $x^2 + px + q = 0$ теңдеуіндегі коэффициенттер арасындағы байланысты көрсетіңдер.*

5. *Түбірлері 0; 2; 5 сандары болатыны бірден көрініп тұратындай теңдеу құрыңдар.*

Тақырыптық қайталау әрбір тақырыптың немесе бөлімнің соңында жүргізіледі.

Қорытынды қайталау оқу жылының аяғында жүргізіледі. Қорытынды қайталау кезінде тараулар арасындағы байланысты көрсететін мағлұматтар, ақпараттар қолданылады. Негізгі мақсат - ауызша қайталап, еске түсіру ғана емес, оқушының өнімді, тиімді қызметі болуы керек. Бұндай кезде қолдануға болатын ауызша жаттығулар:

1. $y = \lg x^2$ және $y = 2 \lg x$ функциялары графиктерінің айырмашылығы неде?

2. Функциялар графиктерінің айырмашылықтарын көрсетіңдер:

$$a) y = \frac{(x+2)^2}{x+2} \text{ және } y = x + 2$$

$$b) y = x - 2 \text{ және } y = |x + 2|^2.$$

Оқу процесі кезінде жаттығулар қолдану формасы сан алуан. Тараудың ауқымды, маңызды бөлігін өткеннен кейін фронтальды, жалпылай ауызша сұрақтар жүргізудің пайдасы көбірек. Мысалы, туындының анықтамасы мен есептеу ережелерін оқып болғаннан кейін сұрақтар бойынша ауызша тапсырмалар орындауға болады.

1. Функцияның нүктедегі туындысын табу үшін есептің шешу жоспарын құрыңдар.

2. Функцияның нүктедегі туындысы қандай компоненттерге тәуелді?

3. Туындының анықтамасын беріңдер.

4. Функцияның нүктедегі туындысын табу қалай аталады?

5. Туындысы бар функцияны қандай функция деп атайды?

6. Кез келген үзіліссіз функцияның туындысы бар бола ма? Нүктеде үзіліссіз және сол нүктеде туындысы болмайтын функцияға мысал келтіріңдер.

7. Функция қосындысының, көбейтіндісінің және бөліндісінің туындыларын табу ережелерін естеріңе түсіріңдер. Бұл формулалар қандай жағдайлар үшін ақиқат болып табылады?

8. Функциялар берілген:

a) $f(x) = 4x$ және $g(x) = 3$;

b) $f(x) = 5x$ және $g(x) = 15 - x$;

c) $f(x) = 2x + 1$ және $g(x) = | -x |$

$f(x)$ және $g(x)$ функцияларының a) қосындысының;

б) көбейтіндісінің;

в) бөліндісінің туындыларын табыңдар.

9. Күрделі функцияның туындысын табу ережесін тұжырымдаңдар. Функциялардың туындыларын табыңдар:

a) $y = 5(x + 2)^2$; б) $y = \frac{1}{\sqrt{x+1}}$; в) $y = (x^2 + 1)^3$.

Математикаға оқыту кезінде оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға көп көңіл бөлінеді. Білім тиянақты, тыңғылықты болу үшін механикалық түрде ғана жатталып қалмауы керек, оқушының өзіндік ойының өнімі болуы керек, оқулықпен жұмыс арқылы бекітілуі қажет.

Оқушыларды есептер құра білуге үйрету керек. Есеп құруға берілетін уақыт шектелмеуі керек, өйткені нәтижесі тиянақты біліммен және дағдымен ақталады. Жаттығулар алдыңғы тапсырмаларға ұқсас болып келгені тиімдірек. Мысалы:

$y = x^2 - 2x + 1$ функциясы берілген.

Аргумент өсімшесі 0,1 болғандағы функция өсімшесін табыңдар.

Жаттығуды орындап болғаннан кейін оқушы ұқсас тапсырма құрады. Біреулері:

$\Delta x = 0,5$; $\Delta x = 0,3$; $\Delta x = 0,01$ үшін функция өсімшесін табыңдар десе, келесілері функцияның өзін өзгертеді:

a) $y = 2x^2 + 4x$;

б) $y = 2x^2 + 4x + 2$;

в) $y = 4x + 5$ т.с.с.

Тақырыпты оқып болғаннан кейін оқушыларға жаңа ақпараттар бойынша ең кемі үш тапсырма құру сияқты тапсырмалар беру өте тиімді. Мысалы. Дифференциалданатын функциялардың қосындысының, көбейтіндісінің және бөліндісінің туындысын табу ережесін өткеннен кейін берілетін тапсырма:

1. Көпміше түрінде үш функция құрыңдар.

2. Туындыларын табыңдар.

3. Туындының $x = 1$; -1 ; 2 нүктелеріндегі мәндерін табыңдар, түрінде болуы мүмкін. Бірнеше оқушы тақтада орындауына болады. Мұндай жаттығулар тақырыптың негізін, түйінін түсінуіне мүмкіндік береді, алған білімдерін қолдана білуге дағдыландырады. Өздері құрған есептер және жаттығулармен орындалған тапсырмалар басқаларға қарағанда көбірек пайда келтіреді. Ең негізгісі оқушылар өздігінен жұмыс істейді және шығармашылық жағынан да артықшылығы зор.

Кей кезде тапсырмаларды аяғына дейін жеткізбеуге де болады. Оқушы негізгі түйінін атайды, шешу жолын түсіндіреді.

Орынымен қолданылған ауызша жаттығулар сабақ тиімділігін арттыра түседі. Қай сабаққа қандай жаттығу қажет екенін, сабақтың қай мезетінде, қандай түрде қолдану керектігін ескеру керек. Топтағы оқушылар ерекшеліктері де назардан тыс қалмауы керек. Ауызша тапсырмалар дағдыларды қалыптастыру кезінде жылдамырақ темппен жүргізілсе, тақырыпты бекіту мезетінде асықтырудың қажеті жоқ. Дағдыны қалыптастыру басында оқушы әрекеті қаншалықты саналы болатын болса, түсіну де соншалықты нақтырақ және тереңірек болады. Тапсырманы оқығаннан кейін оқытушы үзіліс жасайды, тек содан кейін ғана сұрау басталады. Жауап түрі қойылған мақсатқа байланысты. Қате жіберілсе, ескерусіз қалдырмау керек, оқушы міндетті түрде қатесін түзетуі және соған ұқсас тағы тапсырма орындауы керек.

Ауызша есептеуге үйрету уақыт үнемдеу тұрғысынан тиімді. Бір ғана мысалдың нәтижесін бірнеше тәсілмен есептегенде берілетін түсіндірмелер, аралық нәтижелердің қалай шығатыны, ақтық нәтижеде не болатыны ауызша айтылады да, оларды жазуға уақыт жұмсалмайды. Оған қоса қай тәсілді қолдану оқушының өз еркінде болғанымен, олардың барынша тиімдісін іріктеп алуды үйретуге де мүмкіндік мол.

Ауызша есептеуге үйретуде оқушылардың білімі мен дағдысын тексеру кезінде математикалық диктант ретінде қолдануды ескеру қажет. Диктанттан кейін тексеруді ауызша жүргізген қолайлы.

Диктанттың ең негізгі, маңызды бө-

лігі тексеру бірден ауызша орындалатындығы. Оқушылар берілген дайын жауап бойынша өз-өздері немесе бір-бірін тексеріп, бағалап болғаннан кейін бірінші тапсырмадан бастап, жіберілген қатылармен жұмыс басталады. Қате жіберген оқушыға себебін анықтауға мүмкіндік беріледі, қажет болса көмек беріледі. Оқушылар қате жіберілу себебін толық талдап түсінуі қажет.

Математика сабағында ауызша есептеу дағдыларын қалыптастыру жұмыстарын жүргізудің маңызы зор. Сабақта оқушылардың ойлау қабілетін дамыту үшін есеп шығарғанда орындайтын амалдарды ойша шешіп алуды дағдыландырған жөн. Ауызша жаттығулар орындаған кезде жақсы оқитын оқушылардан ғана сұраудың қажеті жоқ, қалғандарын жауап беруге тарту керек. Жақсы оқитын оқушылар жауабын жазып көрсетсе де жеткілікті, бірақ жау-

аптың дұрыс, қателігін бірден бермей, басқа жауаптың болуы мүмкін бе деген сұраққа жауап алуға тырысу керек.

Ауызша жаттығулар мүмкіндігінше өмірлік сұрақтармен байланыста болуы қажет, құрылымы бойынша жеңіл болуы керек, мазмұны және қойылған сұрақ толық, түсінікті және нақты болуы қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Лукин Р.Д., Лукина Т.К., Якунина М.С. Устные упражнения по алгебре и началу анализа. - М., 1989
2. Математика Қазақстан мектебінде. №2 2008
3. Габай Т.В. Учебная деятельность и ее средства. - М., 1988
4. Арутюнян Е.Б., Волович М.В., Ю.А. Глазков, Г.Г. Левитас Математические диктанты. М., 1991.

УДК 37.043

ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ПЕДАГОГТАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАУЫ

Байтемирова Қ. Б.

Мұғалімдер мен оқушылар арасындағы өзара қарым қатынастың дамуына, яғни мұғалім қарым қатынас жасайтын педагогикалық топтың және сыныптың даму деңгейі әсер етеді. Қатынастың әрқашан жақсы бола бермеуі мұғалімге де, оқушыға да байланысты. Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым қатынас әр түрлі. Бұл тұрғыда Б.Ф. Ломов – қарым қатынас жоғары динамикалықпен және функционалдықпен сипатталатын көп өлшемді процесс ретінде зерттелуі тиіс деген қорытындыға келеді. Қарым қатынас біздің өмірімізде және қоғамдағы іс әрекетте үлкен рольге ие. В.Н. Панферовтың айтуы бойынша кез келген адамдық әрекеттер, оларда қарым қатынас бір жағынан іс әрекеттің бір түрі, ал қарым қатынастан тыс болмақ емес. Көптеген факторлардың ішінде оқу және оқудан тыс кездердегі мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қалыптасқан қарым қатынас айрықша шешуші фактордың бірі болып саналады [1, 81 б.].

Осы қарым-қатынас мәселелері жө-

нінде В.М. Афоньков, А.А. Бодалев, Н.В. Кузьмин, С.В. Кондратьев, А.А.Леонтьев, Р.Н. Малковская, Н.Т. Полехин т.б. өз зерттеулерінде өзара қатынастың шешуші роль атқаратындығы туралы баса айтады. Л.Я. Коломинский қарым-қатынасқа «бұл процесс барысында жүзеге асып жалғасатын, қалыптасатын хабарламалық және заттық өзара әсер» деп анықтама береді. Адамның дамып - жетілуіндегі ерекшеліктерге байланысты ұстаздар оқушыларға ілтипатпен көңіл аударып, сеніммен қарау керек. Егер олар оқушыға әлі де бала деп қарайтын болса, онда оқушы мұндай көзқарасқа қарсы шығып, өз қарсылығы мен наразылығын сөзі, ісі, мінез - қылығы арқылы білдіреді. Егер кіші мектеп жасындағы балалар үшін мұғалім барлық бейнесімен ерекше із қалдырып, оларға күшті әсер ететін тұлға болып саналса, ал ересек балалар мұғалімнің әрбір қимыл қозғалысына, іс әрекеті мен сөйлеген сөзіне, оның ақыл кеңесіне, өзге адамдармен қарым қатынасына, шәкірттерге қоятын түрлі талаптарына өздерінше

іштей сын көзбен қарайды.

Ересек адамдармен салыстырғанда мұғалім мен жеткіншектер арасындағы қарым-қатынас өзара күрделі. Өйткені, мұндағы бірінші жақ - мұғалім. Ол толық қалыптасқан, моральдық этикалық жағынан жетілген, мінез-құлқы орныққан адам. Екінші жақ - жеткіншек жастағы оқушылар. Мұғалім мен олардың ойлану, түсіну сипаттары әр түрлі деңгейде. Мұғалімдер мен оқушылардың кейбір құбылысқа, сөздерге немесе қылықтарға беретін бағалары да әр түрлі. Кейде қарама-қарсы болуы мүмкін [2, 52 б.].

Психологияда қарым-қатынас мәселесін Леонтьев А.А., Петровская А.А., Анисимова О.С., Бодалев А.А., Лисина М., Павлов К.Г. және т.б. Осы аталған ғалымда қарым-қатынас ұғымына өзінше анықтама береді. Леонтьев А.А. «қарым-қатынас» ұғымын әмбебап коммуникативті іс-әрекетке, яғни қарым-қатынасқа белгілі бір іс әрекет түріне сияқты қарау керек деп есептейді. Қарым-қатынасқа жалпы анықтаманы Б.М. Ломов берді: «... қарым-қатынас адам тұрмысының индивидуалды формалары, деңгейлері, түрлері жайлы және оның құрамдас бөлімдері сан алуан ақпарат алмасу процесі, коммуниканттардың өзара әрекеттесуі - жайлы сөз қозғайды. Б.Ф. Ломов қарым-қатынас деңгейлерін анықтайды:

- 1) макродеңгей,
- 2) мезодеңгей,
- 3) микродеңгей.

М.И. Лисина қарым-қатынасты коммуникантивтердің өзара әрекеттесуі деп санайды. Ол Выготский тәрізді мақсаттық бағдардың қажеттілігін көрсетеді. Бұған қарағанда В.Н. Панферов нақтырақ анықтама береді: «Қарым-қатынас адамдардың өзара әсерлеуі болып іс әрекет процесінің жағымды қатынас құру мақсатында коммуникация құралдары арқылы алмасады». В.В. Богословский берген анықтамасында «қарым-қатынас - өзара түсінісу, өзара әсет ету, ақпарат алмасуда көрінетін психикалық контакт туатын адамдар арасындағы психикалық контакт орнату» делінген. Бодалев А.А. қарым-қатынасты іс әрекеттің ерекше түрі деп, қарым-қатынасты адамның тұлға және іс әрекет субъектісі және жеке даралық ретінде дамуының негізгі

факторы болатынын атап өтеді. Қарым-қатынастың тәрбиелік мәнін ол тек дүниетанымды дамытуға ғана емсе, сонымен қатар, тұлға интеллектісінің дамуындағы роліне тоқталған Г.А. Андреева өзінің «әлеуметтік психология» еңбегінде қарым-қатынас мәселесіне қатысты әлеуметтік-психологиялық тұрғыларды интеграциялауға тырысты [3, 125 б.].

Психология ғылымындағы негізгі ұғымдардың біреуі – қарым-қатынас. Қарым-қатынассыз жеке адамды түсіну, оның дамып-жетілуін талдау мүмкін емес. Қарым-қатынастың маңызды бес функциясын бөліп қарастыруға болады. Онтогенездің бастапқы кезеңдерінде қарым-қатынас бала өмірінде аса маңызды функция атқарады. Орта ғасырда испан епископы былай деп жазған екен: «Жетімханадағы балалар зерігіп, зеріккендіктен өледі». Отызыншы жылдары АҚШ-та эксперимент жүргізілген: екі клиникада қауіпті, әрең жазылатын ауру балалар жатқан. Оның біреуінде балалар туысқандарымен кездеседі, ал екіншісінде туысқандарымен жолықтырмайды. Осы екі клиникада жазылу тиімділігін салыстырғанда: оның біріншісінде бала өлімі жоқ, ал екіншісінде балалардың үштен бірі шетінеген.

Бала мен ересектің қарым-қатынасы білім, іскерлік, дағдыны біреудің жай қасында емес, өзара әсерлесе нәтижесінде, өзара баю мен өзгерудің күрделі процесі. Бала өзіне берілетін басқаның тәжірибесін белсенді түрде ой елегінен өткізіп, өңдеп пайдаланады [4, 221 б.].

Атақты ағылшын психологы Р.Д. Ленг бекітілмеу көптеген психологиялық ауру әсіресе шизофрениялық себебі деген қорытындыға келген. Оның байқаулары бойынша басқа да зерттеулер көрсеткеніндей эндогенді психоз бен көбінесе ата-аналары тарапынан шеттелінген балалар ауырады екен.

Адамдар өміріндегі әртүрлі дәстүрлер амандасу түрліше көңіл аудару рәсімдері «бекітілу терапиясы» деп саналады. Қарым-қатынастың төртінші функциясы жеке адамдар арқылы қатынастарды ұйымдастыру және қолдау болып табылады. Басқа адамдарға деген эмоциялық көзқарастар «сүйкімді - сүйкімсіз, ұнайды - ұнамайды» деген терминдермен белгіленеді.

Әрине эмоциялық қарым-қатынас адам өміріндегі жалғыз қатынастың түрі емес, бірақ олар адамның барлық қарым-қатынас жүйесінде көрінеді, көбінесе іскерлік немесе тіпті рольдік қатынасына да өз әсерін тигізеді. Келесі бесінші функциясы «жеке адам ішілік функциясы». Бұл жағдайда адамның өз-өзімен қарым-қатынас жасауын (ішкі немесе сыртқы сөйлеу арқылы диалог типінде) адамның ойлауының әдісі түрінде қалыптастыруға болады. Осыған байланысты Л.С. Выготский былай деген: «Адам өзімен-өзі болғанда қарым-қатынас функциясын сақ-тайды».

Сонымен біз қарым-қатынастың түрін, формалары мен функцияларын қарастырдық. Әлеуметтік психологияда баса назар аударылатыны жеке адам аралық тікелей қарым-қатынас түрі [5, 152 б.].

Жеткіншектің тұлғалық қалыптасуындағы қарым-қатынас жасау аумағы көп деңгейде кеңейеді. Ол жеткіншек өмірінде қарым-қатынас маңызды жайттарды іске асыратын басты аймақ болады, оның қоғамға деген, өзіне деген барлық қатынастар саласы қайта құрылады. Жеткіншектің кезінде өзін-өзі тануының жаңа деңгейі қалыптасады. Жеткіншек өзінің қасиеттерін, басқа адамдармен өз кемшіліктерін және құқықтарын салыстыра келе өзін бағалайды, осының барлығында ол әлеуметтік қабылдаған эталондармен критерийлерге сүйенеді. Жеткіншектің өзінің мүмкіншіліктерімен өзін бағалауы оның басқа адамдарға қадала зейін қоюы арқылы жүзеге асады. Сондықтан қоршаған ортадағы адамдармен қарым-қатынас объективті де субъективті түрде бірінші деңгейлік маңыздылық болып тұрақталады. Жас жеткіншектің қарым-қатынас жасаудың екі саласы тән – үлкендермен қарым-қатынас және құрбылармен қарым-қатынас. Оның тұлғалық қалыптасуында осы екі саланың рольдері әр түрлі.

Бірінші салада жеткіншек баланың қоғамдық маңызды критерийлерін меңгереді, мінез-құлықтың мақсаты мен түрткісін сондай-ақ әрекет тәсілдерімен қоршаған ақиқат нәтижесінің тәсілдерін меңгеріп, басқарушы ролін атқарады. Ал екінші салада ол өзімен тең дәрежедегілермен бетпе-бет соқтығысып, проблемаларға соқтығысады, яғни құлықтылық және этика

проблемаларымен үлкендермен қарым-қатынас кезінде ол жолдастық қатынаста болса кішкентай қалпында болады. Яғни бағынушы ретінде, бұл қалыпта құлықты – этикалық нормалардың барлығы тәжірибеде меңгерілген жоқ, тек қана құрбылармен қатынаста ол белгісі бойынша формальды түрде тең дәрежеде болады.

Жеткіншек үшін жолдастарымен қатынас ерекше маңыздылыққа ие болады. Достар - жолдастар жеткіншек өміріне маңызды табиғи орта. Ол осы жолдастары арасынан еліктеуге болатын үлгіні таңдап, сол деңгейге жетуге ұмтылады. Құрбылармен қарым-қатынас жасау ролі жеткіншек өмірінде сөзсіз өте биік. Бірақта сонымен қатар оның формалары мен мазмұны, сипаты мен тәсілі – жеткіншектің үлкендермен қалыптасатын қатынастармен анықталады. Жеткіншектер үлкендер сияқты болуға тырысады, ол оның құқығы мен мүмкіншілігіне ие болғысы келеді. Осы жеткіншектің дамуының соңғы қорытындысы сол, ол үнемі үлкенмен теңескісі келеді. Бірлескен іс-әрекетте үлкендер жеткіншектің тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндікке жетеді. Сондықтан жеткіншекпен қатынаста дұрыс позицияны тауып алу өте қажет.

Ата-аналарды жас жеткіншекпен қандай қатынас орнатуды алаңдатады. Бәрімізге белгілі ешқандай беделсіз тәрбие мүмкін емес [6, 95 б.].

Енді жас жеткіншектердің ата-анаға, тәрбиешілерге қандай талап қоятындарын, өздерімен қарым-қатынаста біздің қалай болғанымызды қалайтындарын қарастырайық. Бұл екі талаптар сипаты бір-біріне қарсы. Осы екеуінің өзара қатынастарындағы қарсылықты В.А. Сухомлинский былай қарастырады: «Мені аямаңдар, менің артымнан аңдымаңдар, итермендер, менің әр қадамымды бақыламаңдар, мені кішкентай санамаңдар. Мен өзіме - өзім жауап бере аламын. Мені біреу жетектегенді қаламаймын. Менің алдымда биік шың. Бұл менің өмірімнің мақсаты. Мен оны көремін, оны ойлаймын, оған жеткім келеді, бірақ осының бәріне өз бетіммен ғана қол жеткізім келеді. Мен алғашқы қадамдар жасап көтеріліп келемін, мен оны таныған сайын, адамдар мені тани бастайды. Ал, осы алдымдағы ашылулар шектелсе, мен қорқа

бастаймын. Маған үлкендердің қолдауы керек. Мен өз шыңыма ақылды адамның иығына сүйеніп қана жете аламын. Бірақ мен мұны айтқанға қорқамын, әрі ұяламын. Ал мені біреулер күшті, өзіне шамасы келеді деп санағандарын қалаймын». Ал осы қиыншылық пен қайшылықты жеткіншектің ішкі әлемін үлкендер осы түсінік негізінде біліп, осының негізінде онымен қатынасын құрулары тиіс. Үлкендер жас жеткіншектердің досы болулары тиіс. Бірақ ерекше, өте жақсы дос болуы тиіс. Бұл үлкендердің әлеуметтік позицияларына ғана шартталмай, осы үлкен орындауы тиіс болатын психологиялық функциямен де шартталуы тиіс.

Жеткіншектің дамуына оның өмір шартының маңызы зор. Бірақта бұл шарттар өз-өзінен тұлғаны қалыптастырмайды. Маңыздылығы сол, осы шартта жас жеткіншек қандай орын алады, және оған ол қалай қарайды, қандай әрекет жасайды [7, 34 б.].

Нақты шарттарда жеткіншектің іс-әрекеті үлкендермен ұйымдасады. Олар жас жеткіншектің міндеттерімен құқықтарының шеңберін қалыптастырады, қатынастарын қалыптастырады, яғни психологтар жас жеткіншектердің дамуында оның тұлғалық қалыптасуын анықтайтын әлеуметтік ситуациясы деп атайтын қатынастарды тудырады. Жеткіншекке үлкендермен біріккен іс-әрекет өте қажет. Және де олардың ортақ қызығушылықтары болуы тиіс. Жас жеткіншек үй шаруашылығында көмекші болуы мүмкін, үй шаруашылық істерде кеңесші болуы да мүмкін. Біріккен әрекеттерде тек қана ата-ана ұлдарының немесе қыздарының мінездерін біліп қоймай, олардың өздері де керісінше ата-аналарын танып біледі. Жеткіншек ересектердің рухани өміріне қол жеткізіп, олардың ойларын және алаңдауларының тереңдігіне үңіледі, адамдармен қамқор және сыпайы қатынаста болуға үйренеді. Ата-аналар жеткіншектерге көп нәрсе бере отырып, одан көп нәрсе сұрауға да құқылы. Тек қана екі жақтық сыйластық, екі жақтық қамқорлық және көмек, сенімділік, адалдық қатынастар арқасында жас жеткіншектің мінез-құлқы, әдеті осыған сай формада болады [8, 74 б.].

Көптеген ата-аналар жеткіншекті

тәрбиелеу кезінде қақтығыссыз болмайды деп санайды. Осы жаста шынымен де жеткіншектерде психологиялық ерекшеліктер туындайды, ал бұл ерекшеліктер ата-аналар алдына жаңа тәрбиелеу міндеттерін қояды. Жеткіншекті тәрбиелеу кезінде қиыншылықтарды жою үшін алдымен жанұя өмірінің есті ұйымдасуы керек. Жанұяда бір-біріне деген сыйластық, бір-біріне деген еңбекке әрқайсысының міндеті мен құқығына деген сыйластықтары болуы тиіс. Кейде біз жеткіншектің қандайда бір жұмысты талап етеміз, біз оның осы күнгі жоспарымен санаспаймыз.

Жеткіншектің ішкі сезіміне аса бір Абайлықпен, түсінушілікпен қарау тиіс, оны тыңдай біліңіз, егер дұрыс айтса, келісіп, қате айтса жөндей біліңіз. Жеткіншекке қойылған талаптар дұрыс аргумент телуі керек.

Тәрбиелеу өзара әрекеттердің жазаулау, мадақтаулардың таңдауы А.С. Макаренконың формуласымен анықталуы тиіс: «Адамға қанша талап қойылса, соншама сыйластық керек» [9, 174 б.].

Жеткіншектің кезеңнің ерекше, ерекшеліктерінің бірі – тұлғалық тұрақсыздық. Ол алдымен жиі болатын көңіл-күй өзгеруінен аффективті, «буырқанудан» яғни ағза физиологиялық қайта құрулар жыныстық жетілу процестерімен байланысты болған эмоционалды кабелдіктің әсерінен болады. Л.С. Выготский жазғандай «Жеткіншек тұлғасының құрылымында ешқандай тұрақтылық, орнықтылық, қозғалмаушылық жоқ».

XX ғасыр ортасында дүниенің әр түпкірінде қарым-қатынас мәселесіне арналған зерттеулер шамамен бір уақытта пайда болып қала бастады. Өзеков сөздігінде қарым-қатынас ұғымы өзара келісім іскерлік және достық байланыс арқылы анықталады. Нақты әлеумет танымдық психологиялық, педагогикалық зерттеулерде қарым-қатынас ұғымы өзара әрекеттестік байланыс ұғымдарымен жақын мағынада қолданады. Сонымен қатар қарым-қатынас контактісінде өзара әрекеттесуді қатынасты тиімді жүзеге асырудың тәсілдері, дағдылары, құралдары адам қабілетімен қасиеттері жүйесінде қарастырылады. Қарым-қатынас деп екі немесе одан да көп адам қатынас жасап, реттеуімен ортақ нәтиже бо-

луға мақсат етіп келісіммен бірлестікке бағытталған өзара әрекеттерін айтамыз.

Жеткіншектік кезеңде балалар бір-бірімен араласу қарым-қатынасына түседі. Жеткіншектің балалық қызығушылығы қалып, қоршаған ортадағы адамдармен қарым-қатынасы өзгере бастайды. Жетіле келе жеткіншек өзінен үлкен кісілерге талап қойып, өзінен кішкене бала сияқты қарым-қатынасқа түсуге қарсылық білдіреді. Жеткіншек өзінің құқықтарының ұлғаюын талап етеді. Үлкендердің өзара түсінбеушілігінің әсерінен жеткіншектерде әртүрлі тыңдамаушылық, қарсы шығушылық реакциясы пайда болады. Егер ересек адам жеткіншектің қарсылықтарын түсінетін болса, ол оның қарым-қатынасының өзгеруін оңай жолмен шешеді, әйтпесе осы кезеңде ішкі және сыртқы қарсылық пайда болады. Оған жеткіншекте, үлкен кісі де қатысты болады. Ересек кісілер мен жеткіншектердің арасындағы келіспеушілік, олардың құқық туралы ойлары мен міндеттерінің келіспеушілігінен туындайды. Ескертулер мен келіспеушілікті жеңу маңызды шарт болып табылады. Егерде ол туындаса, бұның бәрі жеткіншектің жауапкершілігінің және оның істеріне еркіндік беруде білдіреді. Ересек адамдар мен жеткіншектердің арасындағы келіспеушілікті шешу үшін олардың арасында сенімділік, достық, өзара сыйластық қарым-қатынасы орнау керек. Бұндай қарым-қатынастың пайда болуы жеткіншектің қандай да болмасын маңызды істерді шешуге көмектеседі. Жеткіншектік кезеңде балаларды психологиялық жетілуге байланысты екі түрлі қарым-қатынас орнайды: бірі - үлкен кісілермен, екіншісі – құрбыларымен. Оның екеуі де мектеп кезінен дами бастайды. Екеуі де бір әлеуметтік ролді атқарып, олар кейде бір-бірімен қарама-қайшы келеді. Құрбыларымен қарым-қатынас тең құқықта құрылса, ал мұғалімдермен және ата-аналармен олар тең дәрежеде болмайды. Достармен қарым-қатынас жеткіншекке оның интеллектуалды қызығушылығымен қажеттілігіне көп пайда әкелетіндіктен, олар мектеп отбасынан арырақ кетіп, уақытының көбісін достарымен өткізеді.

Кейбір құрбылар жеткіншектік кезеңде балалар арасындағы қарым-қатынаста қатаң ережелерге бағынады. Қызы-

ғушылық пен проблема мәселенің ұқсастығы жеткіншектердің қобалжуына әкеп соқтырады. Достарының арасында оның әңгімелесуі, үлкен кісілердің қоғамына қарағанда жеткіншектер үшін олардың тобы атмосфераны қызықты етеді. Мектеп жасындағы балалармен қарым-қатынас және олардың бір-біріне деген қызығушылығымен байланысты жеткіншектер арасында екі түрлі қарым-қатынас проблемасы пайда болады: біріншісі - жеткіншек жастың басталуы, екіншісі – аяқталуы. Есейе келе балаларда қарым-қатынастың үш түрі пайда болады. Ішкі эпизодтық контактілер қызығушылық пен қажеттілікті қанағаттандырады. Достық қарым-қатынастағы, араласу олардың өзара білімдерін айырбасталуына әкеп соғады. Достық қарым-қатынасқа тұрақтануы олардың эмоционалдық – жеке мінездері кейбір сұрақтарды шешуге көмектеседі [10, 374 б.].

Жеткіншектік кезеңнің екінші жартысына өткенде қарым-қатынасы өз бетінше болып, маңызды өмірлік роль атқарады. Жеткіншектер бұл кезде үйде отырмайды, олар достарына қарай топтасып, өмір сүруге ұмтылады. Бұл жеткіншектік кезеңнің өте бір маңызды белгісі. Жеткіншектің достарымен жағымсыз қарым-қатынасы оларға өте ауыр тиеді. Көптеген жеткіншектерге бұндай жаста достарын жоғалтуы тұлғалық драма сияқты болады. Жеткіншектерде достық қарым-қатынас бірінші орында болады. Бұндай қарым-қатынас атмосферасы басқа адамға деген сыйластықтан, сенушіліктен, әдептіліктен, көмек көрсетуден тұрады. Көбінесе жеткіншектер топтарында өзімшілдік, өз сөзінде тұрмау, достарын айырбастау, бұйрық беруге ұмтылу, достарының ойларымен келіспеушілік ортаға салынады.

Психологиялық, педагогикалық зерттеулерде педагог пен жеткіншектер арасындағы қарым-қатынас мәселесі басты орын алады. Бұл қарым-қатынасты анықтауда арнайы «педагогикалық қарым-қатынас» деген ұғым қолданылады. Педагогикалық қарым-қатынас А.А. Бодалев, В.А. Кан – Калик, Я.Л. Коломинский, В.А. Петровский, А.А. Леонтьев т.б. еңбектерінде мазмұны, формалары, тәсілдері бойынша сипатталады. Жеткіншектердің қарым-қатынасын зерттеуге арналған әдістемелер

негізінен байқауға, әңгімелесуге, сауал-сұраққа, вербалды тестік әдістерге сандық сапалық жағынан бағалауға эксперттік бағалауға негізделген.

Сонымен қатар жеткіншектермен жүргізілетін диагностикалық жұмыстың коррекциялық, дамытушы әсер де оған параллель болу керек деп санаймыз. Мәселеге қатысты психологиялық-педагогикалық зерттеулерді түпкілікті талдау жеткіншектердің ойын әрекеттерін олардың қарым-қатынас сипатын анықтауда аса тиімді екеніне көз жеткізді. Жеткіншектердің басқа балалармен қарым-қатынас құру арқылы өз-өзін тануы бағалау мүмкіндіктері болады (И.И. Чеснокова, Ф.В. Драгунова, Д.Б. Эльконин, И. Непомнящая және т.б.).

Жеткіншектердің басқа адамдармен қарым-қатынас құруында әр баланың ерекшеліктерімен байланыс жасауындағы психологиялық жас ерекшеліктер айқын көрінеді. Олай болса, ұлттық салт-сана, біздің жағдайымызда қазақ отбасындағы әлеуметтік роль мен жыныстық ерекшеліктер, қазақ халқының адамгершілік құндылықтары қарым-қатынаста ескерілуі қажет. Алайда, қарым-қатынас әсіресе жеткіншектік кезеңдегі коммуникативтік іс-әрекеттік мәселелеріне қатысты зерттеулерде жеткіншектердің әлеуметтік ортасында этно-мәдениеттік факторлар әлі күнге қарастырылмауға [11, 434 б.].

Жеткіншектерді оқыту және тәрбиелеуде, олардың психологиялық даму заңдылықтарын әрдайым ескере отыру керек.

Кейде «қарым-қатынас», «әлеуметтік қатынас», «тұлғалық қатынас» түсініктерін теңестіру тенденциялары көрініс береді. Бірақ бұл түсініктер өзара байланысты болғанымен, бір-біріне тепе-тең болмайды, себебі олардың өз өзгешеліктері болады. қарым-қатынас өзіне: топтар арасындағы топтар мен ұйымдардағы әріптестер, әрекет субъектілері арасындағы ақпарат алмасуын; субъектілерінің бірлескен міндеттерді шешу үрдісіндегі адамдардың бірін-бірі қабылдауы мен түсінуін топтастырады.

Қарым-қатынастың түрлері қандай да бір пәнге бағытталғандығымен сипатталады. Осыған байланысты қарым-қатынас түрлерін бөліп қарастыруға болады. Бұған педагогтың жеткіншектермен арасындағы қарым-қатынас жасау ерекшеліктерін жат-

қызуды болады. Педагогикалық қарым-қатынас оқу-тәрбие үрдісінде оқушы тұлғасына әсер етуші құрал ретінде қызмет етеді. Педагогикалық қарым-қатынас - өзіндік ақпарат алмасуы бар, коммуникативтік құралдардың көмегі арқылы өзара қатынастармен тәрбие құралдарын жүзеге асырушы біртұтас жүйе болып табылады. Мұндағы күрделі міндеттердің бірі - нәтижелі қарым-қатынасты жүзеге асыру, ол үшін педагог бойын бойына коммуникативтік біліктерді дамытудың маңызы зор. Педагогикалық әрекет үрдісінде қарым-қатынастың келесі ерекшеліктерін бөліп қарастыруға болады:

- қарым-қатынастың нақты стилі;
- педагогикалық әрекеттің белгілі бір кезеңіне тиісті қарым-қатынас жүйесі;
- педагогикалық және коммуникативтік міндеттерді шешуде туындайтын қарым-қатынастың ситуациялық жүйесі.

Қарым-қатынас астарында педагог пен жеткіншектің әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін ескерген жөн. Қарым-қатынас стилі және келесі түсініктер тығыз байланысты:

- мұғалімнің коммуникативтік мүмкіндіктерінің ерекшеліктері;
- педагог пен жеткіншектердің өзара қатынастарының сипаттамалары [12, 234 б.].

Педагогикалық қарым-қатынас ұтымды болу үшін педагог пен жеткіншектердің қадірлейтін заттарын, идеяларын, қажеттіліктерін ескеріп отыру қажет. Сонымен қатар осының бәрі педагог пен жеткіншектермен тікелей қарым-қатынасқа түсетін педагогтың ішкі тікелей қарым-қатынасқа түсетін педагогтың ішкі көкейінен маңызды орын алуға тиіс. Тек сонда ғана әрбір субъектімен жеке жұмысын жүргізуге тиімді амал-тәсілдерді қолдана алады. Кейбір адамдар алдымен адамның жағымсыз жағын көруге дағдыланады. Сондықтан да ондай адам басқалардың жан күйіне ой жүгіртіп жатпайды, оны тіпті елемейді. Сөйтіп қатыгездік жасауға дайын тұрады. Ал білім беру жүйесіндегі педагогтар үшін бұл қылық жарамайды.

Мұғалім мен оқушының қарым-қатынасы «адам-адам» жүйесіне негізделеді, оның күрделілігі де сонда, бұл процесс жеке тұлға қалыптастыруға негізделген. Оқу

процесі бір-біріне байланысқан күр-делі мұғалімнің (оқыту) және оқушының (оқу) іс-әрекеті негізінде қалыптасады. Әр субъектінің әзінің белгілі бір қызметі болаты. Мысалы, мұғалімнің міндеті білімді хабарлау ғана емес, білімді игерту, іс-әрекет мен тәсілдерін басқару. Ал, оқушының міндеті білім алу жолы мен тәсілімен, оны сақтау, қайта өзгерту, пайдалану сапаларын игеру негізінде өзін-өзі тәрбиелеу.

Американ психологы Дж. Брунер еңбегінде былай делінген: «Білуге деген қызығушылық пен жаңаны білуге деген талпыныс адамға ғана тән». Оны байқау және дамыту оңай емес. Егер біз оқушыны қызықтыра алмасак, оның қызығушылығы біртіндеп жойылады. Ал, егер біз оның қызығушылығын туғызсак, ол біртіндеп жоғарлайды, ол ізденетін болады. Бұл ретіндегі, оқудың өмірмен байланысты болуы – білімнің саналы қабылдануының негізгі шарты.

Мұғалім өз оқушыларының қасиеттеріне қалай көңіл аудару қажет екендігін өзі анықтауы қажет, мұнда мұғалім педагогикалық оқыту процесі ұйымдастырғанда оқушылардың психологиялық ерекшелігін, мінезін, даму деңгейін, сол пән бойынша білім деңгейін, тәжірибе деңгейін ескеріп, әр оқушыға жеке қарым-қатынас орнатуы

тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Вадмаев Б.Ц. Психология в работе учителя. – М.: «Просвещение», 2000.
2. Кулюткин Ю.Н. Психологические знания и учитель. // Вопросы психологии, 1983. - №3. Б. 51 - 53.
3. Общение и формирования личности школьника. – М., 1987.
4. Баранова С.П. Педагогика. – М., 1986.
5. Зязюна И.А. Основы педагогического мастерства. – М., 1989.
6. Чернявская А.П. Педагогическая техника в работе учителя. – М., 2001.
7. Кондратьев С.В. Типические особенности педагогического взаимодействия // Вопросы психологии, 2000.- №3. - Б. 34 - 36.
8. Леонтьев А.А. Психология общения. – М., 2005.
9. Бодалев А.А. Личность и общение. – М., 1987.
10. Столеренко Л.Д. Основы психологии. – М., 1999.
11. Социальная психология личности. – Л., 1974.
12. Запорожец А.В. Избранные психологические труды. – М., 1986.

УДК 373.4

ИНДИКАТОРЫ И КРИТЕРИИ ОЦЕНИВАНИЯ КЛЮЧЕВЫХ КОМПЕТЕНТНОСТЕЙ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

Чункурова З.К.

Образовательная концепция начальной школы определила новое содержание обучения и воспитания школьников, основанное на стратегии овладения фундаментальными знаниями по общеобразовательным предметам и формирования функциональной грамотности школьников. Реализация новой концепции требует разработки оптимальной системы оценивания, позволяющей охватить когнитивный (предметный), деятельностный и аксиологический аспекты образовательного процесса.

В данное время пятибалльная система не может обеспечить контроль резуль-

татов формирования ключевых компетенций. Всесторонний подход к формированию личности требует специально разработанных критериев оценивания по каждой компетенции.

Методическая значимость оценивания ключевых компетенций заключается в том, что система образования начальной школы должна обеспечить целостное развитие личности на основе трех ключевых компетенций (решения проблем (самоменеджмента), коммуникативной, информационной), которые закладываются в содержание по уровням образования. Предло-

жены структура и содержание критериев и параметрами оценивания, позволяющие объективно оценить достижения учащихся за четверть, полугодие и учебный год.

Так как на сегодняшний день остро стоит проблема ключевых компетентностей, соответственно, есть необходимость рассмотреть показатели, по которым ключевые компетентности должны оцениваться. Исходя из следующего, назревает вопрос о создании и разработки индикаторов и критерии их оценивания.

Сформированность ключевых компетентностей учащегося начальных классов уровня оценивается в соответствии с кри-

териям и показателям их проявления. Оценивание осуществляется по результатам выполнения работ, включающих способы деятельности разных уровней. Итогом оценивания является выявление уровня сформированности компетентностей ученика.

В 1-4 классах вводится 12 - балльная шкала отметок для оценивания уровней учебных достижений учащихся по некоторым предметам, что должно обеспечить мягкий поступательный переход к многопредметному обучению и отметочному оцениванию по предметам. В таблице 1 указана шкала отметок.

Таблица 1. Двенадцатибалльная шкала отметок

Уровни учебных достижений		Баллы
Минимальный	I	1 - 3
Допустимый	II	4 - 6
Достаточный	III	7 - 9
Высокий	IV	10 - 12

Выставление отметки в виде конкретного балла внутри обозначенного интервала производится учителем в зависимости от допущенных в ответе или письменной работе ошибок.

Введение двенадцатибалльной шкалы возможно для оценивания подготовки учащихся по таким предметам, как математика, русский язык, казахский язык, иностранный язык, окружающий мир.

Степень овладения необходимыми современному человеку видами деятельности выявляется при оценивании сформированности информационной, коммуникативной компетентностей и компетентности решения проблем (самоменеджмента).

Оценивание сформированности ключевых компетентностей учеников осуществляется в процессе учебной деятельности ученика. Работа по формированию и разви-

тию ключевых компетентностей постоянно проводится учителем при помощи интегрированных заданий - измерителей, охватывающих базовое содержание различных учебных предметов и включающих решение реальных жизненных проблем.

Сформированность ключевых компетентностей выпускника начального уровня среднего образования оценивается по результатам выполнения работ, включающих способы деятельности разных уровней. Итогом оценивания является выявление уровня сформированности компетентностей ученика. Индикаторы и критерии оценки сформированности компетентности разрешения проблем, информационной компетентности и коммуникативной компетентности у учащихся начальной школы в процессе обучения математике показаны в таблице 2, 3, 4.

«Согласно данным посольств Казахстана за рубежом и министерств образования: в вузах России обучается 26 тысяч 600 казахстанских граждан, из них 19 100 – на дневном отделении, 1700 – в рамках международных договоров; в КНР - 9 670, из них 628 – по различным грантам; в Великобритании – около 4000; в США и Чехии – около 1000; в Малайзии – около 1 500 (по данным миграционной службы Малайзии - 611); в ОАЭ – 715; в Турции – 783; в Польше – 300; остальные в других странах», - сообщили в ведомстве, отвечая на официальный запрос редакции Tengrinews.kz.

kz.

При этом, из указанного количества студентов в рамках программы "Болашак" обучается более 2 тысяч человек, по международным договорам Министерства образования и науки – 1211. В ведомстве подчеркнули, что отслеживать казахстанских студентов возможно лишь по программе "Болашак". Поэтому МОН планирует внедрить аналогичные стипендии "Болашак" договорные обязательства и по другим международным программам.

Казахстанским гражданам образовательные гранты предоставляют правительства России, Китая, Турции, Таджикистана и других стран, пояснили в образовательном ведомстве. Как отметили в министерстве, молодые казахстанцы имеют возможность обучаться за рубежом, как по стипендии "Болашак", так и по ряду других международных образовательных проектов, таких, как программа Джеймса Вильяма Фулбрайт (Fulbright, США), образовательные программы КОИСА (Корейское агентство по международному сотрудничеству), Эрасмус Мундус и другим.

По данным МОН РК, в рамках международных договоров осуществляется обмен студентами с Китаем (100 мест), Египтом (7 мест), Монголией (5 мест), Румынией (5 мест), Словакией (4 мест), Украиной (40 мест), Беларусью (6 мест), Кыргызстаном (5 мест), Иорданией (5 мест), Вьетнамом (3 мест), Финляндией (6 мест), Венгрией (45 мест) и Латвией (6 мест) [7].

Интегрирование Казахстана в мировое сообщество возможно только в том случае, если мы будем владеть господствующими языками, тогда и мир откроется нам. Также языковая политика повысит конкурентоспособность страны, укрепит общественное согласие. Глава нашего государства отметил, что казахский язык будет изучаться как государственный, русский язык - для межнационального общения и английский - как язык интеграции в глобальную экономику. Подрастающее поколение нужно обучать казахскому языку, начиная с детского сада. Необходимо совершенствовать методику обучения языку, модернизировать ее с учетом современных требований. Знание государственного языка является фактором личной конкуренто-

способности, карьерного продвижения в любой сфере деятельности. В настоящее время русский язык в Казахстане является обязательным предметом в государственных и негосударственных учебных заведениях. Функционирование русского языка в Казахстане остается стабильным и пользуется государственной поддержкой, кроме того, интересы экономического и научно-технического развития государства определяют необходимость знаний и образования, получаемых на русском языке. Политика «Триединство языков» связана также с потребностью в изучении английского языка. Сегодня знание английского открывает двери в большой глобальный мир с его необыкновенным потоком информации и инноваций. Овладение этим иностранным языком дает возможность обучаться за рубежом в лучших вузах мира, а также получить практический опыт в передовых странах планеты. Знание английского языка – это обязательное требование для делового общения и ведения бизнеса в любой точке мира. Граждане, владеющие несколькими языками, будут конкурентоспособными специалистами, как внутри страны, так и за рубежом. Одним словом, идея о трехязычии очень практична.

Таким образом, программа о триединстве языков в Республике Казахстан – это концепция, способствующая в дальнейшем укреплению страны, ее потенциала, успешной интеграции в мировое сообщество, ускоренному развитию конкурентоспособного Казахстана. Данная языковая политика дает все возможности для развития человеческого потенциала, что поможет войти нашему государству в число 30 наиболее развитых стран мира. «Трехязычие должно быть нормальным явлением для нашего общества», - говорит Н.А. Назарбаев. Без сомнения, языковая политика в Казахстане - это путь к светлому и успешному будущему! [8]

На сегодняшний день в современном обществе высока необходимость введения интегрированного образования для развития конкурентоспособной поликультурной личности.

ЛИТЕРАТУРА

1. Назарбаев Н.А. Новый Казахстан в но-

- вом мире // Казахстанская правда. - № 33 (25278). - 2007. - 1 марта.
2. Назарбаев Н.А. Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда // Казахстанская правда. - 2012. - № 218-219. - 10 июля.
 3. Жетписбаева Б. А. Полиязычное образование: теория и методология. – Алматы: Білім, 2011. – 343 с.
 4. <https://www.kafu.kz/trekhyazychnoe-obrazovanie/> 1593-trekhyazychnoe-obrazovanie.html
 5. <http://www.edu.gov.kz>
 6. <http://www.zakon.kz/4758847-perekhodna-trekhyazychnoe-obrazovanie.html>
 7. https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/45-tyisyach-kazahstanskih-studentov-obuchayutsya-rubejom-259529/
 8. Назарбаев Н.А. Новый Казахстан в новом мире // Казахстанская правда. - № 33(25278). - 2007. - 1 марта
 9. Государственная программа развития языков в Республике Казахстан на 2011-2020 годы // edu.gov.kz

УДК 377

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Имашева А.Д., Жайлаубек Н.Д.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қарқынды дамуы, оның ұлттық мақсаттары жоғары білім беру жүйесінің күшті әрі нәтижелі болуын талап етеді. Жоғары білім ұлттық, интеллектуалдық, эстетикалық және рухани ресурстарды ұдайы түрде қалыптастыра отырып, олардың сапасын арттырады. Сондай-ақ ол қоғамның әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығы мен тиімділігінің қалыптасуында маңызды рөл атқарады.

Соңғы кездегі әлеуметтік және экономикалық салалардағы болып жатқан түбегейлі өзгерістер, пайда бола бастаған ақпараттық қоғам ортасында болып жатқан қарқынды өзгерістерге, ақпараттар көлемінің ұлғаюына, жаңа ақпарат технологияларының қарқынды дамуына сай болуын талап етеді.

Біздің жоғары мектеп жүйесінің жалпы үрдістер мен тенденциялардан тыс, дүниежүзілік еңбек нарқының сұраныстарынан тыс дами алмайды. Бүгін, Қазақстан жоғары мектебінің даму мәселелерін шешуді тек ғана ұлттық дәреже көрсеткіштерінен бастауға болмайды.

Қазақстанның қазіргі уақыттағы білім беру жүйесі дүниежүзілік білім кеңістігіне енудің күрделі мәселесін шеше отырып, қайта құрылып өзгеру үрдісі үстінде.

Осыған байланысты білім берудің

«қолдаушы» немесе «ағартушы» парадигмасының орнына «өмір бойы білім алу» немесе үздіксіз білім беру идеясы маңызды орын алатын білім берудің жаңа парадигмасы келді.

Үздіксіз білім беру идеяларын жүзеге асыру қазіргі заманғы білім беру жүйесінің негізгі қарама-қайшылығына – қазіргі уақыттағы дүниежүзілік білімнің қарқынды өсуі мен білім беру кезеңіндегі оларды меңгерудегі шектеулі мүмкіншіліктер арасындағы негізгі қарама-қайшылықты жоюға бағытталған. Мұндай қарама-қайшылық білім беру орнына өзінше білім алу, өздігінен ақпараттарды қарастырып, одан қажеттісін табу біліктілігін қалыптастыруды жүктейді.

Жоғары оқу орнында жасалатын өзіндік жұмыс жаңа материалдың кезең деп меңгерілуіне, оның бекітілуіне, қолданылуына, қайталануына және т.б. себеп болады. Жеке оқу танымының шынайы біртұтас әрі бөлінбейтін үрдісі жасанды түрде мүшеленеді. Бұл студенттің ойларының дамуын тежеп немесе оның дамуына ықпал ететін білімді меңгеруге мүмкіндік туғызбайды. Негізінде мұндай іс-әрекет барысында осы білімді шығармашылықта пайдаланудың тәжірибелері жинақталмайды.

Студенттің дербес, өзіндік жұмысының нәтижелі болуы оның қалай ұйымдастырылғанына, білімінің мазмұны мен сипа-

тына, оқу үрдісі логикасына, аталмыш өзіндік жұмыс кезіндегі білімі мен алатын білімі арасындағы байланысына, осы жұмыстың нәтижелеріне және т.б. тәуелді болады.

Педагогикалық әдебиеттерден дербес өзіндік жұмыстың мәселесі жайлы көптеген көзқарастарды кездестіруге болады. Бұдан аталмыш ұғымның сан қырлы болатынын түсінуге болады, сондықтан бұл ұғымның анықтамасы нақтылауды қажет етеді.

Орта және жоғары мектеп мамандары мен отандық педагогтардың айтуынша, қандай да бір іс-әрекет саласындағы адамзаттың жинақтаған ілімдерін меңгерудегі оқушылардың өзіндік еңбегі мамандарды даярлаудың негізі болуы қажет.

Өздігінен орындайтын жұмыс мәселесіне, соның ішінде, студенттердің өздігінен орындайтын жұмысына деген қызығушылық бірнеше онжылдықтар бойы орын алған және әлі де өзекті. Бұл мәселемен ғалым-педагогтар, жоғары мектеп мамандары айналысуда: Л.В. Жарова, 1986; А.В. Петровский, 1986; В.Я. Ляудис, 1989; Е.Л. Белкин, 1989; В.А. Козаков, 1990, 1991 және т.б.

Студенттердің өздігінен орындайтын жұмыстарын ұйымдастырудың көптеген аспектілерін зерттеу барысында бүгінгі қоғамның сұранысы мен жағдайына байланысты болатын бір айналымдылықты байқауға болады. Оқыту әдістерінің белгілі бір мөлшерде әр кезде уақыттың талаптарына сәйкес болатынын аңғару қиын емес.

Зерттеулердің мақсаттары мен мәселелеріне байланысты авторлардың ұсынған өздігінен орындайтын жұмыс жайлы бірқатар анықтамаларының толық талдаулары М.Г. Гаруновтың, О.А. Наильсонның және П.И. Пидкасистыйдың еңбектерінен орын алған. Студенттің өздігінен орындайтын жұмысы проблемасына көп көңіл бөлудің қажеттілігінің сақталып қалуының себебі сонымен қатар мынада: қазіргі уақыт кезеңі осы тараптағы әр түрлі білім беру жүйелеріндегі жинақталған тәжірибені ойлегінен өткізіп, қорытындылауды талап етеді.

Зерттеушілер атап айтқандай, өздігінен орындайтын жұмысқа берілетін анықтамалардың әр түрлі болуы кездейсоқ емес. Бұны өздігінен орындайтын жұмысты оқытушының да, оқушының да өзара іс-әрекеттерін екі жақты үрдіс ретінде қарастыр-

ғанда байқалатын оның екіжақты сипатымен түсіндіруге болады.

Біздің пікіріміз бойынша, П.И. Пидкасистый ұсынған анықтамасында ғана өздігінен орындайтын жұмыстың мәніне деген көзқарастың көп аспектілі көрсетілген.

Автор өздігінен орындайтын жұмысты оқытудың негізгі амалдары ретінде қарастырады:

- әрбір нақтылы білім, меңгеру кезінде белгілі бір дидактикалық мақсат пен мәселеге сәйкес болады;

- оқушының білместіктен білімге дейінгі қозғалысының әрбір кезеңінде белгілі бір танымдық мәселелерді шешу үшін және ойлау әрекетінің төменгі деңгейден жоғарғы деңгейге қарай қозғалысы үшін қажетті білімнің көлемі мен деңгейін қалыптастырады;

- өз білімін өздігінен жүйелі түрде толықтырып отыруға деген психологиялық мақсаты және оқу, ғылым, өндіріс мәселелерін шешу барысындағы ғылыми және саяси ақпараттар ағынында дұрыс бағыт таңдай білу іскерлігін қалыптастырады;

- оқушының кәсіби іс-әрекетінің, таным мен мінез-құлық әдістерін меңгерудегі өзін-өзі көрсетуінің және өзіндік тәртібінің маңызды шарты болып табылады;

- педагогикалық басқарманың және оқушының кәсіби тұрғыдан анықталуы мен оқу үрдісі барысындағы ғылыми-өндірістік және танымдық өзіндік іс-әрекетіне басшылық етудің негізгі құралы болып табылады.

Өздігінен орындайтын жұмыстың мағынасын осылайша түсіну, бұл ұғымның ішкі және сыртқы жақтарын ескеруге мүмкіндік береді. Өздігінен орындайтын жұмыс, бір жағынан, оқу үрдісі барысындағы студенттің өзіндік іс-әрекетін ұйымдастыру мен басқарудың педагогикалық құралы ретінде болса, екінші жағынан – оқу мен ғылымды үйренудің арнайы бір түрін білдіреді. Сонымен, әрі білім берудің құралы, әрі оқу-ғылым танымының түрі болатын жоғары мектептегі оқу үрдісі жүйесіндегі студенттердің өзіндік жұмысының екі жақтылық мағынасы жайлы айтқан жөн.

П.И. Пидкасистыйдың пікірі бойынша, «өзіндік жұмыс» ұғымында педагогикалық және гносеологиялық екі жақтың бірлігі мен қарама-қайшылығынан орын

алатын, құралы мен түрлері арасындағы дидактикалық қайшылық бар.

Б.П. Есипов «өзіндік жұмыс» ұғымының мағынасын анықтау барысында оқушының өзіндік жұмысы ойдағы және физикалық әрекеттердің өзіндік орындалуының өзіндік оймен міндетті түрде бірігуін білдіретінін айтты Т.И. Ильина бұл ұғымға «оқытушының тікелей қатынасуын сыз, тек басшылық етуімен ғана орындалатын оқушының фронтальдық, топтық және жеке-леген іс-әрекетінің ерекше түрі» ретінде анықтама берді.

«Өзіндік жұмыс» ұғымының мағынасын төмендетілгендей етіп ашып көрсету әрекеттері кездеседі:

- оқыту әдісі ретінде (Ю.К. Бабанский);
- оқу іс-әрекетінің түрі ретінде (Т.А. Ильина);
- оқыту түрі ретінде (М.К. Гарунов);
- дербес танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру мен басқарудың құралы ретінде.

Қазіргі уақытта көзқарастың соңғысы кең тар алаған. Оқытудың кез-келген түрінің танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудың құралы болуы оның мағынасын ашып көрсетеді дейді Н.В. Кузьмина.

Сонымен, педагогикалық әдебиеттердегі «өзіндік жұмыс» ұғымы анықтамаларының әр түрлі нұсқаларын ескеріп және педагогикалық іс-әрекеттің өзіндік тәжірибесіне сүйене отырып, біз төмендегідей анықтаманы ұстанамыз: өзіндік жұмыс – оқытушы тікелей қатыспайтын, бірақ оның әдістемелік басшылығымен және тапсырмасы бойынша орындалатын студенттің жобандағы жұмысы.

Өзіндік жұмыс әрбір пәнді меңгеру үшін ғана емес, сонымен қатар жалпы, оқу, ғылыми, кәсіби іс-әрекеттегі өзіндік жұмыс біліктіліктерін, өзіне жауапкершілік ала білу қабілеттілігін, проблеманы өзінше шешу мүмкіндігін, құрылымды шешімдерді таба білуді, дағдарыс жағдайынан шыға білуді және т.б. іскерліктерді қалыптастыру үшін арналған. Студенттің өзіндік жұмысының маңыздылығы жеке пән аясынан әлдеқайда асып түседі, сондықтан мамандар даярлаушы жоғары оқу орындары өзіндік жұмысты ұйымдастыру біліктіліктері мен іскерліктерінің жүйесін қалыптастыру стратегиясын жасап шығаруы қажет. Мұны студент-

тердің өздігінен жұмыс жасау деңгейі мен оларға қойылатын талаптарының оқу барысында өз мәресіне жеткізуден бастау қажет.

Қазақстан Республикасындағы білім берудің кредиттік технологиясына өтудегі білім берудің жаңа парадигмасына сәйкес кез-келген жас маман төмендегі аталғандарды меңгеруге міндетті: негізгі білімді, өз кәсібіне байланысты кәсіби іскерліктер мен біліктіліктерді, жаңа проблеманы шешудің шығармашылық және зерттеу іс-әрекеттерінің тәжірибесін, әлеуметтік – бағалау іс-әрекетінің тәжірибесін. Білім берудің кейінгі екі бөлімі студенттің өзіндік жұмысы барысында ғана қалыптасады. Сондай-ақ, мамандығы мен іс-әрекетіне (зерттеуші, жобалаушы, құрастырушы, технолог, жөндеуші, менеджер және т.б.) байланысты өзіндік жұмыстың дифференциалды белгілерін жасап шығару кафедраның мақсаты болып табылады.

Жоғары оқу орнында оқытудың әдісі мен оқушылардың өзіндік жұмыс жасай білуінің деңгейі бойынша орташа мамандандырудан өзгешеленеді. Оқытушы студенттің танымдық іс-әрекетін тек ұйымдастырады. Студент тану үрдісін өзі жүзеге асырады. Өзіндік іс-әрекетпен бекітілмеген білімдердің ешқайсысы адамның шынайы жетістігі бола алмайды. Сонымен қатар, өзіндік жұмыстың тәрбиелік мағынасы да бар: ол өзіндік жұмыс жасауды іскерлік пен біліктіліктер жиынтығы ретінде ғана қалыптастырып қоймай, сондай-ақ қазіргі заманғы жоғарғы дәрежедегі маман тұлғасының құрылымында маңызды рөл атқаратын мінез сипаты ретінде қалыптастырады. Сондықтан, әрбір жоғары оқу орнындағы, әрбір курстағы студенттің өзіндік жұмысына қажетті материал оқытушының басшылығымен мұқият таңдалынып алынады. Жоғары оқу орындарында семестрге арналған өзіндік жұмыстар графигі жасалып, семестрлік оқу жоспарлары мен оқу бағдарламалары қосымша көрсетіледі. Графиктер уақытты дұрыс ұйымдастырып, оны тиімді пайдалануға мәжбүр етеді. Жұмысты оқытушы жүйелі түрде қадағалап отыруы керек. Ғылыми-теориялық дәріс, студенттердің алған білімдерінің жиынтығы өзіндік жұмыстың негізін қалайды. Студенттер білімді алу барысында олардың орындалуының әдістемелік нұсқауларын, оқулықтар-

дың, қажетті әдебиеттердің тізімін алады.

Жоғары оқу орындарында дербес өзіндік жұмыстардың бірқатар түрлері орын алған – лекцияларға, семинарларға, зертханалық сынақтарға, емтихандарға дайындық, рефераттарды, курстық жұмыспен жоба тапсырмаларын орындау, ал соңғы қорытындылау кезеңінде – дипломдық жобаны орындау негізінде жүзеге асырылады. Егер өзіндік жұмыс екі немесе үш адамға арналса ол неғұрлым нәтижелі болады. Топтасып жұмыс істеу мотивациясы мен өзара интеллектуалдық белсенділіктің факторын күшейтіп, студенттердің бірінбірі қадағалауы арқылы танымдық іс-әрекеттің нәтижелілігі көтеріледі.

Серіктестің болуы студент психологиясын біршама өзгертеді. Студент жеке дайындық барысында өз іс-әрекетін толық орындалып бітті деп субъективті бағалайды, алайда мұндай бағалаудың қате болуы мүмкін. Топтасып дербес жұмыс жасаған кезде бірінбірі бақылайды және кейін оны оқытушы түзейді. Өзіндік оқу іс-әрекетінің бұл екінші қатары жұмыстың жалпы нәтижелі болуын қамтамасыз етеді. Өзіндік жұмыс қажетті жоғары деңгейде болған жағдайда студент жұмыстың жекелеген бөлігін өздігінен орындап, оны өзінің серіктесіне, курстасына көрсетуі мүмкін.

Өзіндік жұмыс төмендегі жәйттерге себеп болады:

- білімді тереңдету мен кеңейтуге;
- танымдық іс-әрекетке деген қызығушылықты қалыптастыруға;
- танымдық қабілеттіліктерді дамытуға.

Сондықтан ол мамандар даярлаудың нәтижелілігін көтерілуінің басты резерві болып табылады.

Өзіндік жұмысты ұйымдастырудың негізгі бағыттары мен басты педагогикалық аспектілерін қарастырайық. Студенттердің жоғары оқу орындарындағы қалыптасқан оқу іс-әрекетіндегі білім беру түрлері: лекциялар, зертханалық сабақтар, семинарлар, өзіндік жұмыспен үй тапсырмалары түрлерінің шарты болады. Сондай-ақ қадағалау жүйесі де оның бағытына негіз болады. Оқытушы лекцияда студенттерге қажетті әдебиетті ұсынып, оқулықтармен және негізгі материалмен жұмыс жасау әдістерін түсіндіреді. Тақырыптың проблематика-

сын, оны меңгеру логикасын ашып көрсететін, әдебиеттер тізіміне сипат берілетін, өзінше дербес жұмыс жүргізуді қажет ететін бөлімдер аталып айтылатын кіріспе және бағдарлаушы лекциялар осыған қатысты ерекше мүмкіншіліктер туғызады. Семинарлық және жобалық тапсырмалар жауаптардың, есептердің, шешімдердің тиімді нұсқаларын іздестіруді жетілдіруге бағытталуы керек. Өзіндік жұмыс студенттің жұмысын түзетуге және оның сапасын көтеруге тірек болатын дидактикалық материалдарды пайдалана отырып орындалады.

Қазіргі кездегі білім беру практикасында жиі кездесетін, өзіндік жұмыс мәселесінің анықталмауы – оның шешімін табу үрдісі студенттің дербес танымдық іс-әрекетінің сипатынан оқшауланып қалады. Және де студент өздігінен қаншалықты жұмыс жасаса да, өзіндік таным әрекеті «сынақтар мен қателіктер» принципі бойынша немесе үйреншікті схемалардың бірі бойынша жүзеге асырылады. Аталмыш үрдіс бірінші жағдайда жасырын болып, басқарусыз қалады. Сондықтан, дербес өзіндік жұмыстарды орындау барысындағы танымдық өнімнің пайда болуы егер студент ойының дамуына, оның танымдық қабілеттілігіне, кәсіби дайындығына ықпал етсе де, бастама жасауға ынталандырса да, ретсіз түрде жүзеге асады. Сол уақытта білім беру өзінің дамыту және оқыту функцияларының дәрежесін жоғалтып алады.

Өзіндік жұмыстың мақсаты мен оның күрделілігі әр түрлі оқу курстарына байланысты өзгеріп тұратыны айдан анық. Мәселе күрделілігінің өзгеріп отыруы қазіргі заманғы оқу үрдісіндегі өзіндік жұмыс арқылы студенттер бағдарламада көрсетілген білімді, біліктілікті және іскерлікті ғана меңгеріп қоймай, сонымен бірге өздерінің кәсіби - шығармашылық мүмкіншіліктерін дамыта отырып, өздігінен үздіксіз білім алуға даярланатындай етіп ұйымдастыруды қажет етеді.

Студенттің кез-келген танымдық тәжірибесі белгілі бір мазмұн шеңберін қамтитын ойлау әрекеттерінің әр түрлі амалдарындағы «білім тануының» нақтылы бір әрекетінен көрінеді. Бұл мазмұндық танымдық әрекеттер объективті түрде болатын білім танудың алдын ала жоспарланған жағын білдіреді. Олар жаңа білімді меңгеру-

дегі тапсырмалардың орындалуына, біліктілік пен іскерліктің, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесінің қалыптасуына бағытталған, мақсаты төмендегідей болатын әрекеттерді білдіреді:

- ауызша және көру қарым-қатынастарына негізделген ұғымды, нысананы танып және жете білу, сондай-ақ іс-әрекеттің қандайда бір түрлерін есте сақтау және көрсету;

- жаңа жағдайдағы нақтылы бір тапсырмалар тобын шешу мақсатында білімді, біліктілікті және іскерлікті өзекті ете отырып, қайта өңдеу, іс-әрекет тәсілдерінің түрлерін өзгерту;

- жаңа ақпаратты алу немесе іс-әрекеттің жаңа тәсілдерін жасау мақсатында инвариативтік және изоморфтық құрылымдардың, көзқарастар мен түсініктердің сипаттарын біріктіру;

- әдеттегідей емес жаңа мәселелерді анықтау, оларды шешудің жаңа бағдарламалары мен тәсілдерін жасау.

Сонымен, өзіндік жұмыс – бұл төмендегідей жайттарға себеп болатын білім беру құралы:

- меңгерудің нақтылы бір кезеңінде нақты бір дидактикалық мақсат пен таным мәселесіне сәйкес болады;

- студенттің білместіктен білуге дейінгі қозғалысының әрбір кезеңінде танымдық мәселелердің белгілі бір тобын шешуге қажетті білімінің, біліктілігі мен іскерлігінің деңгейін, көлемін және осыған сәйкес оның ойлау әрекетінің төменгі деңгейінен жоғары деңгейге дейін көтерілуін қалыптастырады;

- студентке өз білімін, оқу, ғылым және өндіріс мәселелерін шешу барысындағы қажетті ғылыми, саяси ақпараттар

ағынында бағдар ала білу іскерлігін жүйелі түрде өздігінен толықтырып отыруының психологиялық мақсатын қалыптастыруға мүмкіндік береді;

- студенттің танымдық және мінез-құлықты кәсіби іс-әрекетінің әдістерін меңгерудегі өзін-өзі ұйымдастыруы мен өзіндік тәртібінің маңызды шарты болып саналады;

- студенттің білім алу барысындағы өзіндік ғылыми-өндірістік және танымдық іс-әрекетін педагогикалық басқарудың маңызды құралы болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Айтмамбетова Б.Р., Керимов Л.К. Оқыту әдістері. Алматы, 1992.
2. Гатаулин Г.Ф. Сабақ түрлері және оның құрылымы // «Бастауыш мектеп», 1998, 5.
3. Немов Р.С. Психология. В 3 томах. - М., 1995.
4. Манасбаева Қ. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру ерекшеліктері // «Бастауыш мектеп», 1999, 2.
5. Овчарова Р.В. Детская психология. - М., 1999.
6. Ордабекова Г. Дидактикалық ойындарды қолдану // «Бастауыш мектеп», 1997, 3.
7. Психологические тесты. - М., 2002.
8. Психологические методы. Под ред. А.А. Бодалева. Ленинград, 1997.
9. Рогов Е.И. Настольная книга практического психолога в образовании. М., 1995.
10. Сәрсенғалиева Т., Дүтбаева Қ. Табиғатпен таныстыруда өткізілетін дәстүрден тыс сабақ // «Бастауыш мектеп», 1998, 5.
11. Тұрғынбаева Б. Бастауыш кластар үшін ұсынылатын үлгі тақырыптар. - Алматы, 1993.

УДҚ 372.8

ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНДА ЖОБАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ Жайсанбаева А.С.

21 - ғасырда әлемдік білім беру жүйесінің дамуындағы негізгі басымдықтарының бірі – заманауи жаңа технологияларды қолдану. Ол білім алушылардың неғұрлым өз бетінше білім алып, оны іс

жүзінде қолдана білу қажеттілігін тәрбиелеуге бағытталған. Бұл технология әлемдік педагогикада жаңалық емес. Ағылшын тілінен аударғанда «cooperative learning» бірге үйрену деген мағынаны білдіреді. Түсін-

дирме сөздікте оған төмендегідей анықтама беріледі: Жобалау технологиясы – оқушылардың жоспарлау және күрделене беретін тапсырмаларды орындау арқылы меңгеретін білімі.

Жобалап оқыту технологиясы ең алдымен оқу барысында оқушыны өз бетімен ізденді отырып, іс жүзінде неғұрлым өз бетінше білім алып, оны іс жүзінде қолдана білу қажеттілігін тәрбиелеуге бағытталған. Оқушылардың зерттеу жұмысын ұйымдастыру және жоба жұмысын жасауға мақсаты әрі жүйелі түрде бағыттау керек екені – бүгінгі күн талабы. Сондықтан да жобалау технологиясының тиімділігі күннен күнге артуда. Оқу барысында білім алушыны өз бетімен ізденді отырып, өзіне деген сенімділік күшін тудырып, өз ойын анық жеткізе біліп, дұрыс шешім қабылдауға, яғни жеке тұлға болып қалыптасуына бейімдеу қажет.

Жобалау технологиясы 19- ғасырдың 2-ші жартысында АҚШ ауылшаруашылығы мектептерінде пайда болған. Оның негізін салған - Джон Дьюи атты психолог және педагог, философ Дьюидің ілімін жалғастырушы – Колумбия университетінің жанындағы мұғалімдер колледжінің профессоры Уильям Херд Килпатриктің ойынша, балаларды өз жұмысының жемісін көруге ынталандыру арқылы үлкен өмірге

дайындау - бұл технологияның негізі. 20-шы ғасырдың басында жобалау технологиясы Ресей педагогтардың назарын өзіне аудара бастайды. Дегенмен, бірқатар себептерге байланысты, бұл әдістеме кеңінен таралмай, тоқтап қалды.

- Жоба жұмысымен жұмысты ұйымдастыра білетін мұғалімдердің болмауы.

- Жоба жұмысының әдістемесінің жасалмауы.

- Жеке баға мен сынақты ұжымдық сынаққа көшіру салдарынан жеке оқушы білімінің төмендеуі т. б.себептер.

Кеңес үкіметі кезеңіндегі мектептерде жобалау технологиясын енгізуге асықпай жүргенде, ағылшын тілінде сөйлейтін мемлекеттерде: АҚШ-та, Англияда, Австралия және Жаңа Зеландияда ол кеңінен таралып жатты. Еуропаның да бірқатар мемлекеттерінде ол кең тамырын терең жая бастады. Әрине, уақыт өткен сайын бұл технология да бірқатар өзгерістерге ұшырап отырды. Еркін тәрбиелеу ойынан туындаған жобалау әдістемесі біртіндеп «тәртіпке бағынып», білім беру әдістемесі құрамына табыспен еніп отыр.

Бұл технологиялық оқудағы оқытушы мен білім алушының іс-әрекеттері түбегейлі өзгереді.

Білім алушының іс-әрекеті	Оқытушының іс-әрекеті
Білім алушы - оқыту субъектісі	Жеке тұлғаға қарай бағыттылығын ұсынушы, нақты мақсат қоюшы
Мақсатқа дербес өз іс-әрекетімен жетуші белсенді субъект	Бағыт - бағдар беруші, кеңесші.
Өзін-өзі және бір-бірін оқытушы	Оқытушының жетістігін құптаушы
Өнерпаз, жасампаз еңбектің иесі	Ынталандырушы, мақсат қоюшы
Өз ізденісімен табысқа жетуші шығармашылық тұлға	Мақсаттарға жетелеуші

Жобалау технологиясын қолданудағы негізгі мақсат – оқушылардың қызығушылық ынтасын дамыту, өз бетімен жұмыстарын жүргізу арқылы білімдерін жетілдіру, ақпараттық бағдарлау біліктілігін қалыптастыру және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттыру арқылы оқушыны болашақта әр түрлі жағдаяттарда, әр түрлі қоғамдық ортада өзін-өзі көрсете білуге бейімдеу.

Бұл технологиядағы жобаның түрлері:

1. Ғылыми жоба;
2. Шығармашылық жоба;
3. Ойын түріндегі жоба;
4. Ақпараттық жоба.

Жоба ұзақ және қысқа мерзімді болып екіге бөлінеді.

Егер оқушы жобасы тақырыбын дұрыс таңдай отырып, жоспарлай білсе, оны дұрыс орындай алса – ол болашаққа дұрыс бейімделген тұлға болып қалыптасады. Әр түрлі жағдаяттарда дұрыс шешім қабылдай отырып, әр түрлі адамдармен тіл табыса

отырып, әр ортада дұрыс бағыт бағдар алады. Сонымен, жобаның тиімділігі - көзбен көріп, құлақпен естіп, есте сақтай отырып оқушыны ізденіске, іскерлік пен танымдық ынтаға, шығармашылық қабілетті жетілдіру арқылы түрлі мәселелерді шеше білу-

ге, тапқырлыққа, жаңа ғылыми ізденіске жетелеуде.

Оқушылардың жоба жұмыстарын ұйымдастыру үшін жоғарыда айтылғандай, оны жоспарлай білу қажет.

Жоба жұмысы кезеңдері	Жұмыстың мазмұны	Оқытушының іс-әрекеттері	Білім алушының іс-әрекеті
1. Дайындық кезеңі	Жоба тақырыбын анықтау	Бір бағыт төңірегінде оқушыларды тақырып таңдауға ынталандырады. Топ тағы әрбір оқушының пікірін ескере отырып жұмысты жоспарлауға үйретеді	Әр оқушы өмірлік өз тәжірибесіне (егер ол болса), сүйене отырып, өз ойын ортаға салады бірігіп жобаның түпкі мақсатын анықтайды
2. Жоспарлау	Топқа бөлу. Ақпарат жинау және талдаудың жолдарын көрсету. Әрбір топ мүшесі алдындағы жұмысын анықтау	Оқушыларды өз бетімен Ақпарат жинауға бағыптайды. Әрбір топ мүшесінің пікірін ескере отырып, ұжымдық талқылау шешімін тыңдайды, қажет болса өз ойымен бөліседі. Оқушылардың жоба бойынша күнделігін көрсетеді	Топ арасында әркімнің атқаратын қызметін анықтайды, өз тақырыптарын анықтау жұмыс істеу кезеңдерін жоспарлап бірінші нәтижеге жету уақытын белгілейді. «Қоғамдық» тапсырманы орындауға дайындығын көрсетеді
3. Зерттеу жұмысы	Ақпарат жинау, аралық нәтижені талдау, зерттеудің негізгі құралдары: сұхбат, анкета бақылау, алынған түрлі ақпаратты талдау	Оқушы күнделігін бақылап, әрбір жетекшісімен және топ мүшелерімен жеке-жеке сөйлесу, талдау, нәтижені салыстыру арқылы алдағы жұмысқа бағыт беру	Жеке және жұптық жұмыс, анкета сұрақтарын құрастыру. Қажет болса сценарий жазу, қоғамдық ұйымдармен қарым-қатынас қалыптастыру. Білімін әр пәндік салада кеңейтеді, түрлі қоғамдық жұмыстармен танысады, шығармашылық, белсенділік, талаптылық қасиеттерін бойында қалыптастырады
4. Нәтижені талқылау	Ақпаратты талдау, шешім шығару, тұсау кесердің қандай түрде өтетінін жоспарлау	Бақылайды, кеңес береді. Топ ішіндегі жеке оқушылардың еңбегін бағалай отырып, бірігіп қорғау үшін ынталыққа бір-біріне деген сыйластыққа шақырады. Қажетті аудио – видео техниканы жабдықтайды	Топ арасындағы әркімнің ролін анықтап, алынған ақпараттың арасынан ең негізгіні белгілеп жазады. Проблемалық сұрақтарды анықтап, оны бірге шешуге дайындалады
5. Жұмыстардың тұсау кесері		Тыңдайды, проблемалық сұрақтарды қоя отырып, оқушыны сөйлетуге мүмкіндік жасайды	Алынған нәтиже туралы есеп береді. Бір-бірін мұқият тыңдайды, сөйлеу мәдениетін ескере отырып бір-бірінің ойларын жалғастырып отырады
6. Бағалау және жоспарлау		Шығармашылық жұмысты бағалайды, еңбек иелерін алдағы үлкен мақсаттарға жетелейді	Ұжымды талқылай отырып бір-біріне, өздеріне баға береді, алдағы жұмыс құрайды

Жоба жұмысының қорытындысы – жазбаша немесе ауызша есеп. Мультимедиялық презентация, фильм, қойылым. Интернет жүйесіндегі бет, дайындалған макет, модель ретінде көрсетіледі.

Білім алушылардың зерттеу жұмысын ұйымдастыру және жоба жұмысын жасауға мақсатты әрі жүйелі түрде бағыттау керек екені – бүгінгі күн талабы. Сондықтан да жобалау технологиясының тиімділігі күннен күнге артуда.

Сонымен, оқушыларға дайын өнімді қабылдайтын ғана емес, өз бетімен ізденетін, дербес іс-әрекет жасай алатын тұлға ретінде қарау – жобалау технологиясының негізі. Мысал ретінде Қазақстан-Американдық еркін университеті колледжінің «Бастауыш білім» мамандығының бірінші курс студенті Ұябаева Айдана дайындаған ғылыми жобасындағы технологияның қолданысын ұсынып отырмын.

Жобаның шығармашылық тақырыбы: “ Біз білмейтін даралар көп, дана көп ...”

Жобаның мазмұны

Кіріспе

1. Хасен Зәкәрия өмірі, қызметі
- 1.1 Хасен Зәкәрияның өмір жолы
- 1.2 Отбасы - ошақ қасы
2. Хасен Зәкәрия шығармашылығы
- 2.1 Ақын келбеті
- 2.2 Сатирик - жазушы

Қорытынды

Қолданылған әдебиеттер

Зерттеудің өзектілігі: Хасен Зәкәрия – біз біле бермейтін қазақтың дара да, дана тұлғасы. Жерлес ақын, сатирик-жазушы, тілші, айтыстың майталманы Хасен Зәкәрияның өмір жолы, қызметі, шығармашылығының шынайылығы көкейкесті. Тақырып өзектілігі осында.

Зерттеудің мақсаты: Хасен Зәкәрия мұрасы – жан-жақты мұра. Оның жыр, сыр әлеміне, әңгімелері мен сатиралық қалжыңдарына терең бойлау арқылы біз білмей жүрген дара да, дана екендігін ашу.

Зерттеудің міндеттері:

- Хасен Зәкәрияның өмір жолын, қызметін, отбасын тану;
- Хасен Зәкәрияның өлеңдерінің тақырыптарын, идеясын ашу.
- Хасен Зәкәрия әңгімелерімен қатар

сатиралық қалжыңдарының мән-мағынасын, мазмұнын ашу.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер: сауалнама, жүйелеу, салыстыру, әңгімелесу, талдау.

Қолданылатын көрнекі құралдар: таныстырылдым, отбасымен түскен фотолар, шығармалары жарық көрген кітаптар көрмесі.

Кіріспе бөлімде зерттеудің өзектілігі, мақсаты, міндеттері көрсетілді. Хасен Зәкәрия өмірі, қызметі тарауы «Хасен Зәкәрияның өмір жолы» және «Отбасы - ошақ қасы» атты бөлімдерден тұрады. Алғашқы бөлімнен ақынның туған жері, шыққан ортасы, алған білімімен, қызметімен танысамыз. Осындай деңгейге жетуге, табиғи дарынынан басқа, қолдау көрсеткен отбасы туралы білеміз. Екінші Хасен Зәкәрия шығармашылығы тарауы «Ақын келбеті» және «Сатирик – жазушы» деген бөлімдерден тұрады. «Ақын келбеті» бөлімінде «ақын» деген ұлы атқа лайық екендігі дәлелденеді. Өлеңдеріндегі әлеуметтік өмір шындығы, халықтың тұрмыс-тіршілігі, салт-сана ерекшелігі, еліне, жеріне, халқына деген сезімі, сүйіспеншілігі, досқа адалдығы аңғарылады. Хасен жырлаған тақырыптар қиялдан туған емес, өмірдің өз болмысынан туған шынайылық екені дәлелденеді. «Сатирик – жазушы» бөліміндегі әңгімелері, қалжыңдарының басты кейіпкерлері ел ішіндегі қарапайым халық, шынайы ауыл өмірі. Ауыл адамдарының арасындағы жылы қарым-қатынас, мейірімділік сипатталады.

Тақырыпты ашу мақсатында Хасен Зәкәрияның қаламынан туындаған өлеңдерінен, әңгіме, қалжыңдарынан үзінді келтірілді. Жерлес ақын, жазушы, тілші Хасен Зәкәрияның мұрасы мәңгілік.

Қорытынды бөлімде зерттеу жұмысына қорытынды жасалды. Ақынның өмірі мен ісі халықтың өнегелі қазынасына айналған тіршілігі мен игілікті ісі жөнінде жазу біздің міндетіміз. Өйткені үлкен адамдар туралы жазу дегеніміз, олардың өмір тарихын зерттеу болып табылады. Олардың игілікті істерін, тіршіліктегі ғибратын кейінгі буындар тек ойланып, жіті зерттесе ғана іске асырып, бойына сіңіріп, өз игілігіне пайдалана алмақ. Өнегелі адамдардың өмір тарихында өз кезіндегі тіршілік жетістіктері, тәжірибесі жинақталған. Бұл тәжі-

рибені мейлінше пайдаланбайынша халықтар алға қойған мақсатына жету жолында ойдағыдай жедел ілгерілей алмас еді. Бүгінде аса дарынды ақын, жазушы, тілші, қоғам қайраткері Хасен Зәкәрия қызметі, мамандығы, лауазымы және қоғамдағы орны жағынан ерекше оқшау тұратын адамдар қатарына жататына ешкім де шүбә келтірмес. Ендеше ағаның бір өзін бірегей құбылыс деп те қарастыруға болады.

Зерттеу жұмысын дайындауында алға қойған мақсат-міндеттер жүзеге асты. Жоба баяндама түрінде облыстық деңгейде Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжінде өткен ғылыми-шығармашылық конференцияда презентация көмегімен қорғалып, марапатқа ие болды.

Қазіргі бәсекесі заманында тек білімді, жан-жақты дамыған тұлға қоғамға пайдасын әкеледі. Сондықтан жоба әдісі жеке тұлғаны қалыптастыруда маңызы зор. Зерттеу жұмыстарын дайындауда жоба әдісін қолдану өте тиімді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дьюи Дж. "Школа и общество" (1925) - цит. "Педагогическая логика. 2003/04 учебный год. Метод проектов в школе" / "Лицейское и гимназическое образование", вып. 4, 2003. - с. 4.
2. Килпатрик У.Х «Метод проектов. Применение целевой установки в педагогическом процессе». (1928) – цит. по «Педагогическая логика. 2003/04 учебный год. Метод проектов в школе» / Спец. прилож. к журналу «Лицейское и гимназическое образование», вып. 4, 2003
3. Хамитова Ғ. Қазақ тілі сабағында жаңа технологияны қолдану // «Қазақ тілі: әдістеме», №7, 2014 ж.
4. Пахомова Н.Ю. Проектное обучение – что это? // Методист, №1, 2004 – С. 42
5. Хасен Зәкәрия. Қалжыңға қалай қарайсыз. - Алматы, 2014.
6. Хасен Зәкәрия. Бір үзік сыр. - Алматы, 1995.
7. Хасен Зәкәрия. Төртінші мүшел. – Алматы, 2008.

УДК 371

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ КҮЗІРЕТТІЛІГІН ДАМУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Бақытбекқызы Б.

Бағалау үрдісін анықтайтын бірқатар анықтамалар бар және осыдан шығатын болсақ, мұғалімдердің түсінігінде мектепшілік бағалаудың және оны іс-жүзінде пайдаланудың бірнеше ұқсас түрлері бар.

Б. Бойл, М. Чарльз, 2010

Қазіргі таңда Қазақстанда әлемдік білім беру кеңістігіне кіруге бағытталған жаңа білім беру жүйесі құрылуда. Білім беру парадигмасының орын алмасуы: жаңа мазмұн, өзгеше жағдай, өзгеше қарым-қатынас, өзгеше тәртіп, өзгеше педагогикалық менталитет қалыптасуда. Білім беру мазмұны жаңа ақпарат алмасу, ғылым мен нарық практикасындағы проблеманы шығармашылық түрде білім беру процесінде жеке тұлғаға бағытталған дағдылармен байытылуда. Педагогикалық технологиялар, жалпы білім беру деңгейіне барабар ғылымның рөлі артып келеді.

Жаңа инновациялық технологияларды пайдалану заман талабы. Қазіргі жаңа талаптар оқушыға емес, қазіргі заман мұғаліміне қойылады, мұғалімдер тек «сабақ беруші» ғана емес, баланың оқу ортасын құра арлайтын адам болуы керек. Педагогикалық технологияларды іске асыру үшін қалыпты емес жағдайда жұмыс істей алатын, технологиялық ұйымдастырылған білім беру процесін түсінетін, жаңа рөлді қабылдай алатын педагог болуы қажет. Ол үшін ол жаңашылдыққа дайын болуы керек. Оқу процесінің тиімділігін арттырудың бірден-бір жолы - заманауи педагогика-

калық технологияларды қолдану. Жаңа заман мұғалімдерінің білім мазмұнына өзгеріс енгізе алатын, оқыту мен тәрбиеге жаңа әдістер мен технологияларды енгізе алатын зор шығармашылық әлеуеті бар. Озық технологияларын қолданып, білімді меңгерту әдістері жетілдіргенімен бағалау бұрынғы жүйеде қалды. Сондықтан оқушы танымындағы өзгерістер мен жетістіктерді бағалау сипаты арасында қайшылықтар қалыптасты. Әлеуметтік сұраныстардың өзгеруі білім сапасын бағалау жүйесін жаңартуды талап етіп отыр.

Осыған байланысты оқушылар арасында өзара түсіністік және ұжымды қарым - қатынасты орнату, оқушылардың өздеріне деген сенімсіздіктерін жою, мүмкіндіктерін арттыруға жол ашу үшін критериалды бағалауды қолдану керек. Критериалды бағалау жүйесінде ең маңызды нәрсе – оқу процесінің өзі, сол арқылы оқушы өзін-өзі бағалауды үйреніп, өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көріп, әрі қарай қалай даму керектігін түсінеді, яғни бұл жүйеде оқушының қалай жұмыс жасағаны, қалай ойланғаны бағаланады. Бағалауды өткізу үшін, оқушылардың нені білетіндігін және не істей алатындығын анықтау қажет.

Оқыту – мұғалімдердің оқушыларға жасаған сыйы емес, бұл құзіреттіліктер білім алу үшін оқушылардың өздері де оқу үдерісіне белсенді қатысуын талап етеді. Критериалды бағалаудың басты ерекшелігі алдын ала ұсынылған бағалау шкаласы, анық, айқындылығы, бағаның әділдігі, баланың өзін бағалауға мүмкіндіктің берілуі. Бұл тәсіл баланың күнделікті алған білімінің меңгеру деңгейін анықтайды. Негізгі бақылау жұмысына дейін білімін жүйелейді. Қателіктерден сабақ алуды үйретеді.

Критериалды бағалауды енгізудің мақсаты: мектепте оқыту сапасын жоғарылату; мектеп бітірушілердің білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру.

Критериалды бағалаудың міндеттері: сабақтың әр бөліктеріндегі әр оқушының дайындық деңгейін анықтауға; бағдарламаға сәйкес оқу мақсаттарын орындау қабілеті; жеке оқушының даму жетістігін бақылауға; оқушының білім алу барысындағы қателіктері мен олқылықтарын айқын-

дауға; әр түрлі жұмыс барысындағы алған өз бағасының әділдігіне көзін жеткізуге; оқу бағдарламасының тиімділігін саралауға; сабақ үдерісі мен білімнің меңгерілуі туралы оқушы мен мұғалім және ата-ана арасындағы кері байланысты қамтамасыз ету.

Критериалды бағалаудың маңызы:

Мұғалімдер үшін:

- Сапала нәтижеге әкелетін критерийлер құрастыруға;
- Өз іс-әрекетін саралап және болашаққа жоспарлай алатын мәліметтер алуға;
- Сабақ берудің сапасын арттыруға;
- Оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың әр тұлғаға арналған ауқымын жоспарлауға;
- Бағалаудың әртүрлі әдістерін пайдалануға;
- Оқу бағдарламасын қолжетімді ету үшін ұсыныстар енгізуге

Оқушылар үшін:

- Танымдық қабілеті мен ойлау деңгейін арттыратын оқытудың әртүрлі әдістерін пайдалануға;
- Табысқа жетелейтін бағалау критерийлерін түсінуге;
- Өзін және өзгелерді бағалау арқылы кері байланысқа түсуге;
- Сыни ойлауына, еркін ойын айтуына, өзінің білімін көрсетуге

Ата-аналар үшін:

- Баласының білім сапасының дәлелдемелерімен танысуға;
- Оның оқуындағы табыстылықты бақылауға;
- Оқуына қолдау көрсету үшін бағыт алуына мүмкіндік туғызады.

Критериалды бағалау жүйесінің тиімділігі: мұғалімге оқушының оқу жетістіктерін объективті түрде бағалауға мүмкіндік береді; оқушыларға оқу үдерісі барысында туындаған қиындықтарды түсінуге, бағалауға мүмкіндік береді; ата-аналар оқушының оқу жетістіктер бойынша объективті дәлелдемелермен қамтамасыз етіледі;

Критерийлер – оқытудың міндеттерін жүзеге асыратын өлшемдер, атап айтқанда, оқушылар жұмыс барысында орындайтын іс-әрекеттер тізбесі.

Дескриптор - жетістік деңгейінің сипаттамасы.

Кесте 1. Критерийдің мазмұны

	Критерийлер	Дескрипторлар
А	Білу және түсіну	Жекелеген сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасы мақсатына сәйкес келетін нақты фактілерді, ақпараттар және сипаттамаларды білу және жаңғырту. Алынған ақпаратты талдау, қайта жаңғырту, болжау жасау арқылы түсінгендігін көрсете білу
В	Қолдану	Бұрын алған ақпараттар мен білімдерін жаңа немесе таныс емес жағдайларда және контекстерде қолдану, пайдалану. Білгенін, түсінгенін, дағдыларын сабақ барысында қолдану арқылы көрсету Әр сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін білімдерін қолдануды көрсетудің жолдары: практикалық жұмыс, диаграммалармен жұмыс, кескін картада жұмыс жасай алуы, есептер шығару, жобалар, мәселені шешу және жаңа нәтижелер ойлап табу болып табылады
С	Сыни ойлау және зерттеу	Білім көзінен алған ақпараттарды талдау, синтездеу, бағалау арқылы пікірлер қалыптастыру. Жекелеген сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін ақпараттар мен нәтижелерді жинақтай алу және оларды талдай алу қабілеттілігін көрсету. Ұсынылған болжамдарды дұрыс ақпараттар жинақтау және деректерді пайдалану арқылы зерттеп, бағалап, өз бетімен қорытынды жасау. Әр сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін жасалған қорытынды жайында ой қозғау қабілеттілігін көрсету.
Д	Коммуникация және рефлексия	Әр сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін ақпараттар, факттар мен ойларын, пікірлерін ауызша және жазбаша ұсыну. Басқа адамдар ұсынған ақпаратты тыңдап және сәйкесінше жауап қайтара алу қабілеттілігін, басқа адамдардың көзқарасын қабылдай отырып, өз көзқарасын түсіндіру арқылы ортақ ойға келу. Айтылған ойларды, пікірлерді, оқиғаларды ой елегінен өткізу арқылы шешім қабылдау немесе ой толғаныс нәтижесінде іс-әрекет жасау.

Критериалды бағалау технологиясы оқушы бойында өзін-өзі бағалау, өз іс-әрекетіне баға беру, жауапкершілік қабілетінің дамуына ықпал етеді.

Сурет 1. Критериалды бағалаудың түрлері



Критериалды бағалау жүйесі бұрынғы бағалауға қарағанда қалыптастырушы және жиынтық бағалаумен ерекшеленеді. Қалыптастырушы бағалау оқытуды, әдістерді және осы мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін жақсарту мүмкіндіктерін анықтауға бағытталған болса, жиынтық бағалау мақсатты баға қою және сертификаттау немесе оқытудың алға жылжуын тіркеу үшін оқыту қорытындысын шығару үшін қажет. Критериалды бағалау міндеттері оқу үрдісінің әрбір кезеңінде оқушының дайындық деңгейін анықтауға, оқу бағдарламасына сәйкес оқытудың мақсаты мен нәтижелерінің жетістіктерін оқушылардың өздерінің талдауына, оқу бағдарламасын меңгерудегі олқылықтарды жою үшін оқушыларды ынталандыруға, сондай-ақ оқу бағдарламасының тиімділігін бақылауға, оқу үрдісін ұйымдастырудың және оқу материалын меңгерудің ерекшеліктерін анықтау үшін мұғалім, оқушы және ата-ана арасында кері байланысты қамтамасыз етуге негізделген. Осы орайда критериалды бағалаудың артықшылықтарына назар аударуға болады: Оқушылар нәтижені талдау үшін бағалау критерийлерін білуге, түсінуге, рефлексияға қатысуға, яғни өзін және өз достарын бағалауға, нақты тапсырмаларды орындауда өз білімдерін қолдануға, ойларын еркін жеткізе білуге, сын тұрғысынан ойлай білуге дағдыланады. Қалай оқу керектігін пайымдайды. Критериалды бағалау мұғалімдер үшін де сапалы нәтиже алуға ықпал ететін критерийлерді құрастыруға, өз жұмысын талдап, жоспарлау үшін ақпарат алуға, оқу үрдісінің сапасын жақсартуға, әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, бағалаудың әр түрлі тәсілдері мен құралдарын қолдануға, оқу бағдарламасының мазмұнын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге мол мүмкіндік береді. Біз «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы оқушыларының оқу

жетістіктерін критериалды бағалаудың ережелеріне сүйене отырып, оқушыларды жақсы оқуға жетелеп, оның өсу қарқыны мен біліміндегі ақауларды анықтауға болатындығына көз жеткізіп келеміз. Тапсырманы орындау барысында оқушыларға ең алдымен критерий таныстырылып, олардың неден бағаланатынын айту керек. Оқушы бірте-бірте өзі де назар аударатын болады. Критерийлер оқу тапсырмасының дұрыс орындалу жолдарының айқын, нақты көрсетілген көрсеткіштерінен тұрады, ал сол көрсеткіш бойынша бағалау – оқушының белгіленген мақсатқа қаншалықты жеткендігінің дәрежесін анықтау. Ол тіл пәндерінде «тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым» деп аталады. Оқу мақсаттары оқушы бойында осы дағдылардың қалыптасуына негізделген. Сабақтарда белсенді іс-әрекеттерді, топтық жұмыстарды ұйымдастыра отырып, оқушыны білуге жетелеу, ұмтылдыру мұғалімнің кәсіби шеберлігін қажет етеді. Болашақ мұғалімдердің критериалды бағалау құзыреттілігінің негізгі құрылымдық компоненттерін анықтауда Ш. Таубаева, С. Мирсейітова, В.Е. Гаибова мен А.П. Чернявская, Г.Ж. Менлибекова, М.Ж. Жадрин, Д.П. Мучкин, А. Арғымбаева, К.Л. Кабдолова мен Г.У. Кунакова, А.А. Жайтапова, Ш. Курманалина, А.К. Мынбаева, Т.Е. Исаева, А.В. Хуторской, В.Д. Шадриков, Дж. Равен, Ю.Г. Татур, И.А. Зимняя, В. Байденко, С.Е. Шишов, Т. Баймолдаев, Ә.А. Саипов, К.Ғ. Ахметов, Н.И. Кабушкин, Р.С. Галькович және В.И. Набоков, О.С. Виханский және А.И. Наумов, Х.Ф. Ходеев, Е.Ф. Чапаева, М. Вудкок және Д. Фрэнсис еңбектері басшылыққа алынды. Соның негізінде болашақ мұғалімдердің критериалды бағалау құзыреттілігі дамуының өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлері анықталды (2-кесте).

Кесте 2. Болашақ мұғалімдердің критериалды бағалау құзыреттілігі дамуының өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлері

Компоненттері	Өлшемдері	Көрсеткіштері		
		Төмен	Орташа	Жоғары
Мотивациялық – эмоционалдық компонент	- бағалау критерийлерін қолдануға қызығушылығының болуы; - балалар білімін критериалды бағалауға ұмтылыстың болуы	- бағалау критерийлерін қолдануға деген ынта-сының төмен болуы; - оқушылар білімінің критериалды бағалау құрылымының мүшесі болуға ұмтылысының болуы.	- бағалау критерийлерін жүзеге асыруға ықыласының болуы; - оқушылар білімін критериалды бағалау құрылымына қатысу арқылы әділ баға беруге ұмтылысының болуы.	- бағалау критерийлерін өз мүмкіндіктерін жүзеге асыру құралы ретінде қызығушылық танытуы; - оқушылар білімін критериалды бағалауда өз мүмкіндіктерін сынауға ұмтылысының болуы
Танымдық - Формативті бағалауды түсіну, білу; - Критериалды бағалауды түсіну, білу;	- оқу үдерісіне қызыға араласуы; - критериалды бағалаудың мәнін түсінуі; - критериалды бағалау элементтерін білуі; - критериалды бағалау туралы білімдерін өзін-өзі дамытуда қолдану мүмкіндіктерін білуі.	- оқу үдерісіне қызықпауы; - критериалды бағалау элементтерін білмеуі немесе толық түсінбеуі; - критериалды бағалау туралы білімдерін өзін-өзі дамытуда дұрыс қолдана алмауы	- критериалды бағалаудың бірқатар элементтерін ғана білуі, бірақ оларды қолдану мүмкіндігін дұрыс білмеуі; - критериалды бағалау туралы білімдерді өзін-өзі дамытуда қолдана алуы.	- критериалды бағалау элементтерін білу және саналы түрде балалар білімін іс-әрекетін ұйымдастыруда қолдана алуы; - бағалау туралы білімдерін өзін-өзі дамытуда және басқа салаларда тиімді пайдалана алуы.
Іс-әрекеттік компонент критериалды бағалаудың ішінде формативті бағалауды практикада қолдана алу	- оқушылардың оқу нәтижелерін бағалауда критериалды бағалаудың стратегияларын қолдана алу; - пән бойынша бағалау критерийлерін жасай алуы.	- оқушылардың оқу нәтижелерін бағалауда критериалды бағалаудың стратегияларын дұрыс қолдана алмауы; - пән бойынша бағалау критерийлерін жасай алмауы;	- оқушылардың оқу нәтижелерін бағалауда критериалды бағалаудың стратегияларын еркін қолдана алуы; - пән бойынша бағалау критерийлерін әрдайым қолдана алмауы.	- оқушылардың оқу нәтижелерін бағалауда критериалды бағалаудың стратегияларын тиімді жүзеге асыра алуы; - пән бойынша бағалау критерийлерін тиімді қолдана алуы;

Болашақ мұғалімдердің критериалды бағалау құзыреттілігінің жоғарыда көрсетілген деңгейлері оқушылардың білімдерін дұрыс бағалау құзыреттіліктерін дамыту жағдайын анықтауға және оларды қалыптастыруға бағытталған тиімді жұмыс жүй-

есін құруға мүмкіндік береді.

